

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



**Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз
мінез-құлқын қорғау**

Әдістемелік ұсынымдар

**Нұр-Сұлтан
2022**

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама)

Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 176 б.

Әдістемелік құрал білім алушылардың репродуктивті денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау саласындағы халықаралық және отандық тәжірибені талдау негізінде Қазақстандағы жалпы орта білім беру ұйымдары үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Ұсынымдар Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарының барлық педагогикалық қоғамдастығына арналған.

© Б. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

КІРІСПЕ

Білім адамдарға салауатты және қанағаттанарлық өмір сүру үшін қажетті білім, дағдылар мен құндылықтарды алуға көмектеседі. Балалар мен жастардың білім алуға, атап айтқанда, өздерінің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін білім және ақпарат алуға құқығы бар. Білім алушылардың денсаулығына, өмір салтына байланысты мәселелерді шешу денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы ұлттық мақсаттарға жету үшін маңызды болып табылады.

Өмір салты – адам денсаулығының таптырмас шарты болып табылады. Денсаулықты сақтау және нығайту адамның мәдениетіне тікелей байланысты, яғни әрбір адам сау болу өнерін меңгеруге ұмтылуы тиіс деген пікір бар.

Денсаулық дегеніміз – бұл тұлғаның бойында ауру немесе физикалық кемшіліктің болмауы емес, оның физикалық, психикалық және әлеуметтік жағынан толық салауаттылық жағдайы деп айтуға болады [1].

Денсаулық – кез келген адамның, соның ішінде баланың да өмірі және өмірлік ресурстарының негізгі көрсеткіші болып табылады. Мектеп оқушыларының денсаулығын нығайту және сақтау көп жағдайда білім беру ортасының жағдайына байланысты болады. Қазіргі қоғамда жалпы білім беру процесінде денсаулықты сақтау мәселесі ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып қала береді, өйткені балалардың денсаулығы еліміздің болашақ ұрпағының салауатты дамуының көрсеткіші болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «репродуктивті денсаулық» терминіне – бұл адамның репродуктивті жүйесінде, қызметтері мен процестерінде аурудың немесе сырқаттың болмауы ғана емес, сонымен қатар оның физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайының толық саулығын білдіреді деген анықтама береді [2].

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінде «Репродуктивтік денсаулық – адамның толыққанды ұрпақты өмірге келтіру қабілетін көрсететін денсаулығы деп көрсетілген [3].

Бұл термин қоғамдағы бала туу мен өлім арақатынасы деңгейін зерттейтін демографиялық ғылыммен тікелей байланысты. Бірақ репродуктивті денсаулық адамның жалпы денсаулығының бөлігі болып табылады, ол физикалық, рухани және әлеуметтік салауаттылықты қамтиды [4].

«Қауіпсіз өмір салты», «қауіпсіз мінез-құлық» ұғымының ресми түсіндірмелері мен терең зерттеулері жоқ. В.В. Гафнердің пікірінше, «қауіпсіз өмір салты», «қауіпсіз мінез-құлық» ұғымдарын кең мағынада қарастыратын болсақ адамның күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлқының нормалары мен ережелері, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдары туралы қалыптасқан пікір болып саналады.

Сонымен қатар, ол қауіпсіз өмір салты туралы тар мағынада да анықтама береді. Яғни, «адамның қауіпсіз өмір салты – ол күн сайын адам қауіпсіздік нормалары мен ережелерін, мінез-құлқының уақытқа тұрақты жеке түрін орындауға негізделеді, сондай-ақ оның әлеуметтік-мәдени құндылықтар

жүйесін, басымдықтары мен артықшылықтарын бейнелейді және тіршілікті сақтауды қамтамасыз етеді» деп түсіндіреді [5].

Денсаулық және қауіпсіз өмір салты мәдениеті қоғамға тән және адамдарға қамқорлық көрсетуге бағытталған өмір салтының қырын бейнелейді. Денсаулық және қауіпсіз өмір салты мәдениеті жастардың жеке басы қызметінің тұлғалық және қоғамдық денсаулықты нығайту мен дамыту бағытында белгілі бір бағдарын білдіреді [6]. Сөйтіп, денсаулық мәдениеті мен қауіпсіз өмір салты/қауіпсіз мінез-құлық салты жеке тұлғалардың өздерінің әлеуметтік, психологиялық, физикалық мүмкіндіктері мен қабілеттерін жеке және уәждемелік бейнелеуімен байланысты болады.

Кез келген білім беру ұйымы – әлеуметтік институт, бұл жерде балалар қоршаған әлемді тануда алғашқы қадамдарын жасаумен, жазу мен оқуды үйрумен қатар, нәзік жандылар өкіліне қамқорлық жасауға, сыныптағы сыйластық қарым-қатынасты сақтауға үйренеді. Әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алғанда білім алушыларға репродуктивтік денсаулық саласындағы тәрбие беру – бұл әртүрлі адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды қалыптастыруға, олардың денсаулығына жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған тәрбиелік, ағартушылық, психологиялық, денсаулықты сақтау ықпалдарының біріктірілген жүйесі, сонымен қатар болашақ ұрпақтың денсаулығына жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Адамгершілік принципі заңгерлік және құқықтық бастамалардан жоғары болуы, яғни адамгершілік және репродуктивті денсаулыққа тәрбие баланың жалпы дамуында маңызды орын алуы тиіс. Кез келген баланың отбасы, моральдық нормалар туралы қоғамда әлеуметтенуіне қажетті қарапайым түсініктерінің болуы қажеттігі сияқты адамзаттың гендік жіктелісі болатынынан да хабардар болуы керек.

Балалардың адамдар арасындағы, қоғамның қарым-қатынас саласындағы адамгершілік мәдениетті меңгеруі; өскелең ұрпақтың бойында жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу; адамзаттың табиғи жаратылысындағы ұл, қыз ретінде өзіне, басқа адамдарға деген құндылық көзқарасын қалыптастыру; өзінің әлеуметтік рөлін меңгеруі репродуктивтік денсаулық туралы, соның ішінде репродуктивтік тәрбие берудің басты мақсаты болып табылады.

Білім өскелең ұрпаққа берік моральдық принциптерді, көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға қажетті білім береді, бұл өз кезегінде салауатты мінез-құлық үлгілерін қабылдауға ықпал етеді. Алайда, білім берудің өзі мінез-құлықты өзгертуді қамтамасыз етуге әкелмейді. Мәдени нормалар мен отбасылық жағдайлар, сондай-ақ жастардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын денсаулық сақтау және әлеуметтік-психологиялық қызметтердің болуы және қолжетімділігі – олардың мінез-құлық мен денсаулығына әсер етеді. Сондықтан, жалпы білім беру ұйымдарының білім алушылары мен жастар сенімді және маңызды ақпарат алу, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларына қосымша, репродуктивті денсаулықты сақтау саласы бойынша кеңестер мен қызметтерге қол жеткізуі керек.

Сондай-ақ, профилактикалық білім беру жастардың репродуктивті денсаулығының әртүрлі қажеттіліктерін шешуге және оларға салауатты қарым-қатынас орнатуға қажетті дағдыларды дамытуға көмектесуі тиіс.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулыққа және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына деген көзқарасын құндылық ретінде қалыптастыру әртүрлі сала мамандарының өзара тығыз әрекеттесу қажеттілігін талап етеді. Бұл сондай-ақ, көптеген адамдар отбасын балалар мен жасөспірімдерді адамгершілік және эмоционалдық тәрбиелеудің маңызды факторы деп санағанымен, сонымен қатар отбасы адамдар арасындағы қарым-қатынастар және репродуктивті денсаулықты сақтау туралы толыққанды тәрбие бере алмайтындықтан маңызды, өйткені ең алдымен көптеген ата-аналардың өздерінің репродуктивті денсаулық мәселелері саласындағы білімінің жеткіліксіз болғандығына байланысты. Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру қызметін басқа әлеуметтік институттар және ең алдымен мектеп атқарады.

Мектеп барлық жастарды қамтитын жалғыз мемлекеттік ұйым болып табылады, сондықтан білім беру ұйымдарында репродуктивті денсаулық жөніндегі білімді ең қажет ететін жастар тобына жеткізудің бірегей мүмкіндігі бар. Жас және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен қатар әдепсіздік пен шамадан тыс мазалауға және бұл салада тәрбие берудің озыңқы сипатына жол бермей балалар мен жасөспірімдердің бойында өздерінің репродуктивті денсаулығына құндылық көзқарасының негізін қалау мектептің міндеті болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Міндеттері:

- оқушылардың репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу;
- репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша отандық тәжірибені зерттеу;
- мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

1 Оқушылардың репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғаудың халықаралық тәжірибесі

Соңғы уақытта білім беру процесі аясында жүзеге асырылатын денсаулық сақтау технологияларына көп көңіл бөлінуде. Білім алушылардың репродуктивтік әлеуеті олардың денсаулығының жай-күйін сипаттайтын маңызды шарттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты жасөспірімдерді ақпараттандыру мен тәрбиелеу олардың болашақта ұрпақты болуына қатысты денсаулығының бұзылуының алдын алудың негізгі бағыттарының бірі болып табылатынын атап өткен жөн.

Балалар мен жастардың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғаудың, және жалпы дамуын қолдаудың маңызды факторы болып табылатын репродуктивті денсаулық туралы білім беру, олардың жан-жақты дамуына және жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

Әртүрлі халықаралық конвенциялар мен декларацияларда айқындалған және ұлттық заңнамада бекітілген балалардың және жасөспірімдердің денсаулықтарын сақтауға, білім алуға және ақпаратқа қол жеткізу құқығын мемлекеттің мойындауына олардың денсаулығын сақтайтын және насихаттайтын ақпараттық білім беру және қызметтерге қол жеткізу міндеті жүктеледі.

Мектептер оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығын жақсартуға ықпал ете алады. Алайда денсаулықты нығайту көбінесе мектептің білім беру мақсаттарына кірмейді, өйткені мектептің негізгі міндеті оқыту болып табылады.

Білім беру және денсаулық сақтау салаларын біріктіру, сонымен қатар мектептегі білім алушылардың және барлық қызметкерлердің денсаулығын жақсартуға қол жеткізу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДСҰ) өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсілін әзірледі. ДДСҰ мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерінің белсенді қатысуымен тұрақты мониторинг пен бағалауды жүргізумен қатар, тек сынып бөлмесінің саниатарлық жағдайын сақтауға ғана емес, сонымен қатар салауатты мектеп ортасын, мектеп саясаты мен оқу бағдарламаларын құруға баса назар аудара отырып, жалпы мектептік тәсілді жақтады. Бұл қазіргі кездегі денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсіліне айналды, яғни олар Еуропадағы Денсаулық мектептерімен анықталатын. Бұл мектептерді «барлық оқушылардың, сондай-ақ оқытушылық және оқытушылық емес персоналдың денсаулығын сақтаудың, әл-ауқатының және әлеуметтік капиталын дамытудың құрылымдалған және жүйелі жоспарын іске асыратын мектеп» деп түсіндіруге болады.

Дүние жүзінде денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсілін көптеген анықтамалары болғанына қарамастан, олардың барлығының ұқсас базалық принциптері немес Еуропадағы Денсаулық мектептері анықтаған бес мәні бар. Олар:

1) әділдік – білім алу мен денсаулықты сақтауға баршаға бірдей қолжетімділікті білдіреді;

2) тұрақтылық – денсаулық, білім беру және дамуды байланыстырады. Бұл бағыттағы іс-шаралар және бағдарламалар ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде іске асырылады;

3) инклюзивтілік – әр түрлілікке бағытталған: мектептер әркім сенім мен құрметті сезінетін оқу қауымдастықтары ретінде қарастырылады;

4) құқықтар мен мүмкіндіктердің кеңейтілуі – мектеп қауымдастығының барлық мүшелерінің белсенді қатысуын білдіреді;

5) демократия – бұл денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер, олар еркін сөйлеуге, шешімді бірге қабылдауға және көпшіліктің шешімін құрметтеуге тең құқықтық құндылықтарға негізделген.

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсілінде келесі негізгі алты компонентке назар аударылады:

1) салауатты мектеп саясаты;

2) мектептің физикалық ортасы;

3) мектептің әлеуметтік ортасы;

4) жеке тұлғаның денсаулығы дағдылары және практикалық дағдылар;

5) қоғамдық өзара байланыстар;

6) медициналық қызметтер.

Барлық мектеп қоғамдастығы өз оқушыларымен, қызметкерлерімен және ата-аналарымен бірлесіп шешім қабылдау процесіне және бүкіл мектеп жүйесі бойынша денсаулықты нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысады, ал денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсілін іске асыру процесін қолдау және бағалау үшін мониторинг пен бағалауды қамтиды.

Сонымен қатар, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер өз қызметінде келесі бес бағытты ұстанады:

1) денсаулықты сақтаудың жалпы мектептік тәсілі. Сыныптағы санитарлық ағартушылық саласындағы білім беру мектептегі денсаулық сақтау саясатын, салауатты мектеп ортасын, бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуымен өмірлік құзыреттілікті және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізуді дамытумен ұштастырады;

2) оқушылар, мектеп қызметкерлері және ата-аналар арасында мектептің денсаулық саласындағы өміріне қатысу, оған тиесілік сезімі болады;

3) мектеп сапасы, денсаулық сақтауды насихаттайтын мектептер сабақ беру мен оқытудың неғұрлым жақсы процестері мен нәтижелерін жасайды, бұл ретте дені сау оқушылар жақсы оқиды, ал дені сау қызметкерлер жұмысты жақсы істейді;

4) қазіргі кездегі бар және жүргізіліп жатқан зерттеулерге негізделген дәлелдер, жаңа тәсілдер мен практикалар;

5) мектеп пен қауым, мектептер қоғамды дамытудың белсенді агенттері ретінде қарастырылады.

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер тәсілін енгізу мектептегі жағдайдан бөлек, жеке қарастырылуы мүмкін емес. Еуропаның Денсаулық

мектептерінде бұл тәсіл тиімді және тұрақты нәтиже беруі үшін әр мектепте жеке қарастыруды талап етеді. Сондықтан, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептің ерекше тәсілі жоқ және оның табысты жүзеге асуы әр мектептің алдын ала белгілеген жеті спектрінің орындалу жағдайына байланысты деген қорытынды жасауға болады. Бұл тәсіл білім алушылардың, мектеп мұғалімдерінің және ата-аналардың жалпы денсаулық жағдайын жақсартуды және сақтауды көздейді [7].

Репродуктивті денсаулық саласында білім беру үшін халықаралық деңгейде түрлі терминдер қолданылады. Еуропа елдерінде «репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру», «репродуктивті денсаулықты сақтаумен ұл-қыздың сыйластық қарым-қатынас жасауы туралы білім беру», «өмірлік қажетті дағдыларға үйрету», «адамгершілік және репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі» тәрізді терминдерді жиі қолданады. Кейбір елдерде қолданылып келген «отбасылық өмірге оқыту» термині қазіргі кезде сирек кездесетін болып жүр, себебі ол өзінің құрамына репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру үшін маңызды болып табылатын элементтерді өте аз қамтиды деп саналады. Еуропа елдерінің мектептеріндегі репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беру негізінен оқу пәндерінің мазмұнына кіріктірілгендіктен («автономды» бағдарламалар сирек кездеседі), ол көбінесе жеке оқу тақырыбы ретінде қарастырылмайды және өзіндік белгісі мүлдем жоқ. Осылайша, репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие жүргізілмеген сияқты болып көрінгенімен, Еуропа елдері мектептерінің басым көпшілігінде іс жүзінде бұл тақырып оқытылады.

195 мемлекет қол қойған Бала құқықтары туралы конвенцияға сәйкес балалардың жалпыға бірдей және ажырамас құқықтары бар, оның ішінде білім алу құқығы бар, олар баланың жеке басын, талантын және психикалық және дене қабілетін барынша толық көлемде дамытуға (28 және 29-баптар) және ақпарат алуға (13-бап) бағытталуы тиіс. Бала құқықтары туралы конвенцияға қол қойған мемлекеттер балалардың құқықтарын сақтауды, қорғауды және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Білім беру баланың жалпы дамуының ең жақсы мүдделері мен міндеттеріне, кемсітушіліксіз, оның көзқарасын құрметтеуге және оның белсенді қатысуына қызмет етуге тиіс. Денсаулық сақтау саласындағы біліктілік негізінде білім беру осы мақсаттарға қол жеткізу құралы болып табылады [8].

2000 жылдың сәуір айында Дакарда (Сенегал) Бүкіләлемдік білім беру форумында «Дакар» іс-қимыл шеңбері аясында өмірлік дағдыларды оқытуға және адамның имунтапшылық вирусы және жұқтырылған имунтапшылығының синдромына (бұдан әрі – АИТВ/ЖИТС) қарсы білім беруге қатысты элементтерді барлық оқу бағдарламаларында күшейтуді немесе енгізу ұсынылды. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру өмірлік дағдыларды дамытуға негізделуі тиіс. Білім беру саласының мамандарына көмек көрсету үшін 2010 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет саласындағы мамандандырылған мекемесі (бұдан әрі – ЮНЕСКО) Біріккен Ұлттар Ұйымының АИТҚ/ЖИТБ мәселелері жөніндегі бірлескен

бағдарламасымен (бұдан әрі – ЮНЭЙДС), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының қамқорлығымен жұмыс істейтін халықаралық ұйым (бұдан әрі – ЮНИСЕФ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Халық саны саласындағы қорымен (бұдан әрі – ЮНФПА) бірлесіп репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру жөніндегі халықаралық техникалық нұсқауларды жариялады. Аталған нұсқауларда мектептерде репродуктивті денсаулық бойынша білім берумен қатар өмірлік дағдыларды қалыптастырудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу және енгізу бойынша фактілер мен зерттеуге негізделген ұсынымдар баяндалды [8].

«Дакар» іс-қимыл шеңберіне сәйкес Дүниежүзілік білім беру форумына қатысушылар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО және Дүниежүзілік банк бірлесіп дайындаған мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға арналған Ресурстарды мектептерде денсаулықты қорғауды қамтамасыз етуге бағыттау (бұдан әрі – FRESH) атты бірыңғай негізді мақұлдады.

FRESH бастамасының мақсаты – мектептер бір жағынан білім алу үшін сау орынға, екінші жағынан балалар дені сау болуды үйренетін орынға айналуы үшін денсаулық сақтаудың тиімді, шынайы және нәтижеге бағдарланған бағдарламаларын қолдау болып табылады. Бұл бағдарламалар балалардың мектепте оқуға түсулеріне және білім алуларына, сондай-ақ өмір сүру дағдыларын дамытуға және салауатты өмір салты моделін қабылдауларын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

FRESH тұжырымдамасы барлық мектептерде іске асырылуы тиіс төрт негізгі компонентке (бағдарламалық қағидаттарға) негізделген, олар:

- мектептерде денсаулықты сақтау көмегіне тең қолжетімділік саясаты;
- қауіпсіз білім беру ортасы;
- дағдыларды дамыту негізінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру;
- мектептердегі денсаулық сақтау және тамақтану қызметтері [8].

Мектептерде денсаулық сақтауға тең қол жеткізу саясатын іске асыру білім алушылар мен педагогтердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау мен нығайтудың ұлттық стандарттары мен нормаларының болуын және олардың барлық білім беру ұйымдарында іске асырылуын болжайды. Мұндай саясат оқу процесіне қатысушылардың бәрінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жалпы білім беру ұйымдары әкімшілігінің, педагогтерінің, білім алушыларының, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастықтардың бірлескен күш-жігерінің есебінен білім беру ұйымдарында қолайлы климат құруға бағытталған.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру өмірлік дағдыларды дамытуға негізделуі тиіс. Мұндай тәсіл білім алу ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде қажетті проблемаларды шешу, шығармашылық және сыни ойлау, шешім қабылдай білу қабілеті тәрізді қарым-қатынастарды, құндылық бағдарлар мен танымдық, өзін-өзі сезіну, өзін-өзі бақылау және эмоцияға төтеп бере білу тәрізді эмоциялық дағдыларды, сондай-ақ қарым-қатынас, ынтымақтастық және келіссөз жүргізу қабілеті тәрізді тұлғааралық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

FRESH – мектептерде денсаулықты нығайтуға бағытталған кешенді және жан-жақты негіздемелік бастама, ол «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер», «Балаларға қолайлы мектептер» және тағы басқа да белгілі бастамалардың орнына немесе олармен қатар жүзеге асырылуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүкіл әлемде денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер құру бағдарламасын әзірлеуге бастамашы болды. Еуропа елдерінде бұл бастама ДДСҰ-ның Еуропалық өңірлік бюросының, Еуропалық кеңестің және денсаулықты нығайту мектептерінің Еуропалық желісін дамыту жөніндегі комиссияның қолдауымен жүзеге асырылуда. Денсаулықты нығайту саясатын іске асыратын мектептер балалар мен ересектердің қауіпсіз және салауатты әлеуметтік, дене және психологиялық ортаны қамтамасыз ету жөніндегі әлеуетін арттырады, оқушылардың өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді. Денсаулық сақтауды насихаттайтын мектептерде оқушылар салауатты өмір салтына бағытталған мінез-құлықтық көзқарастарды, жеке және әлеуметтік дағдыларды меңгереді әрі нығайтады, сонымен қатар бұл біліктер білім алушылардың академиялық оқу жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.

ДДСҰ-ның Еуропалық өңірлік бюросының, Еуропалық кеңестің және денсаулықты нығайту мектептерінің Еуропалық қауымдастықтары комиссиясының бірлесіп әзірлеген Денсаулықты нығайту мектептерінің тұжырымдамасы:

- мектеп ғимараттарын, ойын алаңдары мен асханаларды тиісті абаттандыру және қауіпсіздік шараларын қабылдау және т.б. арқылы мектептерде салауатты еңбек және оқу ортасын қамтамасыз ету;

- отбасында және қалың бұқара арасында жеке тұлғалардың денсаулығы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көмектесу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыруды ынталандыру және оқушыларға да, мектеп қызметкерлеріне де олардың өмір салтын жақсарту үшін шынайы және тартымды мүмкіндіктер аясын ұсыну;

- барлық оқушыларға өздерінің физикалық, психологиялық және әлеуметтік мүмкіндіктерін барынша ашуға, сондай-ақ олардың өзіне деген сенім сезімін дамытуға үлес қосуға мүмкіндік беру;

- барлық мектеп қоғамдастығының (оқушылар мен мектепте жұмыс істейтін ересектер) денсаулығы мен қауіпсіздігін нығайтудың нақты мақсаттарын белгілеу;

- педагог қызметкерлер мен оқушылардың арасында және оқушылар арасында, сондай-ақ мектеп, отбасы және жергілікті қоғамдастық арасында жақсы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету;

- денсаулықты нығайтуды қолдау үшін жергілікті қолжетімді ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

- оқушылардың өздері белсенді қатысуына ықпал ететін педагогикалық әдістерді қолдануды көздейтін кешенді және келісілген профилактикалық білім беру бағдарламасын әзірлеу;

- оқушыларға өз денсаулығына қатысты, сондай-ақ айналасындағы физикалық ортасын қорғауға және жақсартуға қажетті ұтымды шешімдер қабылдау үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беру;

- оқушыларға денсаулық сақтау қызметтерін неғұрлым білімді пайдаланушылар болуға көмектесу үшін денсаулық сақтау саласындағы білім берудің қосымша ресурсы ретінде мектептерде медициналық кабинеттердің кеңінен қолданылуына жағдай жасау [8].

Репродуктивті денсаулық жалпы денсаулықтың және адам дамуының маңызды орталықты бөлігі болып табылады. Ол әркімге, сонымен қатар өмірдің жеке және аса құнды жақтарына қатысты. Денсаулыққа байланысты көптеген проблемалар жасөспірімдік кезеңде, яғни мінез-құлықтың негізгі әдеттері қалыптасатын кезде туындайды.

Соңғы жылдары репродуктивтік жүйеге, оның функциялары мен процестеріне байланысты аурулардың немесе аурулардың жоқтығы ғана емес, дене, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы болып саналатын репродуктивті денсаулық мәселелеріне бүкіл әлемде көп көңіл бөлінді. Олар көптеген халықаралық конференциялар мен кездесулерде кеңінен талқыланады.

1994 жылы Каирде өткен Халықтың саны мен дамуы жөніндегі халықаралық конференцияға қатысқан 179 мемлекеттің өкілдері адамдардың өздерінің негізгі құқықтарын пайдалануы үшін болашақ ұрпақ денсаулығының маңыздылығын мойындады және репродуктивтік құқықтар тұжырымдамасын қабылдады. Тұжырымдама ересектер де, жас адамдар да репродуктивті денсаулық, оны сақтау, оның ішінде репродуктивті денсаулықты сақтамаудан берілетін инфекциялар мен қажетсіз жүктіліктің алдын алу жөніндегі толық және сенімді ақпаратты іздеуге және алуға құқылы болуын қамтамасыз етеді.

Соңғы уақытта жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығы проблемасы денсаулық сақтау саласының аясынан шығып келе жатқаны және қазіргі уақытта осы проблеманы шешуге ведомствоаралық көзқарастың негізделгені түсінікті болды. Бұл ретте денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау жүйелерімен, қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, сонымен қатар жасөспірімдермен және жастармен жұмыс істейтін басқа да құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау қажет.

Биологиялық факторларды (генетикалық мәртебені), әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайлардың әсерін жасөспірім баланың денсаулығын қалыптастыратын факторларға жатқызады. Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының, яғни болашақта ұрпақты болу жай-күйін медициналық-әлеуметтік проблемаға жатқызуға болады.

ДДСҰ және Халықаралық жоспарланған ата-аналар федерациясының (IPPF) анықтамасы бойынша, репродуктивті денсаулық туралы білім беру – бұл, ең алдымен жасөспірімдерді дұрыс және ғылыми негізделген ақпаратпен қамтамасыз ету, екіншіден – қарым-қатынас, сыни ойлау дағдылары, өзін-өзі жетілдіру, шешім қабылдау және жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті тәрізді негізгі өмірлік дағдыларға үйрету, үшіншіден – өзін-өзі бағалай білу,

ашықтық және т.б. жағымды көзқарастар мен құндылықтарды тәрбиелеу болып табылады. Репродуктивтік денсаулық туралы білім беру мен тәрбиенің биологиялық және физикалық, әлеуметтік және эмоциялық аспектілерін қоса алғандағы мәселелердің кең ауқымын қамтуы, сонымен қатар репродуктивтік денсаулық туралы білім беру бағдарламаларының мазмұны жасөспірімдердің жасы мен даму деңгейіне бейімделуі тиіс деп саналады [9].

Алайда, шет елдерде, балалардың репродуктивті денсаулығы негізінен үш аспектіден тұрады деп есептеледі:

- физикалық әл-ауқат;
- психикалық салауаттылық;
- әлеуметтік салауаттылық.

Балалардың физикалық саулығы олардың жалпы дамуы мен әл-ауқатының негізгі аспектісі болып табылады. Әртүрлі елдер бұл мәселеге әртүрлі көзқарастарды қолданады, соның ішінде сапалы тамақтануды қамтамасыз ету, белсенді өмір салтын үйрету және қауіпсіз жаттығу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

1-кесте

Физикалық әл-ауқатты арттырудағы халықаралық тәжірибе мысалдары

Мемлекет	Оқиғалар
Финляндия	Финляндияда дене тәрбиесіне үлкен көңіл бөлінеді. Мектептегі дене шынықтыру бағдарламалары ауқымды және әртүрлі спорт пен іс-шараларды қамтиды, бұл балаларға өздеріне ұнайтын нәрсені табуға және белсенді өмір салтын сақтауға көмектеседі.
Жапония	Жапонияда балалардың салауатты және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету үшін мектептегі тамақ мұқият бақыланады. Мектептегі түскі ас жиі жаңа піскен жемістер, көкөністер мен ақуыздарды қамтиды және ұсынылған күнделікті қоректік заттардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған.
Австралия	Австралия - ашық ауада белсенділік көп ел және бұл мектеп бағдарламасында көрсетілген. Тұрақты дене шынықтыру сабақтарынан басқа, көптеген мектептер жүзу, серфинг және ескек есу сияқты дағдыларға бағытталған бағдарламаларды ұсынады.
Швеция	Швецияда балалардың жас кезінен әл-ауқаты мен физикалық дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Мұнда дене шынықтыруға деген көзқарас ашық ауадағы жаттығуларды, ойын жаттығуларын және биді қамтиды
Сингапур	Сингапур дене шынықтыруға, оның ішінде дене шынықтыруды, салауатты тамақтануды және салауатты өмір салтын тәрбиелеуге кешенді көзқарасты қолданады.

Бұл стратегиялар балалардың физикалық әл-ауқатын жақсарту үшін мектеп бағдарламалары мен қоғамдық денсаулық сақтау саясаты қалай жұмыс істейтінінің құнды мысалдарын береді.

Балалардың физикалық әл-ауқатын арттыруға қатысты әртүрлі елдерде әртүрлі тәсілдер қолданылады. Төменде олардың кейбіреулері берілген:

1. Финляндия: Финляндияда балалардың белсенді өмір салтына үлкен көңіл бөлінеді. Мектеп күндері ашық ойын үзілісін қамтиды және белсенді дене шынықтыру бағдарламасы бар. Финляндия сонымен қатар мектепте тамақтандыру жүйесімен танымал, мұнда әр балаға тегін және пайдалы түскі ас ұсынылады.

2. Жапония: Жапония ерте жастан бастап білім мен салауатты өмір салтына мән береді. Бастауыш мектептерде салауатты тамақтану әдеттерін және дене шынықтыру жаттығуларын насихаттауға бағытталған сабақтар өткізіледі.

3. Австралия: Австралияда балалардың физикалық денсаулығына арналған тұрақты ұлттық науқандар өткізіледі. Бұл физикалық белсенділікті жақсарту, дұрыс тамақтану және экран уақытын қысқарту бастамаларын қамтиды.

4. Канада: Канада әртүрлі жас топтарындағы балалар үшін дене белсенділігі, ұйқы және экран уақыты бойынша ұлттық нұсқауларды енгізді. Олар ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың физикалық белсенділікке қанша уақыт жұмсау керектігі, қанша ұйықтау және экранды пайдалану уақыты туралы нақты нұсқаулар береді.

5. АҚШ: АҚШ-та мектеп негізіндегі салауатты тамақтану және дене шынықтыру бағдарламалары кең тараған, мысалы, «Көшейік!» бағдарламасы. Бұрынғы бірінші ханым Мишель Обама бастаған («Көшейік!»).

6. Сингапур: Сингапурда салауатты өмір сүру мектептері бағдарламасы бар, оған салауатты тамақтану және тұрақты жаттығулар кіреді. Бұл бағдарлама ерте жастан бастап салауатты әдеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Бұл мысалдар балалардың физикалық саулығына ықпал ету ата-аналарды, мектептерді және қоғамдық ұйымдарды тартатын кешенді тәсілді қажет ететінін көрсетеді. Бұл салауатты әдеттерге үйрету, ашық ауадағы іс-шараларға қол жеткізу және дұрыс тамақтануды қамтиды.

Балалардың физикалық әл-ауқатын арттыруға бағытталған кез келген бағдарламалар әрбір баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі керек екенін түсіну маңызды. Бұл дараланған тәсіл өмір бойы физикалық белсенділікке және салауатты өмір салтына оң көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Балалардың физикалық саулығын арттыру олардың дамуы мен білім алуының маңызды бөлігі болып табылады. Дүние жүзіндегі елдер балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қолдаудың әртүрлі тәсілдерін, соның ішінде дене белсенділігін, дұрыс тамақтануды және білім беру бағдарламаларын қолданады. Міне, халықаралық тәжірибеден бірнеше мысалдар:

Жапония: Жапонияда мектептерде балалардың дұрыс тамақтануына көп көңіл бөлінеді. Мектептегі түскі ас сайтта дайындалады және көкөністер, балық

және күріш сияқты жаңа піскен ингредиенттерді қамтиды. Мұғалімдер балалармен дастархан басында отырып, дұрыс тамақтануды үйретеді.

Финляндия: Финляндия дене шынықтыру жүйесімен танымал, оған күнделікті ашық ауада жаттығулар мен спорт түрлері кіреді. Бұл олардың балалардың білімі мен денсаулығына деген көзқарасының маңызды бөлігі.

Австралия: Австралия балалардағы семіздікпен күресу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ауқымды ұлттық бағдарламаларды жүзеге асырды. Бұған мектептер мен қауымдастықтардағы жалпы денсаулық, тамақтану және дене белсенділігі туралы білім кіреді.

Канада: Канадада TakeMeOutside сияқты ашық және табиғат бағдарламалары бар, олар балаларды дене белсенділігі мен табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыта отырып, ашық ауада көбірек уақыт өткізуге шақырады.

Швеция: Швеция балалардың денсаулығы мен әл-ауқатына кешенді көзқарасты қамтитын HealthySchool бағдарламасын енгізді. Бағдарлама физикалық белсенділік пен тамақтануды ғана емес, сонымен қатар психикалық денсаулық мәселелерін де қамтиды.

Тиімді бағдарламалар көбінесе физикалық денсаулықты ғана емес, сонымен бірге психикалық және эмоционалдық салауаттылықты да қарастыратын тұтас көзқарасты қамтитынын атап өткен жөн. Олар сондай-ақ балалардың, ата-аналардың және қоғамның белсенді қатысуын қамтиды.

Дүние жүзіндегі елдердегі балалардың физикалық әл-ауқаты көптеген факторларға, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, құнарлы тағамға, таза суға және әлеуметтік қорғау деңгейіне байланысты.

Даму деңгейі жоғары елдер: Канада, Швеция, Норвегия, Германия және Австралия сияқты даму деңгейі жоғары елдерде балалардың физикалық әл-ауқаты әдетте жоғары. Бұл сапалы денсаулық сақтау мен білім берудің, жақсы өмір сүру жағдайларының және тиісті әлеуметтік қорғаудың болуымен байланысты.

Орташа дамыған елдер: Бразилия, Үндістан және Оңтүстік Африка сияқты орташа дамыған елдерде жағдай әртүрлі болуы мүмкін. Бұл елдердің кейбір аймақтарында балаларға арналған жағдай дамыған елдердегі жағдаймен салыстыруға болатын болса да, басқа жерлерде денсаулық сақтау, білім алу және құнарлы тағамға қол жеткізуде үлкен кемшіліктер болуы мүмкін.

Даму деңгейі төмен елдер: Чад, Йемен және Конго Демократиялық Республикасы сияқты даму деңгейі төмен елдерде балалардың физикалық әл-ауқаты жиі зардап шегеді. Сапалы медициналық көмек пен білімге қол жеткізу жиі шектеледі, көптеген балалар дұрыс тамақтанбау мен таза су мен санитарияның жетіспеушілігіне байланысты аурулардан зардап шегеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНИСЕФ және басқа да халықаралық ұйымдар бүкіл әлем бойынша балалардың жағдайын жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеуде, бірақ бұл процесс уақыт пен көп күш жұмсайды.

Балалардың психикалық саулығы үшін жағдай жасау – кез келген қоғамның басты міндеттерінің бірі. Бұл үдерістегі маңызды аспект – білім мен

тәрбиеге деген көзқарас. Төменде әртүрлі елдердің стратегиялары мен тәсілдерінің мысалдары берілген.

Финляндия: Финляндияның білім беру жүйесі оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды дамуына ерекше назар аудара отырып, оқуға жеке көзқарасымен танымал. Финляндиядағы балалар мектепті 7 жастан бастайды, оған дейін ойын негізіндегі оқытуға қатты көңіл бөлінеді.

Швеция: Бұл ел балаларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөледі. Мектептегі білім беру балалардың сыни ойлауын дамытуға және оқуға белсенді қатысуға бағытталған. Жүйенің маңызды бөлігі мектеп психологтары мен әлеуметтік қызметкерлер болып табылады.

Жапония: Жапонияда өзара сыйластық пен тәртіпке бала кезінен үйретіледі. Білім беру жүйесі психикалық денсаулық негіздерін оқытуды және күйзеліске төтеп бере білуді қамтиды.

Канада: Канада бала өмірінің барлық аспектілерін – физикалық, эмоционалды, әлеуметтік және психикалық аспектілерін есепке алуды білдіретін «баланың тұтас дамуы» тұжырымдамасын белсенді түрде алға тартады. Көптеген мектептерде проблемаларды шешу дағдыларын, эмоционалды интеллектті және стрессті басқаруды дамытуға арналған бағдарламалар бар.

Австралия: Австралия ұлттық MindMatters бағдарламасы арқылы балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қолдайды және көтермелейді. Бағдарламаның мақсаты мектептегі білім беру жүйесінде психикалық денсаулық, эмоцияларды түсіну, проблемаларды шешу және стрессті басқару модульдерін қосу болып табылады.

Еуропа елдерінде репродуктивтік денсаулық туралы білім беру негізінен репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беруден басталған. Яғни, алғаш рет 1955 жылы Швецияның мектептерінде міндетті репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру енгізілді. Ал 1970-1980 жылдары Батыс Еуропаның басқа да көптеген елдері атап айтқанда Германия (1968 ж.), Австрия, Нидерланды және Швейцария (1970) Швецияның тәжірибесін ұстана бастады.

Батыс Еуропа мектептерінде репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім берудің туындауы контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерінің пайда болуымен, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулықты сақтамау салдарынан мінез-құлыққа қатысты құндылықтар мен нормалардың өзгере бастауымен тұспа-тұс болып отыр. Сондай-ақ, Адамның иммунтапшылығы вирусы инфекциясы эпидемиясы да репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім берудің өзектілігін арттырды [9].

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында Еуропаның Франция, Ұлыбритания, Португалия, Испания және басқа да мемлекеттерінде мектеп бағдарламасына репродуктивтік денсаулық туралы білім енгізілді. Тіпті діни оппозиция дәстүрлі түрде күшті болған Ирландияның өзінде репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру 2003 жылы бастауыш және орта мектептерде міндетті болды. Еуропалық Одаққа (бұдан әрі – ЕО) мүше елдердің бірнешеуінде ғана осы күнге дейін репродуктивтік білім беру жүйесі жоқ [9].

Бұл елдерде репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру курстарына сілтеме жасау үшін әр түрлі атаулар қолданылады, сонымен қатар мазмұнында да айырмашылықтар бар – отбасылық өмірге дайындық немесе өмірлік негізгі дағдыларға үйретуден бастап, өзара қарым-қатынас негіздерін оқуға дейін (2-кесте). Еуропадағы репродуктивтік денсаулық туралы білім берудің бірнеше тәсілін бөліп айтуға болады:

- пәнаралық тәсіл, репродуктивтік денсаулық бойынша білім беру сыныптардың бірнеше оқу пәніне кіріктірілуі. Бұл Еуропа (әсіресе Франция немесе Португалия) үшін сирек кездесетін жағдай, бұнда репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру негіздері биология, география, философия курстарында оқытылады;

- биологиялық тәсіл, репродуктивтік денсаулық бойынша білім беру негізінен биология сабақтарына қосылған, дегенмен ол ішінара басқа пәндерге де енгізілуі мүмкін. Бұл өте кең тараған тәсіл. Мысалы, Бельгияда биологиялық аспектілер биология пәнінің бағдарламасына енгізілген, ал адамгершілік және этика мәселелері – дін мен философия сабақтарында қамтылған. Осындай жағдай Австрияда да бар. Нидерландыда этика мәселелері қоғамтанудың оқу бағдарламасына кіреді;

- психологиялық-әлеуметтік тәсіл, репродуктивтік білім беру бағдарламасының атауына «қарым-қатынас» деген сөз кіріктірілгенде. Оқушылар бұл тәсілді құптайды, бірақ ол кең таралмаған;

- идеологиялық тәсіл, Шығыс Еуропаның бірқатар елдеріне (Словакия, Польша, Венгрия) тән. «Отбасылық өмірге дайындық» тәрізді курстарда қоғамның әлеуметтік құрылымына көп көңіл бөлінеді.

Репродуктивтік денсаулық туралы білім беру басталатын жас та әр елде әртүрлі. Мысалы: Португалияда – 5 жастан, Испанияда, Италияда, Кипрде – 14 жастан бастап.

2-кесте – Еуропа елдеріндегі репродуктивтік білім берудің кейбір сипаттамалары

	Бағдарлама ның атауы	Міндетті ме	Міндетті болған жыл	Ресми түрде бастала тын жас	Әлеуметтік сауалнама лардың деректері бойынша қай жастан басталады	репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру стандарт тары бар ма	Кім оқыта ды
Австрия	ЖББ	Иә	1970	10	11,6	Иә	ПМ
Бельгия	ТҚЖББ	Иә	1995	6	12,5	Иә	КМ/ПМ/Д
Болгария	ЖББ	Жоқ		11	13,3	Жоқ	ПМ/Д
Кипр	ТҚЖББ	Жоқ		14		Жоқ	ПМ/Д
Чехия	ЖББ	Иә	1970	7	13,7	Иә	ПМ
Дания	ЖББ	Иә	1970	12	12,2	Иә	КМ/Д
Эстония	Басқа	Иә	1996	10		Иә	ПМ/Д

Финляндия	ЖББ	Иә	1970	7	11,8	Иә	ПМ/Д
Франция	ЖББ	Иә	1998	6	13,1	Иә	ПМ/Д
Германия	ЖББ	Иә	1968	9	11,3	Иә	ПМ/Д
Греция	ЖББ	Иә	1995	6	13,3	?	КМ/Д
Венгрия	ОӨД	Иә	1975	10	12,8	Жоқ	ПМ/Д
Исландия	ЖББ	Иә	1975	11	12,4	Иә	ПМ/Д
Ирландия	ТҚЖББ	Иә	2003	6	12,5	Жоқ	КМ
Италия	ЖББ	Жоқ	-	14	12,6	Жоқ	ПМ
Латвия	Басқа	Иә	1998	11	-	Иә	ПМ
Литва	Басқа	Иә	1998	11	-	Иә	ПМ
Люксембург	ТҚЖББ	Иә	1973	6	-	Иә	ПМ/Д
Нидерланды	Басқа	Иә	1993	13	12,1	Жоқ	ПМ
Норвегия	ЖББ	Иә	1974	12	12,5	Иә	ПМ/Д
Польша	СЖ	Жоқ		12	13,1	Иә	ПМ
Португалия	ЖББ	Иә	1999	5	-	Иә	КМ
Словакия	ОӨД	Иә	1996	12	12,5	Жоқ	ПМ
Испания	ЖББ	Жоқ		14	12,8	Жоқ	КМ
Швеция	ТҚЖББ	Иә	1955	6	12,1	Иә	КМ
Ұлыбритания	ТҚЖББ	Жоқ		5/7	12,1	Иә	ПМД

Дереккөз: <http://www.demoscope.ru/weekly/2012/0535/reprod05.php>

Ескерту: РДС – репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім беру, ТҚЖББ – тұлғааралық қатынастарға баса назар аудара отырып репродуктивті денсаулықты сақтауға дағдыландыру, ОӨД – отбасылық өмірге дайындық, басқа – мысалы, салауатты өмір салты.

КМ – кезкелген мұғалім, ПМ – пән мұғалімі (көпшілік жағдайда биология, кейде этика, философия және басқа пәндердің мұғалімдері),

КМ/Д – кезкелген мұғалім және дәрігер (немесе мектеп медбикесі), ПМ – пән мұғалімі және дәрігер, КМ/ПМ/Д – кезкелген мұғалім және пән мұғалімі және дәрігер [9].

Мектептегі репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие бағдарламалары бар елдің көпшілігінде бұл міндетті пән, ал кейбір елдерде ішінара міндетті болып табылады, яғни елдің барлық аймақтарындағы мектептерде міндетті болып табылмайды. Оқушылар бұл пәнді таңдаулары мүмкін немесе осы пәннің балама түрлері бар дегенді білдіреді. Көптеген елдерде репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі бастауыш мектепте басталып, орта мектепте жалғасады.

Бірнеше елдерде бастауыш мектепте репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша тәрбие беру: адам ағзасы, оның қызметі мен бала ағзасының жетілу кезеңіндегі өзгерістер, ер балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынас туралы білім беруге көңіл бөлінеді. Денсаулықты сақтауға дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру, контрацепция немесе ішкі ағзаларға тез өтетін инфекциялардың алдын алу тақырыптары орта мектепте ғана қарастырылады. Мектептерінде білім алушыларға репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие жайында тұспалдамай ашық мәлімет беретін елдердің барлығында дерлік бұл тақырыптар оқу пәндеріне кіріктірілген және жеке пән ретінде сирек қарастырылады.

Репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша тәрбие беру проблемалары бойынша мұғалімдерді дайындау мәселелері көпшілік жағдайда назардан тыс қалады. Аталған мәселе бойынша мұғалімдердің дайындығының жеткіліксіз болуы дұрыс оқыту және оқуеуропада қабышыларды оқуға ынталандыру нәтижелеріне кері әсер келтіруі мүмкін. Мұғалімдерді оқытудың маңызы зор, өйткені бұл тақырыптарды оқушыларға түсіндіру мұғалімдерге қиынға соғуы ықтимал.

Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиелеу тек осы тақырыпта білім берумен ғана шектелмейді, сонымен қатар әлеуметтік және гендерлік нормаларды талқылауға, сыни ойлауды, жағымды құндылықтар мен мінез-құлық дағдыларын дамытуға да назар аударылады. Финляндия мен Эстонияның педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларының мазмұнына репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мәселері кіріктірілген, яғни болашақ мұғалімдер оқушыларға аталған тақырыпта білім және тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін үйреніп шығады. Ал басқа елдерде мұғалімдердің көпшілігі аранайы дайындықтан өтпеген немесе қысқа мерзімді (біркүндік) курстан өткен.

Германияда репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беру қоғамдық міндет болып саналады. Денсаулық сақтау саласындағы үкіметтік ұйым болып саналатын федералдық білім беру орталығы (BZgA) заңнамалық деңгейде репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беруді жүзеге асырады, сонымен қатар бұл орталық отбасылық мәселелер бойынша кеңес беретін агенттіктермен және репродуктивті денсаулықты сақтауға білім мен ақпарат беретін басқа да ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұл процесте BZgA орталығы репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беру бойынша тұжырымдама әзірлеуші және оның сапасын қамтамасыз етуші ролін атқарады.

2008 жылы BZgA орталығы репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беру стандартын әзірлеп бастаған кезде «біртұтас репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие» терминін қолданды, ал 2016 жылы бұл терминді «кешенді репродуктивтік денсаулық туралы білім беру» терминіне ауыстыру туралы шешім қабылданды [10].

Германияның мектептерінде денсаулықты сақтауға тәрбие беру сабақтары келесі тақырыптарды талдау арқылы жүзеге асырылады:

- дене, оның қызметі және денсаулық;
- қыздар мен ұлдардың арасындағы физикалық айырмашылықтар;
- қыздар мен ұлдардың гендерлік рөлдері;
- адамзаттың репродуктивті денсаулығы және бала туу;
- махаббатты қабылдау және білдіру;
- өзіндік қажеттіліктері;
- зорлықтың алдын алу;
- денсаулықты сақтау тақырыбын қабылдаудағы мәдени айырмашылықтар [11].

Австрияда заң репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиені және осы саладағы құзыреттілікті дамыту мақсатын қамтиды. Білім беру бағдарламасы 10 жастан бастап орта білімді аяқтағанға дейін міндетті болып табылады.

2015 жылы қабылданған «Grundsatzrlass Sexualpädagogik» (тәрбие қағидаттары туралы қаулы) репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие берудің заңнамалық негізі болып табылады. Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру «Денсаулық және дене шынықтыру белсенділігі», бастауыш мектептерде «жалпы білім» («Sachkunde»); орта мектептерде ол негізінен биология және/немесе дін пәндерінің мазмұнына кіріктірілген, сонымен қатар басқа да пәндерде де қолданылатын бағыттаушы қағидат болуы тиіс. Ол санитарлық ағарту саласына енгізілген және көпшілік жағдайда сарапшыларды сырттан тарту арқылы жобалар түрінде жүзеге асырылады [12].

Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру бағдарламаларын әзірлеу білім министрлігінің құзырына жатады, ал білім саласындағы басқа жобалардың өкілдері, сарапшылар және медицина қызметкерлері бағдарлама әзірлеуші топтың құрамына кіреді. Мектептен тыс және үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыратын кейбір бағдарламалар ата-аналардың тікелей қатысуын талап етеді. Бұл іс-шаралар аталған мәселе бойынша ата-аналарды ақпараттандыру немесе ата-аналарға арналған семинарлар түрінде жүргізілуі мүмкін. Егер ата-аналар жалпы оқу бағдарламасымен немесе оның кейбір бөліктерімен келіспесе, онда олар өз баласын бұл тақырыптағы сабақтарға қатыстырмауға құқықтары бар.

Финляндияның барлық бастауыш және орта мектептерінде репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие міндетті пән болып табылады; әдетте ол міндетті болып табылатын басқа пәндерге кіріктірілген. Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие берумен байланысты негізгі оқу бағдарламаларын және ұлттық деңгейдегі біліктілік талаптарын Финляндияның білім бойынша Ұлттық кеңесі бекітеді. Олар мақсаттарды және негізгі мазмұнды, тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастықтың негізгі қағидаттарын, сонымен қатар оқушыларды әлеуметтік қамтамасыз ететін қызметтердің мақсаттарын анықтайды. «Экология» пәні бойынша базалық, яғни бастауыш білім берудің (1-6 сыныптар) оқу бағдарламасы репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие элементтерін қамтиды. Орта мектептерге арналған негізгі оқу бағдарламасы «Салауатты білім беру» деп аталады және репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру осы бағдарламаға кіріктірілген. Ол балалар 13-15 жаста болған кезде, 7-9 сыныптарда жүзеге асырылады. репродуктивті тәрбиеге 8-9 сыныптарда көбірек көңіл аударылады. Санитарлық ағарту – жеке пән, оның мазмұны өсу және даму, денсаулықты сақтау; денсаулықты қолдайтын және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар және аурулардың алдын алу; денсаулық, қоғам және мәдениет тақырыптарын қамтиды [13].

Аталған оқу бағдарламалары шамамен 10 жылда бір рет қайта қаралады. Финляндияның Білім министрлігі мен Ұлттық білім беру кеңесі оқу бағдарламаларын әзірлеуге жауапты; жергілікті жердің мектеп бағдарламаларына муниципалитеттер мен жергілікті мектептер жауап береді. Бұл оқу бағдарламаларын әзірлеуге педагогтер, білім беру және денсаулық сақтау саласының мамандары мен үкіметтік емес ұйымдардың, атап айтқанда «Väestöliitto» фин отбасы федерациясының өкілдері жұмыс топтарының

жұмыстарына қатысу және кеңес беру арқылы өз үлестерін қосады («Väestöliitto» қазақ тіліне аударғанда – Финляндияның азаматтық қоғам қауымдастықтарының ассоциациясы деген мағынаны білдіреді). Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру жұмысына ата-аналар жүйелі түрде қатыспайды. Үкіметтік емес ұйымдар кейде сабақтар жүргізеді, бірақ негізінен материалдардың әзірленуіне және олардың мектептерге таратылуына жауап береді [13].

Ресейлік және ағылшын тілді ғылыми басылымдарды зерттеу негізінде *Ресей Федерациясында және Америка Құрама Штаттарында* (бұдан әрі – АҚШ) жасөспірім балалардың денсаулығын қалыптастыратын факторлар анықталды, денсаулықтың жалпы деңгейіне және оның репродуктивті құрамдас бөліктеріне әсер ететін себептердің салыстырмалы сипаттамасы келтіріледі.

Есірткі заттарын, темекі, алкогольді ішімдіктер қолданатын жасөспірім балалардың репродуктивтік жүйедегі ауытқулардың дамуы бойынша тәуекел тобын құрайтыны дәлелденеді. Сонымен қатар, қазіргі жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығы жөніндегі білімі өте нашар, репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мен ұрпақты болу денсаулығын бақалаудың сапалы жүйесі жоқ екендігі, жасөспірімдердің басым бөлігінің өзін-өзі сақтайтын мінез-құлыққа бағдарланбайтындығы анықталды.

Бұл жас тобындағы балалардың ұрпақты болу денсаулығы, репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесінің жүйелі болмауы, репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мәселелерінде отбасы функциясының әлсіреуі, репродуктивті денсаулықты сақтамау салдарынан болатын инфекцияларды жұқтыруға әкеледі. Ұсынылған деректер жасөспірімдердің біртұтас тұлғасының қалыптасуына, оның денсаулық сақтау мінез-құлқына әсер ететін репродуктивтік аурулардың алдын алудың, сонымен бірге репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің бірыңғай тиімді жүйесін құру қажеттігін көрсетеді [14].

Кез келген білім беру ұйымы – балалар әлемді білуде алғашқы саналы қадамдар жасап, оқу мен жазуды үйреніп қана қоймай, сыныптағы ұл-қыздың өзара алғашқы сыйластық қарым-қатынас орнататын әлеуметтік мекеме болып табылады. Қазіргі ғылым тұрғысынан алғанда, әлеуметтік-мәдени тұрғыда репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие – адамдар арасындағы адамгершілік қатынастарды қалыптастыруға, олардың репродуктивтік денсаулығы үшін жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған тәрбиелік, ағартушылық, психологиялық, денсаулық сақтау ықпалдарының интеграцияланған жүйесі.

Вепродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мәдениетінің проблемасы мемлекеттік міндетке айналуға. Ол «Ресей Федерациясында адамның иммунитетінің вирусын (АИТВ инфекциясы) тудыратын аурудың таралуының алдын алу туралы» № 38-ФЗ Федералдық заңының талаптарымен анықталады. Сонымен қатар, «Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиянды ақпараттан қорғау туралы» 2010 жылғы 24 желтоқсандағы Федералдық заңы ақпараттық өнім беруді көздейтін және оның балалардың арасында олардың жасына байланысты таралуына тыйым салатын нормативтік акт болып табылады. Бұл нормативтік құжаттар балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау қажеттігіне бағытталған [15].

Ресей Федерациясының орта білім беру жүйесінде репродуктивтік денсаулық немесе репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мәселесі жастардың физиологиясы мен психологиясы туралы білімнің таралуы ретінде құрылымдық жағынан әлеуметтенумен де, тәрбиемен де байланысты болып отыр. Сонымен қатар, кездейсоқ бақылаулар, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, көркем әдебиетпен немесе арнайы әдебиетпен танысу арқылы әлеуметтену де репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие немесе репродуктивтік денсаулық туралы білім алу ретінде қарастырылады.

Осының негізінде ресейлік ғалымдар білім беру мекемесі қалыптастыруға тиіс білім, білік және дағдылар тізбесін анықтаған және оларды мектеп бағдарламасына енгізу қажет деген ұсыныс жасап отыр. Оларды балалар мен жасөспірімдер өздерін дамыту барысында денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын және осы бағыттағы белгілі мөлшердегі білімді меңгерулері тиіс деп есептеледі.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясында өзінің құрамына салауатты өмір салтын ұсану дағдысын қалыптастыратын репродуктивті денсаулық туралы білім беру бағдарламасын әзірлеуді және бұл бағдарламаны барлық оқу пәндерінің мазмұнына енгізуді қарастырып отыр. Қазіргі заманғы мектепте тиісті ақпаратты биология, әдебиет, қоғамтану, тарих, өмір қауіпсіздігі негіздері, дене шынықтыру тәрізді оқу пәндері аясында сабақтың бір бөлігі немесе жеке сабақ ретінде енгізуге рұқсат етіледі. Осы мақсатта аталған пәндердің оқу жоспарына сәйкес өзгерістер енгізу қажет, алайда базистік оқу жоспарының пәндері ретінде олардың құрылымдық жалпы логикасы мен мазмұны өзгермеуі тиіс [15].

Білім беру мекемелері оқу жоспарын әзірлейді, бірақ пәнді оқытатын оқытушылар оның практикалық жоспарлау жағына жауап береді. Кейбір тақырыптарды түсіндіру үшін денсаулық сақтау саласының мамандарын мектепке шақырады. Үкіметтік емес ұйымдар мектептегі репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру жұмысына өте сирек қатысады.

Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие берудің кейбір элементтері, мысалы, адам денесінің физиологиялық аспектілері, репродуктивті денсаулық және бала туу, адамның иммун тапшылығы вирусы, репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялар, отбасы және махаббат тақырыптары 12 жастағы және одан үлкен оқушылар үшін биология, өмір қауіпсіздігі негіздері және дене тәрбиесі пәндерінің мазмұнына кіріктірілген. Кейбір оқу орындарында адамның иммун тапшылығы вирусының алдын алу, отбасылық қатынастар, отбасылық құндылықтар және ата-ана жауапкершілігі тәрізді аспектілер сабақтан бос уақытта немесе қосымша курстарда ұсынылады, бірақ жүйелі түрде оқытылмайды және мұғалімдер немесе медицина қызметкерлерінің бастамасымен жүзеге асады. Көпшілік жағдайда репродуктивті денсаулыққа қатысты тақырыптар оқушылардың өз бетінше зерделеуіне қалдырылады.

Беларусь Республикасы Білім және денсаулық сақтау министрліктерінің, «Надежда-Экспресс» халықаралық қайырымдылық қоғамдық ұйымының, БҰҰ-

ның Халық саны қорының бірлескен қызметінің нәтижесінде «Жастардың репродуктивті денсаулық саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қолжетімділігін кеңейту» жобасын әзірлеп, іске асыруда. Аталған жоба аясында Беларусь Республикасының көптеген елді мекендерінің бірқатар мекемелерінде Жастар денсаулығы орталықтары ашылды. Мысалы, Минск облысында жастар Вилейка, Слуцк, Молодечно, Жодино және басқа да бірқатар қалаларда кеңес ала алады.

Беларусь Республикасында жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау мақсатында мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларынан басқа «Неке және отбасы» консультациялары, сексологиялық орталықтар, әйелдер консультациялары, гигиеналық және эпидемиологиялық орталықтар және салауатты өмір салты қағидаттарын енгізуге жауапты басқа да қызметтер жұмыс істейді. Наркологиялық, психоневрологиялық және басқа да диспансерлерде жасөспірімдер дәрігерлерінің лауазымдары енгізілген. Балалар мен жасөспірімдер акушер-гинекологтарының жұмысы ұйымдастырылған. Минск қаласында және республиканың басқа да ірі қалаларында жасөспірімдер мен жастарға арналған, оның ішінде репродуктивті денсаулық пен репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекцияларға байланысты проблемалар бойынша «ыстық» телефон желілері жұмыс істейді. Дәрігерлер және медицина саласының басқа да мамандары мектептерде салауатты өмір салтының медициналық аспектілерін ашатын дәрістер мен әңгімелесулер жүргізеді.

Аталған орталықтардың қалыптасқан қызметіне әлеуметтік педагогтар мен педагог-психологтар да қатысады [16].

2018 жылы Беларусьта ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы ақпараттық технологиялар институтының қолдауымен «репродуктивті денсаулықты сақтау және репродуктивті денсаулық, АИТВ-инфекциясының алдын алу және оқушылар мен олардың ата-аналары үшін тұлғааралық қарым-қатынас саласындағы білім беру» атты мұғалімдерге арналған жаңа бағдарлама әзірленді.

Педагог мамандардың біліктілігін арттырудың осындай бағдарламасын республиканың барлық өңірлерінде енгізу жоспарланған. Оны дамыту нәтижелері бойынша мектеп мұғалімдері, психологтар мен әлеуметтік педагогтар 8-11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын, жауапты жас өспірімдердегі мінез-құлық, тұлғааралық қатынастарға деген дағдылар мен көзқарастар қалыптастыруға, репродуктивті денсаулықты сақтауға және АИТВ-ның, басқа да репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялардың (ЖЖБИ), психоактивті заттарды қолданудың алдын алуға бағытталған сабақтар өткізе алады.

Сондай-ақ, олар білім алушылардың ата-аналарымен жасөспірім балалармен сенімді қарым-қатынасты сақтау және олардың денсаулығы мен әлауқаты үшін қауіп-қатерге байланысты мінез-құлықтың алдын алу бойынша білім, дағды және уәждеме қалыптастыру бойынша сабақтар өткізе алады. Бұл өте маңызды, себебі репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша білім беру және қауіпті мінез-құлықтың алдын алу қоғамда пікірталас тудыратын мәселе

болып табылады, сонымен қатар дәстүр мен қоғамдық адамгершілік қағидаттарына қайшы келеді [9].

Қазіргі уақытта «Балалардың бүгінгі денсаулығы – ұлт денсаулығының ертеңі: Беларусь Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтудың жалпыұлттық стратегиясы» жүзеге асырылуда.

Өмірдің барлық кезеңдерінде балалардың денсаулығын қорғау, балалардың денсаулығы мен даму әлеуетін іске асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасау, алдын алуға болатын сырқаттанушылық пен өлім-жітімді азайту, әртүрлі аурулардың зардаптарын барынша азайту және Тұрақты дамудың 2030 жылға дейінгі мақсаттарына қол жеткізу жолында өмір сүрудің жоғары сапасын қамтамасыз ету бұл стратегияның басты мақсаты.

Стратегияны жүзеге асыруға: жергілікті басқару органдары; Денсаулық сақтау министрлігі; Білім министрлігі; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Ақпарат министрлігі; Ішкі істер министрлігі; Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі; Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық министрлігі; Спорт және туризм министрлігі; Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігі; Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі; Индустрия және сауда министрлігі; Көлік және коммуникациялар министрлігі; Төтенше жағдайлар министрлігі; қоғамдық бірлестіктер; халықаралық ұйымдар; діни ұйымдар; еріктілер қатысады және олардың әрқайсысының атқаратын қызметі атап көрсетілген. Мысалы, Білім министрлігі:

- барлық білім беру мекемелерінде денсаулық сақтау ортасын құру, оқу процесінің барлық қатысушыларына қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жасау;

- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәні аясында төтенше жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша педагогтер мен оқушыларды оқыту модульдерін дайындау үшін Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырма қалыптастыру;

- балалар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек пен әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетудің инновациялық формалары мен әдістерін әзірлеу және дамыту;

- балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

- репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу;

- жабық типтегі мекемелердегі балалардың мекемеде болу және психоәлеуметтік бейімделу жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ету;

- балалармен және жастармен жұмыс істейтін мамандарды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларына беттік активті заттарды қолданудың алдын алу шаралары бойынша материалдар енгізу [17].

«Қауіпсіз өмір салты» ұғымының ресми түсіндірмелері жоқ, сонымен қатар бұл салада тереңдетілген зерттелулер де жүргізілмеген, бірақ оған қарамастан көптеген елдерде айналымға енгізілген. Балалардың білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында, әр түрлі үйірмелерде ұзақ уақыт болуын

ескере отырып, білім беру жүйесіндегі денсаулық сақтау қызметін жетілдірудің ерекше мәні бар. Мектеп оқушылар денсаулығының бұзылуына әкеп соқтыратын оқыту процесін ұйымдастырудағы олқылықтар, «мектеп» ауруларының себептерін және білім алушылардың сыныптағы ыңғайсыз жағдайларын талдау арқылы белгілі болады.

«Іс-әрекет» санаты өзінің құрамына адамдардың өмірлік белсенділігінің барлық түрлерін қамтиды. Сондықтан философияда адамның біртұтас көзқарасына бағдарланған материалдық және рухани қызмет бір-біріне қарсы емес, өзара байланысты, өзара толықтыратын деп түсініледі. Іс-әрекетке адамдарды тәрбиелеу, олардың әлеуметтік құндылықтары мен ұстанымдарын қалыптастыру жатады. Іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық көзқарас қоғамның, оның әлеуметтік және жас топтарының, отбасының, тұлғаның жеке басының өмірлік жолының мәнін ашуға мүмкіндік береді [18].

Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық салты проблемасын зерттеушілер оның құрылымы мен қалыптасу жолдарының бірқатар схемаларын ұсынды.

1. Денсаулық сақтау факторларын:

- жоғары еңбек белсенділігін;
- жоғары медициналық белсенділікті;
- дене және психикалық жайлылықты құру және дамыту.

2. Физикалық және интеллектуалдық қабілеттердің:

- белсенді өмірлік ұстанымның, әлеуметтік белсенділіктің, әлеуметтік оптимизмнің, жоғары мәдени деңгейдің; экологиялық белсенділіктің, экологиялық сауатты мінез-құлықтың, сыртқы ортаны жақсарту жөніндегі іс-шаралардың;

- дене белсенділігінің жоғарылығының;

- рационалды, теңдестірілген тамақтанудың;

- отбасылық достық қарым-қатынастың, тұрмыстың (күнделікті отбасылық өмірдің) жайлы үйлесімділігінің дамуы.

3. Тәуекел факторларын: еңбек белсенділігінің төмендігін, өз еңбегімен қанағаттанбаушылықты; медициналық белсенділіктің төмендігін; енжарлықты, жайсыздықты, психикалық шиеленісті; әлеуметтік белсенділіктің, мәдени деңгейдің төмендігін еңсеру деп бөлуге болады [19].

Денсаулықты сақтау, өз әізасын түрлі инфекциялардан қорғай білу туралы ақпараттың аз болуы немесе мүлдем хабарсыз болуы адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындайтын, яғни репродуктивті денсаулыққа кері әсер ететін ауруларды жұқтыру қаупін ұлғайтады. Негізінен инфекциялар репродуктивті денсаулықты сақтау жағдайына өте теріс етеді. Уақытылы анықталмаған және емделмеген репродуктивтік жүйенің ауыр асқынулары мен созылмалы аурулары ұл балалардың да, қыз балалардың да болашақта ұрпақты болу мүмкіндіктеріне кедергі келтіруі мүмкін. Репродуктивтік денсаулықты сақтау үшін жасөспірімдерге қажетті ақпарат беру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйрету, сонымен қатар репродуктивті денсаулықты сақтау және отбасын жоспарлау жөніндегі қызметтер көрсететін қол жетімді және қолдаушы көрсететін денсаулық пен әлеуметтік қызметтер қажет.

Жасөспірімдерге бірінші кезекте репродуктивті денсаулық мәселелері және осы саладағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері бойынша кешенді профилактикалық білім беру керек. Бұл оларға өз мінез-құлқы туралы жауапты шешімдер қабылдауға, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан азат және өзара сыйластық пен гендерлік теңдік негізінде өзара қарым-қатынас құруға қажетті білімі мен дағдыларын қамтамасыз ететін болады. Репродуктивтік денсаулық қызметінің шектелуіне әкелетін ауруларды ерте анықтау және емдеу үшін медицина мамандары балалар мен жасөспірімдерді мерзімді тексеруден уақытылы өткізіп отырулары тиіс.

Жасөспірімдерге репродуктивтік денсаулықты сақтау, осы бағыттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау жөніндегі кешенді медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек жастарға арнайы мамандандырылған қызметтердің еріктілік, қол жетімділік, ізгі ниет және сенім қағидаттарында көрсетіледі [8].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдау, білім мен денсаулық сақтаудың қолжетімділігі, сондай-ақ балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау балалардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды элементтері болып табылады.

Мектептегі оқу-тәрбие процесі балалардың әлеуметтік салауаттылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ол оқытуды, әлеуметтендіруді, дағдыларды дамытуды және құндылықтарды қалыптастыруды қамтиды. Міне, осы үдерістегі халықаралық тәжірибенің кейбір мысалдары:

Финляндия: Финляндияның білім беру жүйесі әлемдегі ең жақсылардың бірі ретінде кеңінен танылды. Олар білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатына назар аудара отырып, оқуға гуманистік көзқарасты атап көрсетеді. Финляндияның білім беру жүйесі сонымен қатар студенттердің өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға көмектесетін тәуелсіз зерттеулер мен оқуға еркіндік береді.

Швеция: Швецияда балалар мектепті жеті жаста бастайды, алғашқы жылдары ойын мен белсенділікке негізделген оқытуға баса назар аударылады. Бұл балаларға бейресми және еркін ортада әлеуметтенуге және дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Норвегия: Норвегияда білім беру тұрақты даму мен азаматтыққа қатысты мәселелерге назар аударады. Бұл студенттердің әлеуметтік мәселелерден хабардар болуына және қоғамға үлес қосуға дайын болуына көмектеседі.

Сингапур: Сингапурдың білім беру жүйесі математика мен жаратылыстану пәндерін оқыту бойынша әлемдегі ең жақсы жүйелердің бірі ретінде танылды. Сондай-ақ олар студенттердің жеке қасиеттері мен құндылықтарын дамыту үшін «Мінез және азаматтық» бағдарламасымен таныстырды.

Канада: Канада әр баланың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалар мен мигранттардың балаларының қажеттіліктерін ескеретін инклюзивті білім беруге үлкен көңіл бөледі. Бұл студенттер арасында құрмет пен қабылдау сезімін тудырады.

Австралия: Австралия мектептерінде оқушылардың психологиялық денсаулығына үлкен көңіл бөлінеді. Көптеген мектептерде студенттермен және олардың отбасыларымен олардың әлеуметтік және эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жұмыс істейтін психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер бар.

Жаңа Зеландия: Жаңа Зеландияда оқушылардың физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивті дамуын қамтитын «толық даму» тәсілі қолданылады. Ол сондай-ақ маори мәдениетін құрметтеуді және оны оқыту процесіне біріктіруді қамтиды.

Жапония: Жапондық білім беру жүйесі тәртіп пен басқаларды құрметтеуге көп көңіл бөледі. Бұл тіпті оқушылардың сыныпты тазалауы сияқты күнделікті тапсырмаларда да айқын көрінеді. [6]

Бұл тәсілдердің барлығы оқушылардың эмоционалдық әл-ауқаты мен дамыған әлеуметтік дағдылары бар қоғамның толыққанды мүшесі ретінде дамуына бағытталған.

Сөзімізді аталған тарау бойынша түйіндей келе, қай мемлекетте болмасын өскелең ұрпақтың денсаулығы қоршаған ортада және қоғамда болып жатқан өзгерістердің ең сезімтал көрсеткіші болып табылады. Сондықтан көптеген әлеуметтік-экономикалық және экономикалық проблемаларды шиеленістіріп жіберген бүгінгі күрделі кезеңде жасөспірімдердің денсаулық жағдайын зерттеуге ерекше мән беріледі. Бұл әсіресе қоғамның тікелей репродуктивтік, интеллектуалдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени резервін білдіретін жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына қатысты болып отыр.

2 Репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша отандық тәжірибені зерттеу

Болашақ ұрпақтың дені сау болуы үшін репродуктивті денсаулықты қорғау кез келген мемлекеттің өзекті проблемаларының бірі болып табылады. Репродуктивті денсаулықты қорғау әр адамның барлық өмірі жолында қамтамасыз етілуі, сонымен қатар ол мүмкін болатын ең жоғары этикалық және техникалық нормаларға сәйкес болуы тиіс.

Жасөспірімдер денсаулығының әлеуметтік маңызы олардың қазіргі қоғамның репродуктивтік, интеллектуалдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени қоры болып табылуымен тығыз байланысты болып отыр.

Жасөспірімдік шақ – дене және психикалық даму кезеңі ғана емес, сонымен қатар дүниетаным мен мінез-құлық нормаларының қалыптасу кезеңі болып табылады. Жасөспірімдер жаңа және бұрыннан таныс емес өмірлік жағдайлармен бетпе-бет кездеседі. Жедел урбанизация, коммуникацияларды дамыту, көлік-технологиялық прогресс жаңа мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге жасөспірімдердің денсаулығына елеулі қауіп төндіреді.

Урбандалу процесінің қарқыны жүруі, коммуникациялардың, көлік саласының дамуы мен техникалық прогресс жаңа мүмкіндіктерге жол ашуымен қатар, жасөспірімдердің денсаулығына елеулі қауіп төндіреді. Жасөспірімдерде саналы, дені сау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларының болмауы осы қауіп-қатерлерді шиеленістіре түседі. Жасөспірімдердің бойында саналы және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларының болмауы осы қауіп-қатерлерді шиеленістіре түседі.

Сондықтан жастарға нақты, құпия және сапалы ақпарат берумен қатар қызмет көрсету бүгінгі күні дені сау жасөспірімдердің ертең дені сау ересектер және келешекте дені сау ұрпақ болуын қамтамасыз етудің іргетасы болып табылады.

Кез келген білім беру ұйымы – балалар әлемді білуде алғашқы саналы қадамдар жасап, оқу мен жазуды үйреніп қана қоймай, ұлды құрметтеу мен қызға қамқор болудағы алғашқы қарым-қатынас орнататын әлеуметтік мекеме болып табылады. Қазіргі ғылым мен әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алғанда денсаулықты сақтауға тәрбие – ер адамдар мен әйел адамдар арасындағы адамгершілік қатынастарды қалыптастыруға, болашақ ерлі-зайыптылар мен балалардың денсаулығы үшін жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған тәрбиелік, ағартушылық, психологиялық, денсаулық сақтау ықпалдарының кіріктірілген жүйесі. Педагогикалық тұрғыдан оны қыз бен ұлға қатысты белгілі бір қоғамда қабылданған мінез-құлық нормаларын қалыптастыру мақсатында мұғалімдер мен ата-аналардың оқушының жеке басына ықпал етуінің арнайы ұйымдастырылған процесі ретінде қарастыру заңды болып саналады [20].

«Репродуктивті денсаулық» ұғымын бөліп көрсету ұлт денсаулығының, ең алдымен, фертильді («fertilis» латын тілінен аударғанда – құнарлы; ағзаның ұрпақты көбейте алу қабілеті деген мағынаны білдіреді) жастағы адамдардың денсаулығымен анықталуынан туындайды.

Бұл ұғым ДДҰ анықтамасы бойынша өткен ғасырдың 80-жылдары енгізілді және репродуктивтің денсаулық жүйесінің аурулары мен дерттерінің жоқтығын ғана білдірмейді, сонымен қатар оның функциялары мен процестері,

оның ішінде көбеюі мен үндестігі, отбасындағы психоәлеуметтік қатынастардың, дененің, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат жағдайының саулығын білдіреді.

2009 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы балалар қорының көмегімен (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы дайындаған «Жасөспірімдер мен жастардың денсаулығы Қазақстанның әлеуметтік құндылығы ретінде» атты есебінде (авторлары: қазақстандық ғалымдар С.Ә. Діқанбаева, Т.И. Слажнева, Ш.Е. Қаржаубаева) қазіргі кездегі жасөспірімдер мен жастардың өмір сүру салтының мінез-құлық факторларына, атап айтқанда:

- репродуктивтік және денсаулықты сақтауға тәрбие;
- жасөспірімдер мен жастар арасында психикалық белсенді заттарды пайдалану;
- мектеп оқушылары арасында темекі шегудің таралу үрдісі;
- мектеп оқушылары арасында алкогольдік ішімдіктер ішу;
- жасөспірімдер мен жастар арасындағы дене шынықтыру белсенділігі туралы баяндалған.

Аталған баяндамалық есептің қорытындысы бойынша жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулық деңгейіне келесі факторлар елеулі әсер етеді:

- белсенділіктің ерте (14-15 жаста) басталуы;
- жастар арасында ішкі ағзаларға тез өтетін инфекциялардың көбеюі;
- жасөспірімдердің денсаулықты сақтау әдістері және ЖЖБИ-дың алдын алу туралы хабардар болуының төмендігі;
- созылмалы соматикалық аурулардың жоғары деңгейі;
- осы жас кезеңінде темекі шегу, ішімдік ішу және есірткіге пайдалану тәрізді зиянды әдеттермен танысу.

Сонымен қатар, медициналық көмекке уақтылы жүгінбеу, оның ішінде профилактикалық шаралар және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша кеңес берудің болмауы репродуктивтік денсаулықтың нашарлауына ықпал етеді. Бұл қалыптасқан жасөспірімдер қызметінің іс жүзінде болмауымен, жасөспірімдерге ұрпақты болу денсаулығының әртүрлі мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсететін баламалы мекемелердің болмауымен тежеледі [21].

Халықтың денсаулығын қорғау Қазақстан Республиканың мемлекеттік заңнамасының қатарына енгізілген. Балалар мен жастардың денсаулығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылады.

«Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығында балалар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібіне назар аударады [22].

Аталған құжаттың «Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібі» тарауында жастар денсаулық орталықтарында (бұдан әрі – ЖДО) жасөспірімдер мен жастарға репродуктивті және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық және психологиялық көмектің келесі түрлері көрсетілетіндігі айтылған:

1) репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша консультациялық, емдеу-диагностикалық, медициналық-психологиялық көмек көрсету;

2) саламатты өмір салтын ұстану, оның ішінде пайдалы ұжымды тамақтану, физикалық белсендікті, спортпен айналысу, тамақтануды ілгерілету және насихаттау; аурулардың профилактикасы, мінез-құлықтың қауіп-қатер факторларының (нашақорлықты, темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды, алкогольді және басқа да психоактивті заттарды тұтынудың профилактикасы), ақпараттық-түсіндіру жұмысы, жасөспірімдер мен жастарға денсаулықты нығайту және өмір салтымен байланысты аурулардың профилактикасы, оның ішінде репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша гигиеналық оқыту мәселелері;

3) жасөспірімдер мен жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, репродуктивтік денсаулықты сақтау, оның ішінде жасөспірімдердің ағза ауруларының алдын алу профилактикасы, отбасын жоспарлау, репродуктивті денсаулықты сақтауға мән бермеуден болатын кейбір ағзаның ықтимал асқынулары мен салдарының алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

4) жасөспірімдер, жастар, олардың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері, ерлі-зайыптылар, еріктілер, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері үшін оқыту және консультация беру, дәрістер, тренингтер, семинарлар өткізу, сондай-ақ репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау, оның ішінде:

- мінез-құлық қауіп факторларының профилактикасы және саламатты өмір салтын жүргізу дағдыларын қалыптастыру;

- жасөспірім кезіндегі психофизикалық, психоәлеуметтік даму;

- әлеуметтік мінез-құлық, жауапты серіктестікті қалыптастыру және отбасылық өмірге дайындық;

- психологиялық проблемалар және ерлі-зайыптылардағы, отбасындағы тұлғааралық қатынастарға байланысты мәселелерді шешу;

- ішкі ағзаларға тез өтетін инфекциялардың профилактикасы, диагностикалау және емдеу мәселелері;

- ішкі ағза ауруларының профилактикасы, жасөспірім кезіндегі ағзаның физиологиялық жетілмеу ерекшеліктері;

- отбасын жоспарлау, оның заманауи әдістері, репродуктивті денсаулықты сақтауға мән бермеуден болатын кейбір ағзаның ықтимал асқынулары мен салдарын көрсете отырып аурудың алдын алу профилактикасы;

5) ішкі ағзаларға тез өтетін аурулардың профилактикасы, репродуктивтік және денсаулық саласында саналы, жауапты және қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру мәселелері бойынша ақпарат беру және консультациялық қызметтер көрсету;

6) ерте өмірдің профилактикасы; жасөспірімдер денсаулығын сақтаудың профилактикасы мақсатында репродуктивтік денсаулығын сақтау мәселелері бойынша жасөспірімдерді қолжетімді нысанда хабардар ету және оларға консультация беру;

7) репродуктивті денсаулықты сақтауға мән бермеуден болатын кейбір ағзаның ықтимал асқынулары мен салдары, отбасын жоспарлау, контрацепцияның заманауи әдістері туралы ақпарат және консультация беру;

8) репродуктивтік денсаулықты сақтау, отбасын жоспарлау, алдын алу, контрацепция, сондай-ақ репродуктивтік жүйесі ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу жөнінде қызметтер көрсету;

9) жасөспірімдер мен жастардың денсаулығындағы өзгерістерді ерте бастан анықтау, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдармен және басқа да медициналық ұйымдармен сабақтастықты сақтай отырып, пациенттерді уақтылы жіберу (оның ішінде ертерек есепке қою және одан әрі диспансерлік бақылау үшін), жасөспірімдердің ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдеріне уақтылы және психологиялық тұрғыда білім алушының денсаулығына зияны тимейтіндей етіп хабар жасау;

10) жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік денсаулық ағзаларының жіті және созылмалы ауруларын диагностикалау, емдеу және бақылау, сондай-ақ пациенттерді стационарды алмастыратын, стационарлық көмек алу үшін уақтылы жіберу;

11) жасөспірімдер мен жастар үшін психологиялық жайлы жағдай жасау, жеке және топтық психологиялық көмек көрсету;

12) психологиялық ағарту, психологиялық проблемалардың профилактикасы, өзін-өзі сақтау мінез-құлқына, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына, тұрмыстағы және қоғамдық орындардағы мінез-құлыққа, коммуникацияға, өзара қолдауға үйрету мақсатында әлеуметтік-психологиялық тренингтер өткізу; мінез-құлық дағдыларын (теңдік, сыйластық, өзара түсіністік, жағдайды бағалай білу және өз шекарасын қорғай білу, жанжалсыз және т. б.);

13) психологиялық көмек көрсету, психикалық денсаулықты сақтау үшін консультация беру, мінез-құлықтың қауіпті түрлерінің (оның ішінде өзін-өзі зақымдау, суицидтік мінез-құлық), темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды, нашақорлықтан,

уытқұмарлықтан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық тартудан туындаған тәуелділіктердің профилактикасы;

14) жасөспірімдер мен жастарға құпия медициналық-психологиялық көмек көрсету, психикалық және репродуктивтік денсаулықты сақтау үшін қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

15) психикалық денсаулық саласында қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін медициналық-психологиялық көмек көрсету;

16) жастарды отбасылық өмірге дайындау, жауапты әріптестікті, ана болуды, әке болуды қалыптастыру мәселелері бойынша консультация беру;

17) жасөспірімдер мен жастарға әлеуметтік және құқықтық көмек алу мәселелері бойынша медициналық-психологиялық көмек, консультациялық қолдау көрсету; пациенттердің өздерін, жасөспірімдердің ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында өз денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыра отырып белсенді тарту;

18) зорлық-зомбылықтан кейін жүгінген жасөспірімдер мен жастарға психологиялық көмек көрсету;

19) әлеуметтік-психологиялық бейімдеу мақсатында психологиялық диагностика, түзету қолдау, консультациялық көмекті және ақпараттық жұмыс жүргізу;

20) қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсету кезінде психологиялық сүйемелдеу;

21) психикалық және мінез-құлықтық бұзылулардың болуына күдік болған кезде жасөспірімдер мен жастарды психикалық денсаулық сақтау саласында мамандандырылған медициналық ұйымдарға жіберу.

17. Жасөспірімдерге репродуктивтік және психикалық денсаулық мәселелері бойынша ақпарат беру және консультация беру олар үшін қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

18. Техникалық мүмкіндіктер болған кезде жасөспірімге, жастар өкіліне, олардың ата-аналарына немесе басқа да заңды өкілдеріне ақпарат беру және консультация беру мыналарды пайдалана отырып жүргізіледі:

1) стационарлық телефон байланыс құралдары;

2) цифрлық және мобильдік технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі [22].

Еліміздің ірі қалаларында жұмыс істейтін Жастар денсаулық орталықтары – жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне байланысты денсаулық сақтау мәселелері бойынша еріктілік, сенімге қол жетімділік, анонимдік, тілектестік принциптері бойынша кешенді медициналық, әлеуметтік, психологиялық көмек көрсететін мекеме болып табылады.

Жастар денсаулық орталықтарында жасөспірімдер мен жастар кешенді медициналық, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек ала алады.

Бұл орталықтарда гинеколог, уролог, дерматовенеролог, психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгерлер қабылдау жүргізеді. Олар 10 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықтарына қатысты жоғарыдағы ұсынылған құжатқа сәйкес қызмет

түрлерін көрсетуді жүзеге асырады. Орталықтарда компьютерлік сыныптар, тренажер залдары, сенім телефоны, жастардың қызығушылығына сәйкес демалыс бөлмесі жұмыс істейді.

Сонымен қатар, ЖДО-лар психологиялық ағарту; психологиялық проблемалардың профилактикасы; репродуктивтік және психикалық денсаулық саласында қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; жасөспірімдер мен жастарды отбасылық өмірге дайындау, жауапты әріптестікті, ана мен әке болуды қалыптастыру; қиын өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімдер мен жастарға көмек көрсету; зорлық-зомбылық құрбаны болған жасөспірімдер мен жастарға көмек көрсету; әлеуметтік-психологиялық бейімдеу мақсатында психологиялық диагностика, түзеу арқылы қолдау, консультациялық көмек көрсету; психикалық және мінез-құлықтық бұзылулардың болуына күдік туындаған кезде жасөспірімдер мен жастарды психикалық денсаулық сақтау саласында мамандандырылған медициналық ұйымдарға жіберу тәрізді құпия психологиялық көмек те көрсетеді [22].

Еліміздегі жастар денсаулық орталықтарының мекен жайлары туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сайтында (<https://hls.kz/kk/>) орналастырылған.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, девиантты мінез-құлықтың алдын алу, отбасылық дәстүрлер мен отбасылық өмір құндылықтарына назар аудару еліміздің түрлі ведомстволары жұмысының басым бағыттары болып табылады.

Репродуктивті денсаулықты жақсарту проблемаларын шешу үшін жасөспірімдердің назарын репродуктивті денсаулықтың құндылығына бағыттау; олардың бойында осы саладағы қажетті білімді қалыптастыру, соннымен қатар олардың тұлғалық санасын құндылықты көзқарастармен байыту, осы құндылықтар жүйесіндегі өзінің рөлін көре білуге үйрету қажет.

Жасөспірімге қажетті ақпарат:

- отбасы және отбасы мүшелеріне деген махаббат, сүйіспеншілік сезімі құндылық ретінде;

- салауатты өмір салты және өзінің репродуктивті денсаулығын сақтауға жауапты адам ретінде сезіну;

- дененің физикалық құрылысы, атап айтқанда репродуктивті жүйе органдары туралы, жасөспірімдердің жетілу кезінде оның организмінде болатын өзгерістер туралы;

- репродуктивті денсаулықты өмірлік құндылық ретінде сезіну туралы;

- репродуктивті денсаулықтың нашарлауына ықпал ететін факторлар және одан сақтану жолдары туралы;

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 6-11 сынып білім алушыларының және олардың ата-аналарының арасында жүргізілген онлайн сауалнаманың нәтижесінен жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулық туралы білім алғылары келетіндігі белгілі болды (1-5- қосымшалар).

Төменде зерттеу жұмысының нәтижелерін ұсынамыз.

Зерттеу нысаны: Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің 6 - 11 сынып білім алушылары және білім алушылардың ата-аналары.

Зерттеу тақырыбы: Білім алушылардың және олардың репродуктивті денсаулық туралы білім деңгейлерін анықтау.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі жағдайдағы репродуктивті денсаулықты тәрбиелеудің жай-күйін зерделеу.

Зерттеудің міндеттері:

- «денсаулық» және «репродуктивті денсаулық» ұғымын оның құрамдас бөлігі ретінде ашу;


- білім алушылардың репродуктивті денсаулығын сақтауға және қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатқа талдау жүргізу.

Ұсынылып отырған сауалнама анонимді болып табылады және дербес деректерді қамтымайды. Сұрақтарға жауап бере отырып, сіз өзіңізден алынған ақпаратты зерттеу, оларды басқа респонденттердің нәтижелерімен қорытындылау және қорытындыны тұжырымдау мақсатында өңдеуге өз келісіміңізді бересіз.

6-8-сынып білім алушыларына арналған сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз – ...

	Жауап бергендер (саны)	%
Ер бала	16 022	42,7
Қыз бала	21 489	57,3




1-сурет. Сауалнамаға қатысқан ер балалар мен қыз балалардың ара қатынасы

Жалпы білім беретін мектептерінің 6-8 сынып білім алушыларына арналған сауалнамаға 37 511 оқушы қатысқан. Олардың 16 022-сі (42,7%) ер балалар, 21 489-ы (57,3%) қыз балалар, яғни сауалнамаға жауап берген ер балаларға қарағанда қыз балалардың саны 5 467-ге көп (14,6%).

2. Нешінші сыныпта оқисыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
--	------------------------	---

6-сыныпта	12 460	33,2
7-сыныпта	12 320	32,9
8-сыныпта	12 710	33,9




2-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың сыныптар бойынша бөлінісі

Сауалнама сұрақтарына жауап берген білім алушылардың 12 460-ы – 6-сыныпта (33,2%), 12 320-сы – 7-сыныпта (32,9%), 12 710-ы – 8-сыныпта (33,9%) оқиды.

3. Сіз қайда тұрасыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Қалада	17 068	45,5
Ауылда	20 428	54,5




3-сурет. Қалалық және ауылдық білім алушылардың саны

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі, яғни 20 428-і (54,5%) ауылдық жердің тұрғындары болса, 17 068-і (45,5%) қалада тұратын білім алушылар.

4. Сіз репродуктивті денсаулық дегеннің не екенін білесіз бе?


	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	17 934	47,9
Жоқ	19 483	52,1



4-сурет. «Репродуктивтік денсаулық» ұғымы туралы білім

5. Сізде репродуктивтік денсаулықты сақтау туралы қандай да бір ақпарат бар ма?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	15 132	40,6
Жоқ	22 145	59,4





5-сурет. Репродуктивтік денсаулықты сақтау туралы ақпарат

Негізгі орта білім беру деңгейінің 15 132 білім алушысы (40,6%) репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша қандай да бір ақпарат алған болса, 22 145 (59,4%) оқушы бұндай ақпаратты алмаған.

6. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алдыңыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Ата-аналардан	8 262	26,1
Достардан	793	2,5
Мектепте	2 996	9,5
Медициналық мекемеде	2 459	7,8
БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радион)	672	2,1
Интернеттен	5 425	17,1
Жауап беруге қиналамын	11 039	34,9







6-сурет. Репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша ақпарат көзі

Репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша ақпаратты сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі, яғни 8 262-сі (26,1%) ата-аналарынан, 5 425-і (17,1%) интернеттен, 2 996-сы (9,5%) мектепте, 2 459-ы (7,8%) медициналық мекемеде, 793-і (2,5%) достарынан, 672-сі (2,1%) бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі көздерінен алған, сонымен қатар ақпаратты кімнен немесе қайдан алғандарын айтуға қиналатын оқушылар бар. Олардың саны – 11 039 немесе 34,9% құрайды.

7. Репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алғыңыз келер еді?

	Жауап бергендер (саны)	%
Ата-аналардан	11 836	33
Достардан	1 260	3,5
Мектепте	5 413	15,1
Медициналық мекемеде	6 799	19
БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радио)	672	1,9
Интернеттен	4 107	11,5
Жауап беруге қиналамын	5 778	16,1




7-сурет. Репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты алу көздері

Аталған мәселе бойынша ақпаратты кімнен/қайдан алғыңыз келер еді деген сұрақтың жауабынан білім алушылардың басым бөлігі, яғни 11 836-сы (33%) бұл ақпаратты ата-аналарынан алған дұрыс деп есептейтінін байқауға болады. Медициналық мекемеде – 6 799 (19%), мектепте – 5 413 (15,1%), интернеттен – 4 107 (11,5%), достарынан – 1 260 (3,5%), бұқаралық ақпарат құралдарынан – 672 (1,9%) деп жауап берсе, 5 778 білім алушы немесе сауалнамаға қатысулардың 16,1%-і жауап беруге қиналған.

8. Репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша ақпарат пен кеңестер қажет деп ойлайсыз ба?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	23 972	65,1
Жоқ	12 874	34,9



8-сурет. Репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша ақпарат пен кеңестердің қажеттілігі

Сауалнамаға жауап берген 6-8 сынып білім алушыларының басым бөлігі, яғни 23 972-сі (65,1%) репродуктивті денсаулық бойынша ақпарат пен кеңестер қажет деп санаса, 12 874-і (34,9%) қажет емес деп санайды.

Негізгі орта білім беру деңгейі білім алушыларының репродуктивтік денсаулық туралы сауалнамаға қатысушыларының жауаптарынан келесідей қорытынды жасауға болады:


- репродуктивтік денсаулыққа қызығушылық танытушылардың көпшілігі қыз балалар немесе сауалнамаға жауап берушілердің 57,3%-і;
- негізгі орта білім беру деңгейінің 6-шы, 7-ші және 8-ші сыныптарының білім алушылары бірдей дерлік қызығушылық білдіреді;
- сауалнама сұрақтарына жауап беру барысында ауылдық жердің білім алушылары белсенділік танытқан;
- сауалнамаға қатысушы оқушылардың көпшілік бөлігі немесе 52,1%-і репродуктивті денсаулық дегеннің не екенін білмейді;
- 59,4% бұл мәселе бойынша ақпарат алмаған;
- репродуктивті денсаулықты сақтау туралы қандай да бір ақпаратты балалар негізінен ата-аналарынан және мектепте (медицина қызметкерінен немесе пәндердің мазмұнынан) алған, алайда жауап берушілердің көпшілігі ақпаратты кімнен немесе қайдан алғандары туралы айтуға қиналған;
- өз денсаулықтарын сақтау туралы ақпаратты білім алушылардың көпшілігі ата-аналарынан алған дұрыс деп есептесе, сауалнамаға қатысушылардың 16,1%-і ақпаратты кімнен/қайдан алуға болатынын айтуға қиналған;
- еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінің 6-8 сынып білім алушылары репродуктивтік денсаулық туралы ақпарат пен кеңес қажет деп есептейді.

9-сынып білім алушыларына арналған сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз

	Жауап бергендер (саны)	%
Ер бала	5 081	40,4

Қыз бала	7 503	59,6
----------	-------	------




9-сурет. Сауалнамаға қатысқан ер балалар мен қыз балалардың ара қатынасы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып білім алушыларының репродуктивті денсаулық туралы білім деңгейлерін анықтауға арналған сауалнаманың бірінші сұрағына жауап берген 12 584 оқушының 5 081-і немесе 40,4%-і ер балалар және 7 503-і немесе 59,6%-і қыз балалар.

2. Сіз қайда тұрасыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Қалада	5 359	42,6
Ауылда	7 230	57,4




10-сурет. Қалалық және ауылдық білім алушылардың саны

Сауалнамаға қатысқан 9-сынып білім алушыларының басым бөлігі, яғни 7 230-ы немесе 57,4% ауылды жерде тұратындар, 5 359-ы немесе 42,6% қалалық тұрғындар.

3. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

	Жауап бергендер (саны)	%
Болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі	6 054	48,6
Дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы	6 414	51,4



11-сурет. «Репродуктивтік денсаулық» ұғымы туралы білім


6 054 оқушы немесе сауалнамаға қатысушылардың 48,6%-і репродуктивті денсаулық – бұл болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі деп жауап берген. Ал 6 414 білім алушы немесе 51,4%-і репродуктивті денсаулық – дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы деген жауапқа тоқталған.


Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша репродуктивтік денсаулықтың түсініктемесіне осы екі анықтаманы да жатқызуға

болады. Демек негізгі орта білім беру деңгейін бітіретін түлектер бұл ұғымды дұрыс тұжырымдай алады деп айтуға болады.

4. Репродуктивті денсаулық ненің себептерінен бұзылуы мүмкін?

	Жауап бергендер (саны)	%
Гигиена ережелерін сақтамау	3 368	27
Компьютерде ұзақ отыру	499	4
Дұрыс тамақтанбау (чипсы, кока-кола және т.б.)	2 363	18,9
Тар, ыңғайсыз киім кию	132	1,1
Жағымсыз әдеттер (темекі шегу, ішімдік ішу)	4 728	37,9
Жауап беруге қиналамын	1 380	11,1






12-сурет. Репродуктивті денсаулықтың бұзылу себептері туралы пікір

Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі, яғни 37,9%-і немесе 4 728 оқушы репродуктивті денсаулықтың бұзылуының басты себебі жағымсыз әдеттердің болуынан (темекі шегу, ішімдік ішу) деп есептесе, 3 368-і (27%) гигиена ережелерінің сақталмауынан, 2 363-і (18,9%) дұрыс тамақтанбаудан, сонымен қатар компьютерде ұзақ ойнау мен тар, ыңғайсыз киім кию де әсерін тигізеді деп санайтындар да бар. Сондай-ақ, 1 380 білім алушы сауалнаманың бұл сұрағына жауап беруге қиналған.

5. Ата-аналарыңыз сізбен ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелесе ме?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	6 064	48,4
Жоқ	4 271	34,1
Мен онсыз да бәрін білемін	2 197	17,5





13-сурет. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы ата-аналардың әңгімелесуі

Сауалнамаға қатысқан 9-сынып білім алушыларының 6 064-інің немесе 48,4%-інің ата-аналары балаларымен ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелескен, 4 271-інің немесе 34,1%-інің ата-аналары бұл мәселе бойынша сөз қозғамаған. Ал респонденттердің 6 064-і немесе 48,4%-ы бұл мәселе бойынша «Мен онсыз да бәрін білемін» деп жауап берген.

6. Достарыңызбен қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлесесіздер ме?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	3 187	25,4
Жоқ	4 169	33,2
Кейде	4 807	38,3

Біз бұл тақырыпты үнемі талқылап отырамыз	387	3,1
---	-----	-----





14-сурет. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы достарымен әңгімелесу

Сауалнамаға қатысқан 3 187 (25,4%) білім алушы қыз балалар мен ұл балалардың арасындағы қарым-қатынас туралы достарымен сөйлесетіндерін, 4 169 (33,2%) оқушы бұл бағытта құрбыларымен әңгімелеспейтіндерін, 4 807 (38,3%) кейде сөйлесетіндерін көрсеткен. Ал 387 (3,1%) оқушы достарының арасында бұл тақырыпты үнемі талқылап отыратындықтарын айтқан.

7. Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық бересіз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Отбасына	4 296	34,5
Мектепке, мұғалімдерге	374	3
Дәрігерлерге	3 342	26,8

Достарыма	658	5,3
Интернетке	1 265	10,1
Теледидарға	111	0,9
Жауап беруге қиналамын	2 419	19,4





15-сурет. Репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша ақпарат көздері

Респонденттердің 4 296-сы немесе 34,5%-і репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты отбасынан алған дұрыс деп санаса, 3 342-сі немесе 26,8%-і дәрігерлерден, 1 265-сі немесе 10,1%-і – интернеттен, 658-і немесе 5,3%-і достарынан алуға басымдық береді. Сонымен қатар 2 419 (19,4%) білім алушы репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық беру қажеттігін білмейтіндіктерін білдірген.

8. Медицина қызметкерінен/маманынан қандай мәселе туралы ақпарат алғыңыз келер еді?

	Жауап бергендер (саны)	%
--	------------------------	---

Бала және оның пайда болуы мен дүниеге келуі туралы	496	4
Медициналық тексеруден өту туралы	3 458	27,7
Репродуктивтік функцияға әсер ететін кез келген мүшелер мен жүйелердің аурулары туралы	2 838	22,7
Репродуктивті денсаулық туралы	3 084	24,7
Жауап беруге қиналамын	2 607	20,9




16-сурет. Медицина қызметкерінен алуға болатын ақпарат түрлері

Медицина қызметкерінен/маманынан қандай мәселе туралы ақпарат алғыңыз келер еді сұрағына: 3 458 (27,7%) білім алушы медициналық тексеруден өту туралы, 3 084 (24,7%) – репродуктивті денсаулық туралы, 2 838 (22,7%) – репродуктивтік функцияға әсер ететін кез келген мүшелер мен жүйелердің аурулары туралы және 496 (4%) бала және оның пайда болуы мен дүниеге келуі туралы туралы ақпарат алғылары келетіндігін көрсеткен. Ал 2 607 (20,9%) қатысушы бұл сұраққа жауап беруге қиналған.

9. Сіздің ойыңызша, репродуктивтік денсаулықты сақтау үшін не істеу қажет?

	Жауап бергендер (саны)	%
Мерзімдік медициналық тексеруден өтіп отыру	2 965	23,7
Салауатты өмір салтын ұстану	5 046	40,3
Репродуктивті жүйе аурулары туралы қосымша ақпарат алу	561	4,5
Жеке гигиена ережелерін ұстану	1 292	10,3
Дұрыс тамақтану	573	4,6
Спортпен айналысу	903	7,2
Дәрумендер қабылдау	283	2,3
Жауап беруге қиналамын	902	7,2





17-сурет. Репродуктивті денсаулықты сақтау жолдары

Репродуктивті денсаулықты сақтау үшін: 5 046 (40,3%) білім алушы салауатты өмір салтын ұстану, 2 965-і (23,7%) – медициналық тексеру мерзімін сақтау, 1 292 (10,3%) – жеке гигиена ережелерін ұстану, 903 (7,2%) бала – спортпен айналысу, 573 (4,6%) – дұрыс тамақтану, 561 (4,5%) – репродуктивті жүйе аурулары туралы қосымша ақпарат алу және 283 (2,3%) – дәрумендер қабылдау қажет деп есептейді. Сонымен қатар бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналатындар да бар, олардың саны – 902 немесе 7,2%-ті құрайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып білім алушыларының репродуктивтік денсаулық туралы сауалнамаға қатысушыларының жауаптарынан келесідей қорытынды жасауға болады:

- сауалнамаға ер балаларға қарағанда қыз балалар 2 422 балаға немесе 19,2% көп;

- қалалық оқушыларға қарағанда ауылды жерде тұратын білім алушылар 1 871 балаға немесе 14,8%-ке артық қатысқан;

- репродуктивті денсаулық ұғымына берілген екі түсініктің біреуін таңдауда сауалнамаға қатысушылардың 51,4%-і – бұл дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы, ал 48,6%-і бұл болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі анықтамасын белгілеген. Яғни 9-сынып білім алушыларының репродуктивті денсаулық ұғымы туралы түсініктері бар;

- репродуктивті денсаулықтың бұзылу себептерін негізгі орта білім деңгейін бітірушілер әр түрлі тұжырымдайды;

- сауалнамаға қатысқан 9-сынып білім алушыларының көпшілігің ата-аналары өз балаларымен ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелесетінін көрсеткен;

- сауалнаманың 6-сұрағына берілген жауаптардан бұл тақырыпты жасөспірімдер достарының арасында да талқылайтынын көруге болады;

- білім алушылардың басым көпшілігі репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты отбасы мүшелерінен алу дұрыс деп санайды, ал бұл ақпаратты


мектепте мұғалімдерден немесе пәннің мазмұны арқылы алуға басымдық беретіндер саны өте аз;

- медицина қызметкерінен/маманынан қандай мәселе туралы ақпарат алғыңыз келер еді сұрағына берілген жауаптардың нәтижесінен 9-сынып білім алушыларының репродуктивтік денсаулық мәселелеріне қызығушылық танытады, яғни бұл жастағы балаларға репродуктивті денсаулық туралы ақпарат немесе білім беру қажеттілігі бар.

10-11 сынып білім алушыларына арналған сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз

	Жауап берген (саны)	%
Ер бала	5 815	37,9
Қыз бала	9 545	62,1




18-сурет. Сауалнамаға қатысқан ер балалар мен қыз балалардың ара қатынасы

Сауалнама сұрақтарына жауап берген жоғары сынып (10-11 сыныптар) білім алушыларының 9 545-і немесе 62,1% - қыз балалар, 5 815-і немесе 37,9% ер балалар.

2. Нешінші сыныпта оқисыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
10-сыныпта	8 439	55,2
11-сыныпта	6 855	44,8




19-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың сыныптар бойынша бөлінісі

Сауалнамаға 8 439 – 10-сынып және 6 855 – 11-сынып білім алушылары қатысқан, яғни қатысушылардың 55,2%-і оныншы сыныпта, ал 44,8%-і мектеп бітірушілері болып табылады.

3. Сіз қайда тұрасыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Қалада	5 894	38,4
Ауылда	9 448	61,6




20-сурет. Қалалық және ауылдық білім алушылардың саны

Сауалнамаға қатысушылардың 61,6%-і немесе 9 448 білім алушы ауылдық жерде тұратын балалар болса, 38,4%-і немесе 5 894 қалалық мектептердің оқушылары.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

	Жауап бергендер (саны)	%
Болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі	7 289	48
Дене, ақыл-ой және әлеуметтік әлауқаттың толық саулығы	7 907	52




21-сурет. «Репродуктивтік денсаулық» ұғымы туралы білім

Репродуктивті денсаулық ұғымына 7 907 білім алушы, яғни сауалнамаға қатысушылардың 52%-і дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы деген түсінік берсе, 7 289-ы немесе 48%-і – болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі деген тұжырымдамада тоқталған.

5. Сіз өзіңіздің репродуктивті денсаулығыңызға қамқорлық жасайсыз ба?

	Жауап бергендер (саны)	
Иә	14 536	95,3
Жоқ	717	4,7




22-сурет. Репродуктивтік денсаулықты сақтау туралы ақпарат

14 536 білім алушы (95,3%) өздерінің репродуктивті денсаулықтарына қамқорлық жасайтындықтарын айтса, 717 (4,7%) денсаулықтары туралы ойланбайтындарын айтқан.

6. Сіз өзіңіздің репродуктивті денсаулығыңызға қалай қамқорлық жасайсыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Спортпен шұғылданамын	4 145	27,1
Салауатты өмір салтын ұстанамын	5 028	32,9
Дәрігер маманға үнемі қаралып отырамын	561	3,7
Дұрыс тамақтанамын	1 290	8,4
Жеке гигиена ережелерін сақтаймын	4 256	27,9




23-сурет. Репродуктивті денсаулыққа қамқорлық жасау жолдары

5 028 жоғары сынып білім алушылары, яғни сауалнамаға қатысушылардың 32,9%-іөздерінің репродуктивті денсаулықтарын сақтау үшін салауатты өмір салтын ұстанатындарын белгілеген. 4 256 (27,9%) – жеке гигиена ережелерін сақтау, 4 145 (27,1%) – спортпен шұғылдану, 1 290 (8,4%) – дұрыс тамақтану және 561 (3,7%) оқушы – дәрігер маманға үнемі қаралып отыру қажет деген пікір білдірген.

7. Ата-анаңыз сізбен жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынастар туралы әңгімелесе ме?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	7 702	50,4
Жоқ	4 689	30,7
Мен онсыз да бәрін білемін	2 892	18,9




24-сурет. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы ата-аналардың балараымен әңгімелесуі

Сауалнама сұрақтарына жауап берген 7 702 (50,4%) білім алушының ата-аналары жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынастар туралы әңгімелеседі, 4 689 (30,7%) оқушының ата-аналары бұл тақырыпты қозғамайды, ал 2 892 (18,9%) бала бұл мәселені өздері туысқандарының көмегінсіз-ақ толық білетіндерін атап көрсеткен.

8. Достарыңызбен жігіттер мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлесесіздер ме?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	4 519	29,5
Жоқ	4 012	26,2
Кейде	6 134	40,1
Біз бұл тақырыпты үнемі талқылап отырамыз	631	4,1





25-сурет. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы достармен пікір алмасу

6 134 немесе респонденттердің 40,1%-і жігіттер мен қыздар арасындағы қарым-қатынас мәселелерін ара-тұра талқылайтындықтарын айтса, 631 білім алушы немесе саулнамаға қатысушылардың 4,1%-і бұл тақырыпты достарымен жиі талқылап отыратындықтарын атап көрсеткен, сонымен қатар 4 519 (29,5%) бала бұл тақырыпты өзара талқылып отырса, 4 012 (26,2%) оқушы бұл тақырыпты талқыламайтындықтарын белгілеген.

9. Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық берер едіңіз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Отбасына	6 148	40,5
Мектепке, мұғалімдерге	543	3,6
Дәрігерлерге	3 721	24,5
Достарыма	915	6
Интернетке	1 357	8,9

Теледидарға	82	8,9
Жауап беруге қиналамын	2 414	15,9




26-сурет. Репродуктивті денсаулық туралы ақпарат басым көздері

Сауалнамаға қатысқан жоғары сынып білім алушыларының басым бөлігі, яғни 6 148-і немесе респонденттердің 40,5%-і репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты өз отбасынан, яғни ата-аналарынан, туысқандарынан алған дұрыс деп санайды. 3 721-і немесе 24,5%-і – дәрігерлерден, 1 357-сі немесе 8,9%-і – интернеттен, 915-і немесе 6%-і – достарынан, 543-і немесе 3,6%-і – мұғалімдерінен, 82-сі немесе 8,9%-і теледидардан алу қажет деп санаса, 2 414 білім алушы, яғни сауалнамаға қатысқан 10-11 сынып білім алушыларының 15,9%-і репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық беретіндерін айтуға қиналған.

10. Болашақта балаларыңыздың дені сау болуы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Зиянды әдеттерден аулақ болу	4 463	29,2
Салауатты өмір салтын ұстану	5 152	33,7

Өз денсаулығымды бақылау	3 749	24,5
Спортпен айналысу	665	4,3
Дұрыс тамақтану	344	2,2
Жылы киіну	561	3,7
Дәрумендер қабылдау	356	2,3



27-сурет. Болашақта өз балаларының дені сау болуы үшін жүргізілуі тиіс шаралар

5 152 жоғары сынып білім алушылары немесе сауалнамаға қатысқан 10-11 сынып оқушыларының 33,7%-і болашақта ұрпақтарының дені сау болуы үшін салауатты өмір салтын ұстану қажет десе, 4 463-і немесе 29,2%-і – зиянды әдеттерден аулақ болу, 3 749-ы немесе 24,5%-і – өз денсаулығын бақылап отыру, 665-і немесе 4,3%-і – спортпен айналысу, 561-і немесе 3,7%-і – жылы киіну, 356-сы (2,3%) – дәрумендер қабылдап отыру және 344-сы (2,2 %) – дұрыс тамақтану керек деп түсіндіреді.



Жалпы білім беретін мектептердің 10-шы және 11-сынып білім алушыларының репродуктивті денсаулық туралы сауалнамасынан келесідей қорытынды жасауға болады:

- сауалнама сұрақтарына жауап беруде ер балаларға қарағанда қыз балалар белсенділік танытқан, яғни қыздардың саны ұлдарға қарағанда 3 730-ға артық;
- сауалнамаға мектеп бітірушілерге қарағанда 10-сынып оқушылары көбірек қатысқан, яғни олардың саны 1 584-ке артық;
- сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі, яғни 61,6%-і ауылда тұратын білім алушылар;
- «репродуктивті денсаулық» ұғымына берілген екі анықтаманы таңдаудан жоғары сынып оқушыларының 52%-і «дене, ақыл-ой және әлеуметтік әлауқаттың толық саулығы» түсініктемесіне басымдық берген, яғни білім алушылар репродуктивті денсаулық үшін адамның физикалық, ақыл-ой денсаулығы және әлеуметтік жағдайы маңызды деп санайды;
- жоғары сынып білім алушыларының басым бөлігі өздерінің репродуктивті денсаулығын сақтауға назар аударады және ол үшін салауатты өмір салтын ұстанады, спортпен айналысады;
- жоғары сынып оқушылары ата-аналарының басым бөлігі өз балаларымен жігіттер мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлеседі, алайда бұл тақырыпты қозғамайтын ата-аналар да (30,7%) бар екенін, сонымен қатар бұл тақырыпты жастар өз арасында да талқылайтынын айта кету қажет;
- жоғары сынып білім алушыларының басым бөлігі репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты өз ата-аналарынан (40,5%), дәрігерлерден (24,5%), интернеттен (8,9%) алған дұрыс деп есептейді. Бұл ақпараттың мектепте берілуін сауалнамаға қатысушылардың 3,6%-і қолдаған;
- 10-11 сынып оқушылары болашақта өз балаларының дені сау болуы үшін салауатты өмір салтын ұстану (33,7%), зиянды әдеттерден аулақ болу (29,2%), өз денсаулығын бақылап отыру (24,5%) қажет деп есептейді, сонымен қатар спортпен айналысудың, жылу киінудің, дұрыс тамақтанудың да маңызы ескеру қажет екенін ескерген балаларда бар.

6-9 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнама

1. Сіздің балаңыз нешінші сыныпта оқиды?

	Жауап бергендер (саны)	%
6-сыныпта	12 737	29
7-сыныпта	11 247	25,6
8-сыныпта	9 969	22,7
9-сыныпта	9 921	22,6




28-сурет. Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың балалардың сыныбына байланысты бөлінісі

Негізгі орта білім беру деңгейі білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнамаға 43 874 адам қатысқан. Олардың 29%-і немесе 12 737-сі – 6-сынып; 25,6%-і немесе 11 247-сі – 7-сынып; 22,7%-і немесе – 9 969-ы – 8-сынып; 22,6%-і немесе 9 921-і – 9-сынып оқушыларының ата-аналары.

2. Білім алушымен туыстық қатынасыңыз.

	Жауап бергендер (саны)	%
Анасымын	40 217	91,5
Әкесімін	1 774	4
Әжесімін	837	1,9
Атасымын	0	0
Қамқоршысымын	279	0,6
Басқа	797	1,8




29-сурет. Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың білім алушымен туыстық қатынасы

Сауалнамаға қатысқандардың білім алушымен туыстық қатынасын талдайтын болсақ, басым бөлігі, яғни 40 217-сі (91,5%) – балалардың анасы, 1 774-і (4%) – балалардың әкесі болса, 837-сі (1,9%) – әжелері, 279-ы (0,6%) – қамқоршылары, 797-сі (1,8%) – басқа да туыстары.

3. Сіз қайда тұрасыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Қалада	20 832	47,3
Ауылда	23 180	52,7





30-сурет. Қалалық және ауылдық ата-аналар саны

Сауалнамаға 23 180 (52,7%) ауылдық ата-ана, 20 832 (47,3%) қалалық ата-аналар қатысқан.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

	Жауап бергендер (саны)	%
Болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі	24 751	57,1
Дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы	18 602	42,9





31-сурет. «Репродуктивтік денсаулық» ұғымы туралы білім

24 751 (57,1%) ата-ана «репродуктивті денсаулық» деген ұғымға «болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі деген түсініктеме берсе, 18 602-сі (42,9%) «дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы» деген анықтамаға тоқтаған.

5. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлестіңіз бе немесе сөйлесуді жоспарладыңыз ба?

	Жауап берген (саны)	%
Иә, сөйлестім	21 691	49,4
Сөйлесуді жоспарлап жүрмін	13 617	31
Жоқ, сөйлесу туралы ойлаған емеспін	8 569	19,5




32-сурет. Ата-аналардың балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлесу жоспарлары

21 691 (49,4%) ата-ана өздерінің балаларымен репродуктивті денсаулық туралы сөйлескен, 13 617-сі (31%) – сөйлесуді жоспарлап жүр, 8 569-ы (19,5%) – сөйлесу туралы ойланбаған.

6. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет пе?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	36 410	83,1
Жоқ	2 202	5
Жауап беруге қиналамын	5 216	11,9





33-сурет. Ата-аналардың балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлесудің қажеттілігі/қажет еместігі туралы ойлары

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 36 410-ы (83,1%) балалармен репродуктивті денсаулық туралы сөйлесу қажет деп есептесе, 2 202-сі (5%) қажеті жоқ деп санайды, ал 5 216 (11,9%) бұл сұраққа бір жақты жауап беруге қиналған.

7. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Бастауыш сыныптардан баста	5 605	12,9
5-сыныптан	5 906	13,6
6-сыныптан	4 933	11,4
7-сыныптан	6 756	15,6
8-сыныптан	5 010	11,5
9-сыныптан	5 310	12,2
Жоғары сыныптарда (10-11 сыныптар)	5 685	13,1
Жауап беруге қиналамын	4 174	9,6






34-сурет. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айтуды бастаудың болжалды уақыты

«Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет пе?» сұрағына «иә» деп жауап берген респонденттердің 6 756-сы немесе 15,6%-і балалармен репродуктивті денсаулық туралы әңгімені 7-сыныпта бастаған дұрыс деп есептесе, 5 906-сы немесе 13,6%-і – 5-сыныптан, 5 685-і немесе 13,1%-і жоғары сыныптарда, 5 605-і немесе 12,9%-і бастауыш сыныптарда, 5 310-ы немесе 12,2%-і 9-сыныпта, 5 010-ы немесе 11,5%-і 8-сыныпта, 4 933-ы немесе 11,4%-і 6-сыныпта бастаған дұрыс деп санайды, сонымен қатар 4 174-і немесе 9,6%-і бұл сұраққа жауап беруге қиналған.

8. Сіздің ойыңызша, балалар репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

	Жауап бергендер (саны)	%
Ата-аналарынан	25 518	58,3
Достарынан	373	0,9
Мектепте	6 096	13,9
Медициналық мекемеде	7 781	17,8
БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радион)	442	1
Интернеттен	961	2,2
Жауап беруге қиналамын	2 612	6



35-сурет. Репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты алу көздері

Ата-аналардың басым бөлігі балалар, яғни 25518-і (58,3%) репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты өз ата-аналарынан естіген дұрыс деп есептейді. 7781-і немесе 17,8%-і бұл ақпаратты балаларға медициналық мекеме қызметкерлері жеткізуі тиіс десе, 6096 ата-ана (13,9%) аталған мәселе мектепте берілуі тиіс деген пікір білдірген. Сонымен қатар, 961-і немесе 2,2%-і – балалар ақпаратты интернеттен өздіктерінен алулары тиіс деп есептейді, бұқаралық ақпарат құралдарынан алулары тиіс деушілердің саны – 442 (1%) болса, достарынан алу деушілердің саны – 373 (0,9%) құраған. Сондай-ақ бұл сұраққа жауап беруге қиналатындар да бар, олардың саны – 2612 немесе жалпы сауалнамаға қатысушылардың 6% құрайды.

9. Сіздің ойыңызша, елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә, қажет	29 380	67
Жоқ, қажет емес	3 390	7,7
Оның қажеттілігін сезінбеймін	4 782	10,9
Жауап беруге қиналамын	6 285	14,3



36-сурет. Жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?

Сауалнаманың соңғы, яғни «елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?» сұрағына ата-аналардың көпшілігі 29 380-і (67%) – қажет, 4 782-і (10,9%) – қажеттілігін сезінбеймін, 3 390-ы (7,7%) -қажет емес деп жауап берсе, 6 285-і (14,3%) бұл сұраққа бір жақты жауап беруге қиналған.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-9 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнамаға:


- негізінен балалардың аналары – 40 217 (91,5%-і) қатысқан, бұл көрсеткіштен аналарды болашақ ұрпақтың денсаулық мәселесі толғандырады;

- қатысқан ауылдық және қалалық ата-аналардың арақатынасындағы алшақтық (5,4%) онша көп емес;
- 12-16 жасар балалардың ата-аналары өз балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлескен немесе сөйлесуді жоспарлайды;
- ата-аналарының басым бөлігі 6-9 сынып оқушылары репродуктивті денсаулық туралы білулері қажет деп есептейді;
- «балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз?» сұрағына берілген жауаптарды талдаудың нәтижесінен ата-аналардың бұл мәселені қозғау туралы пікірлері әр түрлі;
- ата-аналардың көпшілігі балалары бұл мәселе бойынша ақпаратты ата-аналарынан, медициналық мекемеде, мектепте алған дұрыс және елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу қажет екендігі туралы ой білдіреді деген қорытынды жасауға болады.

10-11 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнама

1. Сіздің балаңыз нешінші сыныпта оқиды?

	Жауап бергендер (саны)	%
10-сыныпта	6 471	53,8
11-сыныпта	5 551	46,2



37-сурет. Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың балалардың сыныбына байланысты бөлінісі

Репродуктивті денсаулық бойынша сауалнамаға 10-сынып білім алушыларының 6 471 (53,8%), 11-сыныптың – 5 551 (46,2%) ата-анасы қатысқан.

2. Сіздің білім алушымен туыстық қатынасыңыз.

	Жауап бергендер (саны)	%
Анасымын	11 138	91,3
Әкесімін	548	4,5
Әжесімін	173	1,4

Атасымын	18	0,1
Қамқоршысымын	88	0,7
Басқа	233	1,9




38-сурет. Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың білім алушымен туыстық қатынасы

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың басым бөлігі балалардың аналары – 11 138 (91,3%), әкелері – 548 (4,5%), әжелері – 173 (1,4%), аталары – 18 (0,1%), қамқоршылары – 88 (0,7%) және 233-і (1,9%) басқа туыстары немесе ағалары, апалары, нағашылары және т.б.

3. Сіз қайда тұрасыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Қалада	5 002	41
Ауылда	7 195	59




39-сурет. Қалалық және ауылдық ата-аналар саны

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі ауыл тұрғындары – 7 195 (59%), қалалық ата-аналар саны – 5 002 немесе қатысушылардың 41%-і.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

	Жауап бергендер (саны)	%
Болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі	6 895	57,3
Дене, ақыл-ой және әлеуметтік әлауқаттың толық саулығы	5 143	42,7





40-сурет. «Репродуктивтік денсаулық» ұғымы туралы білім

«Репродуктивті денсаулық» ұғымына сауалнамаға қатысушы ата-аналардың басым бөлігі, яғни 6895-і (57,3%) «болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі» деген түсінік берген. 5143 ата-ана немесе 42,7%-і «дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы» деген пікірге басымдық берген.

5. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлестіңіз бе немесе сөйлесуді жоспарладыңыз ба?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә, сөйлестім	7 567	62,2
Сөйлесуді жоспарлап жүрмін	2 810	23,1
Жоқ, сөйлесу туралы ойлаған емеспін	1 792	14,7






41-сурет. Ата-аналардың балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлесу жоспарлары

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың басым бөлігі, яғни 7567-сі (62,2%) өз балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлескен, 2810-ы немесе 23,1%-і сөйлесуді жоспарлап жүрсе, 1792-сі немесе жалпы қатысқан ата-аналардың 14,7%-і бұл тақырыпта сөйлесу туралы ойланбағандарын көрсеткен.

6. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет пе?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә	10 466	86,2
Жоқ	515	4,2
Жауап беруге қиналамын	1 166	9,6






42-сурет. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айтудың қажеттілігі

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың басым бөлігі, яғни 10466-сы (86,2%) балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет деген пікір білдірген. 1166-сы немесе 9,6%-і жауап беруге қиналса, 515 ата-ана немесе қатысушылардың 4,2%-і бұл тақырыпта балалармен сөйлесудің қажеттілігі жоқ деп санайды.

7. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз?

	Жауап бергендер (саны)	%
Бастауыш сыныптардан бастап	1 284	10,7
5-сыныптан	1 221	10,2
6-сыныптан	517	4,3
7-сыныптан	1 435	12
8-сыныптан	1 299	10,8
9-сыныптан	1 979	16,5
Жоғары сыныптарда (10-11 сыныптар)	3 218	26,8
Жауап беруге қиналамын	1 054	8,8





43-сурет. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айтуды бастаудың болжалды уақыты

«Балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз?» сұрағына 3218 ата-ана немесе 26,8%-і бұл тақырыпты жоғары сыныптарда бастаған дұрыс деп есептейді. 1979-ы немесе 16,5%-і – 9-сыныпта, 1435-і немесе 12%-і – 7-сыныпта, 1299-ы немесе 10,8%-і – 8-сыныпта бастау қажет деген пікір білдірген. Сонымен қатар, 1284 ата-ана аталған мәселе бойынша балалармен сөйлесуді бастауыш сыныптарда бастау қажет деп санайды, бұл сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 10,7%-ін құрайды. Яғни, ата-аналардың пікірінше репродуктивті денсаулық туралы балалармен сөйлесу қажет.

8. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлестіңіз бе?

	Жауап берген (саны)	%
Иә	7 997	65,8
Жоқ	3 182	26,2
Бұл әңгімені неден бастарымды білмеймін	977	8




44-сурет. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы ата-аналардың әңгімелесуі

Көптеген ата-аналар, дәлірек айтатын болсақ сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 7997-сі немесе 65,8%-ы өз балаларымен жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлескен. 3182 ата-ана немесе 26,2%-ы бұл мәселені қозғамаған, ал 977-сі немесе 8%-ы бұл әңгімені неден бастарын білмейтіндіктерін айтқан.

9. Сіздің ойыңызша, балалар репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

	Жауап берген (саны)	%
Ата-аналарынан	7 118	58,6
Достарынан	181	1,5
Мектепте	1 481	12,2
Медициналық мекемеде	1 995	16,4
БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радио)	143	1,2
Интернеттен	425	3,5
Жауап беруге қиналамын	797	6,6




45-сурет. Репродуктивті денсаулық туралы ақпарат алу көздері

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 7118-і немесе 58,6%-і жоғары сынып білім алушылары репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты өз ата-аналарынан алулары тиіс деп есептейді. 1995-і немесе 16,4%-і медицина мекемесінің қызметкерлерінен, 1481 ата-ана (12,2%) аталған мәселе бойынша білім мектепте берілуі тиіс десе, 425-і немесе ата-аналардың 3,5%-і балалар бұл ақпаратты өздіктерінен интернеттен іздеп танысулары қажет деп санайды. 143-і (1,2%) БАҚ -тан, 181-і (1,5%) – достарынан алулары тиіс деп есептейді. Сонымен қатар, бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналатын ата-аналар да бар, олардың саны –797, 6,6%-ды құраған.

10. Сіздің ойыңызша, балалар контрацепция туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

	Жауап бергендер (саны)	%
Ата-аналарынан	5 633	46,7

Достарынан	228	1,9
Мектепте	1 572	13
Медициналық мекемеде	2 771	23
БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радио)	165	1,4
Интернеттен	434	3,6
Жауап беруге қиналамын	1 255	10,4




46-сурет. Контрацепция туралы ақпарат алу көздері

Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі, яғни 5633-і (46,7%) балалар контрацепция туралы ақпаратты өз ата-аналарынан, 2771-і (23%) – медицина мекемелерінің қызметкерлерінен, 1572-сі (13%) – мектептен, 434-і (3,6%) – интернеттен, 228-і (1,9%) – достарынан, 165-і (1,4%) – бұқаралық

ақпарат құралдарынан алулары тиіс деп санайды. Сондай-ақ, 1255 ата-ана (10,4%) бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналатындықтарын көрсеткен.

11. Сіздің ойыңызша, елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?

	Жауап бергендер (саны)	%
Иә, қажет	8 335	68,7
Жоқ, қажет емес	1 023	8,4
Оның қажеттілігін сезінбеймін	1 259	10,4
Жауап беруге қиналамын	1 524	12,6



47-сурет. Жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізудің және дамытудың қажеттілігі

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың басым бөлігі, яғни 8335-і (68,7%) елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін

енгізу және дамыту қажет деп есептесе, 1259-ы (10,4%) бұндай білімнің қажеттігін сезінбейтіндіктерін және 1023-і (8,4%) аталған білім жүйесі қажет емес деп санайды. Сондай-ақ бұл сұраққа біржақты жауап беруге қиналатын ата-аналар да бар, олардың саны 1524 немесе 12,6% құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сауалнамаға:

- 10-сынып білім алушыларының 6471 ата-анасы және 11-сынып білім алушыларының 5551 ата-анасы сауалнама сұрақтарына жауап берген, яғни бұл сәйкесінше 53,8 және 46,2% құрайды;

- сауалнамаға қатысушылардың негізінен бөлігін балалардың аналары құрайды – 11 138 (91,5%-і) қатысқан, бұл көрсеткіштен аналарды болашақ ұрпақтың денсаулық мәселесі толғандырады;

- қатысқан ауылдық және қалалық ата-аналардың арақатынасындағы алшақтық (18%) біршама көп;

- жоғары сынып оқушыларының ата-аналары өз балаларымен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлескен немесе сөйлесуді жоспарлайды, яғни бұл тақырыпқа немқұрайлы қарамайды;

- ата-аналарының басым бөлігі балалары репродуктивті денсаулық туралы білулері қажет деп есептейді;

- «балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз?» сұрағына берілген жауаптарды талдаудың нәтижесінен ата-аналардың бұл мәселені қозғау туралы пікірлері әр түрлі, дегенмен бұл мәселені жоғары сыныптарды қозғаған дұрыс;

- сонымен қатар, ата-аналар бұл жастағы балалардың контрацепция туралы ақпаратты алулары және білулері тиіс екендігіне басымдық берілген деген қорытынды жасауға болады.

Атқарылған істі қорытындылай келе, сауалнамаға қатысқан білім алушылар мен олардың ата-аналары «репродуктивті денсаулық» ұғымын дұрыс түсінеді, себебі ұсынылған жауаптың екі нұсқасы да бұл ұғымның мағынасын ашады деп айта аламыз.

Аталған проблеманың екінші маңызды жағы – бұл мәселе бойынша ақпарат алу көздері. Оның жасөспірімдер ортасындағы негізгі көзі – мінез-құлқы саласындағы көзқарастарды қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын құрдастары мен достары болып табылады, алайда сауалнаманың қорытындысына сүйенсек жасөспірімдер бұл деректі өз ата-аналарынан алғанды дұрыс деп атайды.

Отбасы жасөспірімдердің мінез-құлқы мен таңдауына ең күшті әсер етуші күш. Жасөспірімдердің көпшілігі өз ата-аналарының қолдауын көріп, кеңестерін тыңдағылары келеді. Алайда, кейбір жағдайларда ата-аналар өз балаларымен репродуктивті денсаулық, болашақтағы отбасылық өмір мәселесін талқылауға дайын емес және балаларына қандай ақпарат берілуі тиіс екеніне сенімсіз.

Кейбір зерттеушілер ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас балалардың мінез-құлқы мен жасөспірімнің денсаулықты сақтау туралы түсініктерінің қалыптасуының айқындаушы факторы болып табылады деп есептейді. Әдетте, балалар мен ата-аналар болашақта ұрпақты болу

проблемаларын талқылау кезінде бұл тақырыпта әңгіме қозғауды ыңғайсыз деп санаудың нәтижесінде қиын жағдайларға тап болады. Көпшілік жағдайда ата-аналары мен балаларының арасында тұлғаның жан-жақты дамуы мен жетілуіне байланысты мәселелерді ашық талқылаулары әлі күнге дейін жабық тақырып болып табылады.

Бір кездері қыздар бұл туралы өздерінің әжелері мен аналарынан, ал ұлдар аталары мен әкелерінен білген, бүгінгі күні аға ұрпақтың (ересектер) жасөспірімдік кезеңнің гигиенасы, контрацепциялық әдістер, репродуктивтік денсаулықты сақтау жолдары және т.б. туралы қазіргі заманғы мағлұматтары жоқ екенін, бар болған жағдайда да оны өз балаларына жеткізбейтіндіктерін мойындау керек. Ата-аналар жасөспірімдерге қарым-қатынас психологиясы және контрацептивті заттарды қолдану туралы ақпарат берілуі тиіс екендігімен келіседі, бірақ олар мұндай ақпаратты өз тараптарынан ұсынбағанды жөн көрді. Бұл ақпаратты ата-ана айтқан ұят деп есептейді. Ұрпақты болу туралы ақпаратты отбасынан алмаған балалар, бұл туралы ақпаратты, білімді құрдастарынан алуға ұмтылады. Көпшілік ата-аналар репродуктивтік денсаулықты сақтау туралы білім мектепте немесе медициналық мекемелерде берілуі тиіс деген пікірге жүгінеді. Алайда, мектептерде пән аясында, сыныптан тыс шаралар барысында репродуктивтік денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері қарастырылған жөн деген қорытынды жасауға болады.

Қазақстан балалардың дене саулығы басты назардағы негізгі мәселе болып табылады. Қазақстандағы балалардың физикалық денсаулығын сақтау тәсілінің негізгі аспектілерін топтап ата болсақ::

1) Медициналық көмек

Балалардың мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық көмек алуға құқығы бар. Бұған денсаулықты тексеру, вакцинациялау және ауруды емдеу кіреді.

2) Дене тәрбиесі

Дене тәрбиесі Қазақстан мектептеріндегі оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай сабақтардың мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру және дене шынықтыру.

3) Тамақтану бағдарламалары

Қазақстанда білім беру ұйымдарындағы балалардың салауатты және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету үшін мектепте тамақтандыру бағдарламасы енгізілді.

4) Денсаулық сақтау бағдарламалары

Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

5) Денсаулықты нығайту бағдарламалары

Қазақстанда да балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын, белсенділікті және салауатты тамақтануды насихаттау бойынша науқандар өткізілуде.

Бұл тәсілдердің іске асырылуы мен тиімділігі әртүрлі факторларға, соның ішінде географиялық орналасуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және ресурстардың қолжетімділігіне байланысты өзгеруі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Дегенмен, соңғы жылдары Қазақстан ұлттық бағдарламалар мен бастамалар, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық арқылы денсаулық сақтау саласын, оның ішінде балалар денсаулығын жақсартуды жалғастыруда.

Балалардың физикалық денсаулығын сақтау және жақсарту үшін әртүрлі стратегиялар қолданылады, соның ішінде:

– Иммундау: Қазақстанда әртүрлі аурулардың алдын алу үшін кең ауқымды иммундау бағдарламалары жүргізілуде.

– Мектеп денсаулығы бағдарламалары: Мектептер салауатты өмір салтын, соның ішінде дұрыс тамақтану мен дене белсенділігін насихаттауға арналған білім беру бағдарламаларын ұсынады.

– Медициналық тексеру: Балаларды үнемі медициналық тексеруден өткізу олардың физикалық дамуын бақылауға және мүмкін болатын денсаулық проблемаларын жедел анықтауға мүмкіндік береді.

– Тамақтану бағдарламалары: Қазақстандағы балалардың денсаулығын сақтау үшін теңдестірілген және құнарлы тамақтануды қамтамасыз ететін тамақтану бағдарламаларын жүзеге асыруға болады.

– Дене шынықтыру бағдарламалары: Балалар мен жастардың дене белсенділігін арттыру үшін мектептер мен қауымдастықтарда бағдарламаларды жүзеге асыруға болады.[7]

Балалардың психикалық салауаттылығына эмоционалдық денсаулық, күйзеліске төтеп беру, өмірден қуаныш пен қанағат табу, қоғамдық өмірге қатысу қабілеті жатады. Қазақстанда балалардың психикалық саулығының қалыптасуына әртүрлі факторлар әсер етеді.

Біріншіден, бұл медициналық көмекке қолжетімділікті жақсартады: Қазақстан халықтың сапалы медициналық көмекке, оның ішінде психикалық денсаулық саласында қолжетімділігін жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл медициналық мекемелерді жаңғырту, мамандарды, психологтарды даярлау және медициналық орталықтар желісін дамыту арқылы жүзеге асырылуда.

Екіншіден, білім беру бағдарламалары, өйткені психологиялық денсаулық пен психикалық салауаттылық білім беру бағдарламаларының маңызды тақырыптарына айналуға. Психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруға және оқушылардың эмоционалдық интеллект дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа оқу модульдері мен курстары енгізілуде.

Сондай-ақ, Қазақстанда психикалық салауаттылық пен балалардың психикалық денсаулығына қамқорлық жасаудың маңыздылығы туралы ақпараттандыруды арттыруға бағытталған белсенді қоғамдық науқандар жүргізілуде. Мұндай науқандар психикалық аурумен байланысты стигманы

азайтуға және ақпарат пен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Дегенмен, психикалық салауаттылық адамның жеке ерекшеліктеріне, оның әлеуметтік ортасына және жалпы өмір сүру жағдайларына байланысты көптеген факторларға байланысты күрделі, көп өлшемді құбылыс екенін есте ұстаған жөн.

Балалардың психикалық салауаттылығы Қазақстандағы маңызды бағыт болып табылады. Елімізде балалардың психикалық әл-ауқатын қолдау және жақсарту үшін әртүрлі стратегиялар мен тәсілдер қолданылады:

1) Білім беру жүйесінде психологиялық қолдау көрсетуге мән беруді күшейту. Мектептерде психикалық денсаулық бағдарламалары енгізіледі, ол мұғалімдер мен басқа мектеп қызметкерлерін балалардың психикалық денсаулығының проблемаларын тану және оларға әрекет ету үшін оқытуды қамтиды.

2) Өмірлік дағдыларды үйрету. Оқу бағдарламасы балаларға қиындықтар мен күйзелістерді жеңуге, өзіне деген сенімділікті арттыруға және басқалармен қарым-қатынасты жақсартуға көмектесетін дағдыларды дамытуға бағытталған.

3) Қолдау ортасын құру. Балалар өздерін жайлы сезіну, қолдау көрсету және эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін мектептер мен үйлерде қауіпсіз және қолдау көрсететін орталарды құруға міндеттенеді.

4) Психологиялық көмекке қол жеткізу. Психикалық денсаулығында проблемалары бар балаларды ерте анықтау және психологиялық көмек көрсету жүйесін дамыту.

5) Ақпараттық науқандарды өткізу. Балалардың психикалық денсаулығының маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру үшін балаларға, ата-аналарға және басқа да ересектерге бағытталған ақпараттық науқандар жүргізілуде.

6) Алдын алу және тәуекел топтарымен жұмыс. Тәуекел тобындағы балалармен (аз қамтылған отбасы балалары, ауыр жарақат алған балалар, дамуында кемістігі бар балалар және т.б.) алдын алу және олармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді.

7) Отбасын қолдау. Әлеуметтік қолдау бағдарламалары қиын өмірлік жағдайларға тап болған отбасыларға қызмет көрсетеді, бұл өз кезегінде балалардың психикалық әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі. [7]

Бұл шаралар балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсарту үшін жағдай жасауға, олардың табысты дамуына және әлеуметтенуіне ықпал етуге арналған.

Қазақстан ұлттық деңгейде әртүрлі бастамалар мен бағдарламалар арқылы балалардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ұмтылды. Бұған білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғауға қолжетімділікті жақсарту бағдарламалары кіреді.

Білім беру саласында Қазақстанда білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында бірқатар реформалар жүргізілді. Атап айтқанда,

мектептерде «Тегін таңғы ас» жүйесі енгізіліп, студенттерге берілетін мемлекеттік шәкіртақы көлемі ұлғайтылды.

Денсаулық сақтау саласында да Қазақстан медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, оның ішінде пренаталдық және неонаталдық көмек көрсету қызметтерін жақсарту бойынша шаралар қабылдады.

Сондай-ақ Қазақстанда балаларды, әсіресе осал жағдайға тап болғандарды, соның ішінде жетім балалар мен мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауды күшейтуде.

Міне, Қазақстанда балалар мен олардың әл-ауқатын қолдауға бағытталған кейбір шаралар мен бастамалар:

1. Заңнамалық база: Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау мақсатында бірқатар заңдар қабылданды, соның ішінде «Бала құқықтары туралы» және «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдар.

2. Білім: Қазақстанда сауаттылық деңгейі жоғары, 11-сыныпқа дейінгі барлық балалар үшін оқу міндетті. Елімізде білім сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған көптеген бағдарламалар мен бастамалар бар.

3. Денсаулық сақтау: Қазақстан Үкіметі балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған денсаулық сақтау бағдарламаларын енгізді, оның ішінде вакцинация, профилактикалық тексерулер және балаларға тегін медициналық көмек көрсетілді.[9]

4. Әлеуметтік қорғау: Қазақстанда аз қамтылған отбасылар мен балаларды қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік қорғау бағдарламалары бар. Бұған жеңіс төлемдері, материалдық көмек және әртүрлі әлеуметтік қызмет түрлері кіреді.

5. Балалар еңбегі мен қанауына қарсы күрес: Қазақстанда балалар еңбегі мен қанауымен күресу үшін бірқатар заңдар мен реттеуші шаралар қабылданды. [4]

Осы шаралардың барлығы Қазақстанның балалардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға ұмтылысын көрсетеді. Қазақстанда балалардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолданылатын кейбір шаралар:

Мемлекеттік бағдарламалар мен заңдар: Қазақстан Үкіметі балаларды, әсіресе қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды әлеуметтік қолдау шараларын қабылдауда. Балалардың құқықтарын қорғап, олардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін заңдар қабылдануда.

Білім беру бағдарламалары: Білім – әлеуметтік салауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі. Қазақстанда барлық балалардың білімге қолжетімділігін кеңейту және білім сапасын арттыру шаралары қабылданды.

Денсаулық: Сапалы медициналық көмекке қол жеткізу де балалардың әл-ауқатының негізгі аспектісі болып табылады. Қазақстанда балаларға денсаулық сақтауды жақсартуға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету: Қазақстан Үкіметі балалардың кейбір топтары неғұрлым осал болуы мүмкін екенін мойындайды және оларға қолдау көрсету үшін шаралар қабылдауда. Бұл жетім балаларды, аз қамтылған

отбасылардың балаларын және ерекше қажеттіліктері бар балаларды қамтуы мүмкін.

Балалардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үкіметтің, қоғамның және жекелеген азаматтардың бірлескен күш-жігерін талап ететін күрделі міндет екенін атап өткен жөн. Қазақстан да көптеген басқа елдер сияқты балаларының өмірін жақсартуға тырысып, осы мәселе бойынша жұмысты жалғастыруда.

Осылайша, Қазақстанда балалардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шараларға мыналар жатады:

3-кесте – Қазақстанда балалардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шаралар

№	Бағыт	Оқиғалар
---	-------	----------

1	Білім беру бағдарламалары	Сапалы білім беруді қолдау басты міндет болып табылады. Бұған мектеп бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, тегін бастауыш және орта білім алуға қолжетімділік кіреді.
---	---------------------------	--

2	Денсаулық сақтау	Балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған вакцинациялау, ауруларды ерте анықтау және басқа да денсаулық сақтау шаралары бойынша бағдарламалар
---	------------------	---

3	Психикалық әлеуметтік қолдау	Психологиялық көмек көрсететін жарақаттанған немесе еңбек жағдайында болған балаларға арналған орталықтар құру
---	------------------------------	--

4	Тамақтану бағдарламалары	Кейбір аймақтарда аз қамтылған отбасылар мен балаларды витаминдер мен минералдармен қамтамасыз ету үшін тегін азық-түлік бағдарламалары бар
---	--------------------------	---

5	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау	Мамандандырылған мекемелерді, сондай-ақ ата-аналық капиталды және қорғаншылықты алуды ынталандыру жүйесін құру
---	--	--

6	Спорттық және мәдени бағдарламалар	Балаларды жан-жақты дамыту мақсатында түрлі үйірмелер, секциялар мен іс-шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру
---	------------------------------------	---

7	Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық	Қазақстан балалардың дамуын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастықта.
---	--------------------------------------	--

8	Ерте даму бағдарламалары	Еліміздегі түрлі ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар кішкентай балалардың іргелі, психикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған бағдарламалар әзірлеуде.
---	--------------------------	--

9	Аз қамтылған отбасыларға берілетін әлеуметтік жәрдемақылар	Бұл жәрдемақылар экономикалық жағдайы қиын балалары бар отбасыларға беріледі. Олар балаға негізгі ойыншықтарды беруге көмектеседі және т.б.
---	--	---

Осы және басқа да шаралар балалардың физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Дегенмен, бұл бағдарламалардың тиімділігі әртүрлі факторларға, соның ішінде

қаржыландыруға, орындалу сапасына және т.б. байланысты болуы мүмкін екенін ескерген жөн. [8]

Бұл шаралардың барлығының мақсаты – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету және олардың дамуы мен денсаулығын қолдау.

Сонымен, баланың әл-ауқаты – баланың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік денсаулығы мен дамуын қамтитын ұғым. Бұл ауру мен қиянат сияқты келеңсіз жағдайлардың болмауы ғана емес, сонымен қатар балалық шақтың дені сау және бақытты болуына ықпал ететін жағымды факторлардың болуы.

Физикалық әл-ауқат жақсы физикалық денсаулық пен тамақтануды, сондай-ақ бала өмір сүріп, өсіп-өркендей алатын қауіпсіз ортаны қамтиды.

Эмоциялық әл-ауқат баланың психикалық денсаулығы мен өз сезімдерін басқару, жағымды қарым-қатынас орнату, жақсы көретінін және құндылығын сезіну қабілетін қамтиды.

Әлеуметтік әл-ауқат баланың басқалармен жағымды қарым-қатынас орнату және қолдау, әлеуметтік өмірге қатысу қабілетін білдіреді.

Білім беру әл-ауқаты балаға оның дағдылары мен білімін дамытуға көмектесетін және оны болашақ өмір мен мансапқа дайындайтын сапалы білімге қол жеткізуді қамтиды.

Экономикалық әл-ауқат баланың денсаулығы мен дамуын қолдау үшін әртүрлі ресурстардың болуына әсер ететін бала отбасының экономикалық тұрақтылығын білдіреді.

Балалардың әл-ауқаты отбасылардың, оқу орындарының, әлеуметтік қызметтер мен үкіметтердің мақсаты болып табылады.

3 Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына қатынасын құндылық ретінде қалыптастыру әртүрлі бейіндегі мамандардың тығыз өзара іс-қимылының қажеттілігін талап етеді. Бұл да маңызды, себебі көпшілік отбасын балалар мен жасөспірімдердің моральдық-эмоциялық тәрбиесінің маңызды

факторы деп санаса да, отбасы толыққанды репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша білім бере алмайды, бірінші кезекте ата-аналардың көпшілігінің өздерінде ұрпақты болу денсаулығының мәселелері туралы хабардар болу деңгейі төмен. Жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру функциясын басқа әлеуметтік мекемелер және ең алдымен мектеп орындайды.

Мектеп барлық балалар мен жасөспірімдерге арналған бірден-бір мемлекеттік мекеме болып табылады, сондықтан білім беру ұйымдарында репродуктивті денсаулықты тәрбиелеуді қажет ететін халық арасында жас тобына жетудің бірегей мүмкіндігі бар. Мектептің міндеті жасөспірімдердің репродуктивті денсаулыққа деген құндылық қарым-қатынасының негізін қалау, жалпыға бірдей маңызды бірқатар бағдарларды орналастыру, әдепсіздік пен беймазалықтан аулақ болу, білім берудің бұл саласына шамадан тыс болжамды сипат бермей, сонымен қатар жас ерекшеліктерін және дененің жас ерекшелігіне қарай жас өспірімдердегі жетілу кезеңінде организмдегі физиологиялық өзгерістердің сипатын ескеру қажет.

Баланы әлеуметтендіру процесінің ерекшелігі мектепке дейінгі жастағы репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие жөніндегі жұмысты заңды деп санауға мүмкіншілік туғызады және бала дамуының басқа кезеңдерінде жалғастыруды талап етеді. Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің рөлі бала жасөспірімдік жасқа жеткенде артады, оның басты себебі жас ерекшеліктерін және дененің жас ерекшелігіне қарай жас өспірімдердегі жетілу кезеңінде организмдегі физиологиялық өзгерістер болып табылады. Мектепте репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие проблемаларын ең маңызды өмірлік басымдық ретінде шешу оқушылардың біліміне, дағдылары мен қабылдауларына арналған пәндер бойынша білім беру міндеттерінде айқындалған талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады, соның ішінде:

- когнитивтік міндет – білім алушыларды адам туралы қарапайым биологиялық және физиологиялық ақпараттармен таныстыру, бастапқы көзқарастарды қалыптастыру, балалардың жасы мен даму деңгейіне байланысты білімді нақтылау, толықтыру, жүйелеу, саралау және қорыту;

- эмоционалдық және сезімдік міндет – баланың сезімі мен эмоциясын дамытуды көздейді. Бұған ұл мен қыздың сыйластық қарым-қатынаста бір-бірінің уайымына ортақ болу, жанашырлық, тілектестік сезімдерін білдіру; отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімін тәрбиелеу; нағыз еркек, нағыз әйелдер сияқты болуға ұмтылу; адамның қадір-қасиетін сезінудің дамуы;

- мінез-құлық міндеті – жасына және даму деңгейіне байланысты балалардың мінез-құлқының дағдылары мен қабілеттерін; ұл мен қыздың физиологиялық айырмашылықтарды, ұл мен қыздың қарым-қатынас мәдениетін ескере отырып, балалардың бір-бірімен қақтығыссыз мінез-құлқы мен қарым-қатынасын қалыптастыру жатады [15].

Бұл міндеттерге сәйкес мұғалім білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып олардың бойында ұл мен қыздың физиологиялық

айырмашылықтар мен нақты ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыруы, оларды табиғи және заңды деп санауға үйретуі, болашақ ер адамдар мен әйел адамдардың дұрыс қарым-қатынасын түсінуді қалыптастыруы тиіс.

Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие берудегі мұғалімдердің міндеттері келесідей болуы мүмкін:

- мектеп оқушыларын еркек және әйел организмдерінің анатомиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін түсінуге үйрету;

- балалар мен жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтың, зорлық-зомбылықтың, зәбірлеудің және азғырудың алдын алу мақсатында ұл мен қыз арасындағы қарым-қатынасты реттейтін құқықтық нормалар мен заңдарды білуге үйрету;

- эмоционалдық саланы дамыту және сезім мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде адамды сүю және адамға лайықты мәдени түрде махаббат көрсету қабілетін дамыту;

- ұл мен қыздың өзара қарым-қатынастарының әлеуметтік-бағдарланған уәждемесі негізінде тұлғалық құнды қасиеттерді тәрбиелеу;

- ұл мен қыздың айырмашылықтарын ескере отырып, өзіне және басқа адамдарға субъективті көзқарас қалыптастыру;

- репродуктивтік денсаулыққа құндылық көзқарасын қалыптастыру, салауатты өмір салтына деген қажеттілікті дамыту, гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;

- ұл мен қыздың сыйластық қарым-қатынастары саласында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;

- ұл мен қыздың мінез-құлықтары тұрғысынан өмірді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру [15].

Репродуктивті денсаулықты сақтаудың тәрбиенің негізгі принциптері:

- ұл мен қызға қатыстылық – тұлғаны қалыптастырудың маңызды тірегі болып табылады. Демек, балалардың бойында ер адам мен әйел адамның стандарттарын қалыптастыру және осы нормаларды сақтау қажеттілігі ұл мен қыздың даму үйлесімділігі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар жеке адамның қалыпты және тиімді әлеуметтенуі үшін де қажет;

- ұл мен қыздың сыйластық қарым-қатынасына тыйым салуға болмайды, керісінше, көтермелеу керек, яғни педагогикалық қолайлы тәсілдерді пайдалану тұрғысынан қарастыру қажет;

- мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің, ата-аналардың жоғары идеологиялық бағдары;

- қарым-қатынас аясы мен жасөспірімдерді ақпараттандыру тәсілдерін, оларға ықпал ету мүмкіндіктерін іздеу мен іске асыруды ескере отырып білім беру ұйымдарының, отбасылар мен қоғамның тәрбиелік күш-жігерінің бірлігі;

- оқу пәндерінің, сабақтардың, сабақтан тыс іс-шаралардың барлық мүмкіндіктерін, сондай-ақ олардың сабақтастығы мен өзара байланысын тәрбие жұмысына толық пайдалану; репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің адамгершілік тәрбиенің басқа аспектілерінен, барлық тәрбие жұмысынан бөлінбегендігі;

- ізгі ниет, түсіністік, сыйластық және дәлдік негізінде репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие үшін тәрбие іс-шараларының жан-жақтылығы мен жүйелілігі;

- ата-аналар, педагогтер мен медицина қызметкерлерінің репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиеге деген қажеттілігі, оның мақсаттары, құралдары, әдістері мен тәсілдерінің мазмұны туралы ортақ көзқараста көрінетін, балалардың жасына байланысты репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиеге бірыңғай көзқарас қағидаты;

- балалардың табиғатынан ұл немесе қыз болып жаратылуы, олардың жасын, балалардың да, ата-аналардың да психологиялық-моральдық дайындығының дәрежесін, олардың интеллектуалдық деңгейін ескеретін репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің сараланған және сатылы сипатының принципі;

- балалар алған ақпараттың сенімділігінен тұратын шыншылдық принципі;

- балаға бейімделуі тиіс ақпараттың мақсатты сипатында, атап айтқанда, репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің сараланған және сатылы сипаты қағидатын ескере отырып, жеке тәсіл принципі;

- адамгершілік атмосфера мен гигиеналық жағдайларды біріктіру принципі: егер бала өмір сүретін жағдайлар мен оның ортасы оларға сәйкес келмесе, балада батылдық немесе мейірімділік қасиеттерін тәрбиелеу мүмкін емес.

Мақсаттылық принципі (репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие мақсаттарының балалардың психологиялық-физиологиялық даму фазаларымен сәйкестігі):

- өзін-өзі тәрбиелеу (репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие көбіне баланың өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысына байланысты, ол үшін бала, жасөспірім алға қойған мақсаттарды анық түсініп, оларға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс);

- бала үшін беделді ересектердің мінез-құлқының жағымды үлгілерін қоса алғанда, пайдалы жақтарға сүйену қағидаты. Бұл принциптің психологиялық негізі – кез келген мінез-құлыққа, іс-әрекетке жағымды ынта туғызатын эмоциялық нығайту. «Зиян келтірме» және «ұялтпа»;

- балалардың табиғатынан ұл немесе қыз болып жаратылуы, олардың жасын, балалардың да, ата-аналардың да психологиялық және моральдық дайындығын, олардың интеллектуалдық деңгейін ескеруді көздейтін репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің жүйелілік, дәйектілік, күрделілік принципі, яғни сараланған және сатылы сипаты;

- белгілі бір балаға репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің сараланған және сатылы сипаты қағидатын ескере отырып бейімделуі тиіс «ақпараттың мақсатты сипатынан» көрінетін жеке (тұлғалық) тәсіл принципі.

Педагог бұл мақсаттарды, міндеттерді және қағидаттарды іске асыру барысында білім алушыларды репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша ақпараттандыруды, оларға репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беруді,

сонымен қатар оқу процесі барысында репродуктивті денсаулықты сақтауға білім беруді жоспарлайды.

Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие – мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақпаратпен таныстыруды, ғылыми, шынайы және объективті ақпаратты меңгеруді және оны беруді қарастырады. Репродуктивті денсаулықты сақтауға қ тәрбие өз құндылықтары мен көзқарастарын түсінуге және өмірдің көптеген аспектілеріне байланысты оң шешім қабылдау, болуы мүмкін қауіптерді төмендету дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді [15].

Репродуктивтік денсаулық бойынша тәрбие – жасөспірімнің бойында репродуктивті денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру және қоғамда белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес оның физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін барабар тәжірибеден өткізу және іске асыру қабілетін қалыптастыру мақсатында жеке тұлғаға мақсатты педагогикалық ықпал етудің тәрбиелік процесі болып саналады.

Репродуктивтік денсаулық туралы білім беру – мектеп оқушының жеке басына мақсатты әсер етуге бағытталған оқыту процесі. Мақсаты – білім алушының дамуы барысында репродуктивтік денсаулық бойынша білім, дағды және қабілеттерді алу және жетілдіру болып табылады. Репродуктивтік денсаулық бойынша және репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру мен оқыту сыныпта немесе мектеп қабырғасында аяқталмайды, ол өмір бойы жалғаса береді.

Жасөспірімдердің өз денсаулығын өздігінен қорғай алуы үшін қажетті білімдердің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін мұғалім, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, ата-аналар:

- республика бойынша жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты білулері;
- жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау бойынша бағдарламаларды енгізуге мәселелерінде жалпы қоғамда да, өңірде де, белгілі бір қауымдастықта да бар мәдени және басқа да дәстүрлерді ескерулері;
- өскелең ұрпақтың проблемалары мен қажеттіліктері, тәжірибеден өткен мінез-құлық, репродуктивтік денсаулық мәселелеріне қатысты жасөспірімдер ортасында бар пікірлер туралы білулері;
- репродуктивтік денсаулық туралы тиімді және тұрақты ақпарат көздерін құрулары;
- толық, уақтылы және тек тексерілген ақпаратты ұсынулары тиіс.

Сонымен қатар, салауатты өмір салтын және отбасылық өмірге дайындықты қалыптастыруды біріктіретін репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие бағдарламаларының проблемасы тағы бір маңызды аспектіге ие: репродуктивтік денсаулықты сақтау мәселелері оқу пәндерінің мазмұнына енгізілуі тиіс. Репродуктивті денсаулықты сақтау саласындағы жалпы орта білім беретін мектептің жұмысын ұйымдастыру формалары әр түрлі болуы мүмкін, мысалы:

- дүниетану, биология, әдебиет, қоғамтану, тарих тәрізді академиялық білім беретін пәндердің мазмұнындағы сабақтар және жеке сабақтардың фрагменттері. Осы мақсатта негізгі оқу жоспарының құрылымы мен мазмұнының жалпы қисынын бұзбай, осы пәндерді жоспарлауға мұғалімдер өз тараптарынан тиісті өзгерістер енгізулері тиіс.

Репродуктивтік денсаулықты сақтауға тәрбие беру психологиялық процестер мен қатынастардың физиологиясы мен психологиясы туралы білімнің таралуы ретінде құрылымдық жағынан әлеуметтенумен де, тәрбиемен де байланысты болуы тиіс. Сөйтіп, кездейсоқ бақылаулардан, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, көркем әдебиетпен немесе арнайы әдебиетпен танысу барысында білім алу әлеуметтену құрылымында репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие ретінде қарастырылуы тиіс.

Осының негізінде білім беру ұйымдары қалыптастыруға тиіс білім, дағдылар мен қабілеттердің тізбесін келесідей анықтауға болады. Оларды балалар мен жасөспірімдер өздерінің дамуы барысында денсаулықты (соның ішінде репродуктивтік денсаулықты) сақтау және салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын меңгеру мақсатында игерулері тиіс.

1-сынып. Адамның дене бөліктерінің атаулары; негізгі ішкі органдардың атауы мен орналасуы. Дене сезімдерін бағалау және дене сезімдерінің байқалуы. Отбасы ұғымы. Отбасындағы әке мен ананың рөлі.

2-3-сынып. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіндегі көбею ерекшеліктері мен көбею ерекшеліктерінің айырмашылығы. Дене сұлулығын бағалай және қадірлей білу. Адамның өз денсаулығы мен денесінің сұлулығына деген қамқорлығы нені білдіреді және қалай көрінеді. Отбасында өзара көмек көрсету қажеттілігі: ата-аналардың балаларға, бір-біріне қамқорлық жасауы, балалардың ата-аналарына көмек көрсетуі, ата-әжелерге қарым-қатынасы. Өз сезімдерін сөзбен, мимикамен, қимылдарымен көрсете білу.

4-5-сыныптар. Ұл бала мен қыз баланың өсу қарқыны мен даму ерекшеліктерінің айырмашылықтары. Ұл баланың – жігіт, ер адам; қыз баланың – қыз, бойжеткен, әйел ретіндегі өмірдегі рөлдері туралы алғашқы ұғымдар. Дене мәдениеті және гигиенасы. Адамдардың отбасында бір-біріне бейімделу ұғымы. репродуктивті денсаулықты сақтауға жауапкершілік туралы көзқарас. Жалпы айтқанда, әр түрлі адамдар арасында бір-біріне деген ұнату сезімінің пайда болуы мен көрінуі. Балалардың отбасындағы өзінен кішілерге және ересектерге қатысты қамқорлығы.

6-сынып. Ер және әйел адамдардың организмдерінің гормондық жүйелері туралы жалпы түсінік. Дене және психологиялық есею (өсу) туралы түсінік. Басқа адамдарға қатысты өз сезімдеріңізді бағалау. Адамдар қалай жанжалдасады, татуласады және жанжалдасуды болдырмау жолдары. Ата-аналар балалары өскенде және ержеткенде қандай сезімде болатыны туралы. Отбасындағы ересектердің жеке өмірі мен жеке қарым-қатынастары туралы көзқарас, ой-пікір.

7-сынып. Неке, отбасы, некені бұзу туралы құқықтық ұғымдармен танысу. Өзінің физикалық дамуын бағалай білу. Дене гигиенасы. Ұл балалар мен қыз

балалар арасындағы қарым-қатынас: ұл мен қыздың ерекшеліктері мойындау және қабылдау, өзара сыйластық, сезімін білдіру. Болашақ ата-аналардың өздерінің болашақ балаларының денсаулығына қамқорлық жасауы.

8-11-сыныптар. репродуктивті денсаулықты сақтау ерекшеліктері; репродуктивтік денсаулық; психологиялық, моральдық, медициналық аспектілер; репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын аурулар; репродуктивті денсаулықты сақтатпауға итермелеген қылмыстар үшін жауапкершілік; отбасын жоспарлау және контрацепция [15].

Яғни, жоғарыда аталған тақырыптар бойынша мәселелерді пән сабақтарында немесе сынып сағаттарының тақырыбы ретінде қолдануға болады.

Жалпы орта білім беретін мектептердің оқу пәндерінде мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау мәселелерін кіріктіру жолдары

«Дүниетану» пәнін оқытудың мақсаты: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

Пәнді оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

2) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

5) білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

6) білім алушылардың өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастарын қалыптастыру [23].

Петропавл қаласы Әлихан Бөкейханов атындағы №25 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі жоғары санатты педагог зерттеуші Сексенбаева Жанаржан Дулатовнаның бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінің оқу бағдарламасында репродуктивті денсаулықты сақтау және қауіпсіз мінез-құлық салтын қалыптастыру мәселелерін жүзеге асыру бойынша жоспарын ұсынамыз (6-қосымша).

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалар жағдайында жасөспірімдердің денсаулығы қоршаған орта мен қоғамда болып жатқан өзгерістердің неғұрлым сезімтал көрсеткіші болып табылады, сондықтан өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайын сақтауға және білім беру ұйымдарында салауатты өмір салтын ұстану, репродуктивтік денсаулықты сақтау туралы бастапқы білім беруге ерекше мән беріледі. Бұл әсіресе қоғамның тікелей репродуктивтік, интеллектуалдық, экономикалық, саяси және мәдени резервін білдіретін жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығына қатысты.

Білім беру деңгейін арттыру есебінен білім алушылардың репродуктивтік денсаулығының алдын алудың қазіргі заманғы тәсілдері елдің репродуктивтік әлеуетін сақтауға және нығайтуға ықпал етеді.

Осы орайда, академиялық білім беретін пәндердің ішінен репродуктивтік денсаулық, оны сақтау туралы білімді «Биология» оқу пәніне кіріктірудің жолдарын ұсынамыз.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру – салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу [24].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінің мазмұнында білім алушыларға репродуктивті денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтының маңыздылығы және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру туралы білім беру жолдарын ұсынамыз (7-қосымша).

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Биология» пәнінің мақсаты – білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) табиғаттың даму заңдарын түсінуге негізделе отырып, адамның табиғаттағы рөлін анықтайтын маңызды биологиялық білімдер мен біліктер ауқымын кеңейту;

2) табиғаттың даму және тіршілігін жалғастыру заңдарын жаңа білімдерді алу, оларды ары қарай дамыту және тереңдету негізі және құралы ретінде пайдалану;

3) жүйені меңгеру барысында ғылым білім мен дүниетаным негіздерін; шығармашылық дербестік пен сын тұрғысынан ойлау қабілетін; зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

4) әдеп мәселелерімен және қоғамның әлеуметтік өмірі мен еңбек әрекетіне тікелей қатысумен байланысты қоршаған шынайылықта еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін, бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамыту;

5) білім алушылардың білім алуды және өздігінен білім алуды жалғастыруы үшін қажетті зияткерлік біліктерді дамыту [25].

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Биология» пәнінің мазмұнында білім алушыларға репродуктивті денсаулықты сақтау туралы білім беру жолдарын кіріктірудің үлгі жоспарын ұсынамыз (8-қосымша).

Қазіргі кезде сабақ барысында қолданылатын ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді түрлерінің бірі – презентация болып табылады.

«Презентация» ағылшын тілінен аударғанда – көрсету, ұсыну деген мағынаны білдіреді. Мультимедиялық презентациялар – PowerPoint, Windows Movie Maker тәрізді компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, ақпаратты ұсынудың ең ыңғайлы және тиімді тәсілі болып саналады. Ол ақпаратты, дыбыс пен бейнені біріктіретін, яғни жалпы білім беретін мектептің кез келген деңгейінде, жаңа ақпаратты білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырып ұсынудың бір түрі. Таныстырылым/презентация мұғалімге осы сыныптың, тақырыптың, пәннің ерекшеліктерін негізге ала отырып, оқу материалын өз бетінше құрастыруға, сонымен қатар сабақты барынша жоғары оқу әсеріне қол жеткізетіндей етіп құруға мүмкіндік береді.

Презентацияның маңыздылығы мәтін мен иллюстрацияланған материалдың суретінде жатыр, балалардың қиялына, шығармашылық қиял-ғажайып жұмысына серпін береді, сабақты анағұрлым өнімді, эмоционалды түрде өткізуге мүмкіндік береді. Жоғары сыныптарға арналған «Адамның репродуктивті денсаулығы және оның құрамдас бөліктері. Адамның репродуктивті жүйесіне қоршаған орта факторларының әсері» тақырыбында биология пәнінен презентацияның үлгісін ұсынамыз (9-қосымша).

Оқу-әдістемелік кешендер қажет болатын факультативтік сабақтар. Мүмкіндігінше, білім алушыларға әр түрлі авторлар және авторлық ұжым әзірлеген факультативті оқуға арналған пәндердің түрлі нұсқаларын таңдауды ұсыну қажет.

Факультативтік сабақтар – бұл оқу сабақтарын негізгі оқу уақытынан бөлек ұйымдастыру түрі. Оның негізгі мақсаты – білім алушылардың академиялық пәндер бойынша алған білімдерін олардың қажеттіліктеріне, сұрауларына, қабілеттері мен бейімділіктеріне сәйкес кеңейтуге, тереңдетуге және түзетуге, сондай-ақ танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған [26].

Сонымен қатар, факультативтік сабақтар – мектептегі кез келген бір пәнге арналған қосымша сағат деп те түсіндіруге болады. Ол міндетті пәнге жатпайды. Білім алушылар мен олардың ата-аналары білім беру ұйымы ұсынатын факультатив сабақтар тізімінен өздеріне қажеттісін таңдап алуға құқығы бар.

Яғни, қосымша, дамытушы сағаттар немесе білім алушының қызығушылығына, қажеттілігіне байланысты өз қалауы бойынша қатысатын

қосымша сабақ болып табылады. Факультатив сабақтар негізгі пәндер сабақтары тәрізді топтық формада және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі [27].

Факультатив сабақтарды жалпы дамытушы, мамандық бағыт беретін, пәндік және пәнді тереңдетіп оқытатын деп бөлуге болады.

Факультатив сабақтардың қызметі мақсатына қарай келесідей бөлінеді:

- жалпы білім беретін – факультативтік сыныптарда білім алушылардың жалпы дамуы үшін жағдайлар жасалады;

- мамандық бағдар беретін – факультативтік сабақтар білім алушыларға «кәсіби сынақтарға» үлкен мүмкіндіктер бере алады, бұл олардың танымдық және кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді;

диагностикалық – әр түрлі оқу пәндері саласындағы білім алушылардың білімі мен дағдыларының нақты жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді;

дамытушы – факультативтік сабақтарда білім алушылардың танымдық және әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыру үшін жағдай жасалады;

ынталандырушы – факультативтік сабақтардағы ізденіс, таным, шығармашылық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына байланысты білім алушылардың бойында пәнді зерттеуге деген тұрақты танымдық ынта қалыптастырады [28].

Факультативтік сабақтардың мазмұнын, бағдарламасын, жоспарын әзірлеуге ерекше назар аудару қажет. Өйткені, негізгі сабақтардан кейін жүргізілуіне байланысты олардың көптеген ерекшеліктерін, яғни мектеп бағдарламасында жоқ материалдарды қамтуды ескеру қажет. Әдетте, мұғалімдер мұндай жағдайларда белгілі бір қосымша сабақтар үшін арнайы дайын сабақ әзірлемелерін пайдаланады.

Осы негізде Ақмола облысы Ақкөл қаласы Жайық Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог сарапшы Аубакиров Науан Ақанұлының бастауыш сыныптарда репродуктивті денсаулық туралы түсінік беруге және қауіпсіз мінез-құлық дағдысын қалыптастыруға бағытталған факультатив сабақтарының үлгілік тақырыптық жоспарын (10-қосымша) және негізгі орта білім беру деңгейіне арналған факультатив сабақтың үлгілік тақырыптық жоспарын ұсынамыз (11-қосымша).

Ағартушылық тәрбие жұмыстары немесе дәріс-презентациялар, сынып сағаттары, әңгімелесулер – кәметтік жасқа толмағандармен жұмыстың негізгі түрлері болып табылады.

Дәстүрлі іс-шаралармен салыстырғанда белгілі бір талаптарға сәйкес әзірленген және іске асырылатын дәріс-презентациялар жұмыстың неғұрлым тиімді нұсқасы болып саналады, мысалы – сынып сағаттары.

Мектептің негізгі мақсаты – білім алушының зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік-мәдени дамуын баршаға оңтайлы деңгейде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақсат оқу-тәрбие процесінің негізгі формалары, яғни сынып сағаттары, экскурсиялар, саяхаттар, денсаулыққа байланысты жүзеге асырылатын белгілі бір бағдарламаларға (жобаларға) қатысу арқылы іске асырылады.

Сынып сағаты – сынып жетекшісінің өз сыныбының білім алушыларымен арасындағы рухани қарым-қатынас сағаты. Сынып сағаттарының тақырыптары баланың, жасөспірімнің рухани даму қажеттілігімен, олардың мүдделерімен, талпыныстарымен анықталуы тиіс. Сонымен қатар, сынып сағаты баланың әр түрлі жағдайлардағы мінез-құлқын түзету тәсілі ретінде де әрекет ете алады. Сынып сағаты оқушыларға өмірде болып жатқан проблемалардың маңыздылығын түсінуге көмектеседі, оларды өз міндеттерін шешу процесіне тартады. Сынып сағаттарын уақыт өте келе емес, белгілі бір технологияларды қолданып, жүйелі түрде өткізудің маңызы зор.

Сынып сағаттарының мақсаты – білім алушылардың проблемаларды шешулеріне көмектесу және осы проблемаларды өздігінен шешу қабілеттерін дамыту болып табылады.

Міндеттері: балаларды бір-бірімен ашық әңгімеге тарту; өзара қарым-қатынаста шыншыл болуға үйрету және т.б.

Сынып сағаттарында келесі жағдайларға:

- балалардың басқаларды айыптауына және кінәлауына;
- жекелеген оқушылардың мінез-құлқы үшін түгел сыныпты жазалауға жол берілмеуі тиіс;
- сыныпты әділ әрі дұрыс шешім іздеуге тарту үшін ынтымақтастық атмосферасын жасау қажет.

Сынып сағаттарын ұйымдастыру және өткізу барысында бірқатар ережелерді басшылыққа алу немесе өз бетінше дамыту маңызды болып саналады. Мысалы:

- мәселені өздігінен шешуге тырысу;
- бір-біріне заң тұрғысынан да, ауызша да ешқандай қысым көрсетпеу;
- бір-бірінің пікірін аяғына дейін тыңдау.

Сынып сағатының құрылымы келесідей болуы мүмкін:

1. Талқыланатын мәселені ұсыну (сынып жетекшісі немесе білім алушылар).
2. Проблема бойынша ақпарат ұсыну.
3. Талқылаудың басы: «Бұны жүзеге асыру үшін немесе істеу үшін, бізге не қажет деп ойлайсың?», «Нәтиженің осылай болып шығуының себебі ...».
4. Проблеманың шешімін ұсыну.
5. Шешімді таңдау.
6. Қабылданған шешімнің күтілетін нәтижесін талқылау
7. Сынып сағатын аяқтау.

Бастауыш сыныптардың білім алушылары үшін келесідей негізгі дағдылар тән:

1. Мәселені түсіну және сипаттау, қысылмай сөйлеу.
2. Өз пікірін, ойын айту, мәселені талқылауға белсене қатысу.
3. Басқалар өз идеяларымен, ойларымен бөлісіп жатқанда тыңдай білу.
4. Ұзаққа созылатын қарым-қатынасты сақтап қалу.
5. Сөйлеушіні тоқтатпай немесе үзбей тыңдай алу.

6. Жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау, рефлексияға қабілетін дамыту.

Негізгі білім беру деңгейінің білім алушылары үшін келесі дағдылар тән:

1. Мәселенің бірнеше шешімін ұсына білу.

2. Әр түрлі көзқарастарды ескере білу.

3. Ұсынылған шешімдердің әртүрлі салдарын болжау.

4. Басқа қатысушылардың ойларын басқаша айту және қайталау үшін белсенді тыңдауды пайдалану.

5. Тілектестік қағидаты негізінде басқаларға әсер ету.

6. Сыныптың жоспарланған барлық жұмыстарына белсенді қатысу және жауапкершілікпен орындау.

7. Рефлексияға қабілетін дамыту.

«Қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбындағы жоғары сыныптардың қыз балаларына арналған сынып сағатының мақсаты – білім алушылардың репродуктивтік білім, репродуктивті денсаулықты сақтау мәдениеті деңгейін арттыру және мінез-құлықтың өзін-өзі қорғау ұғымын қалыптастыру; өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- білім алушыларға қыздардың репродуктивті денсаулығы медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылатыны туралы хабарлау;

- репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялардың, қыз балалардың репродуктивтік қызметіне әсері туралы ақпарат беру;

- темекі шегудің, алкогольдік ішімдіктердің, никотиннің репродуктивті денсаулығына тигізетін әсері туралы хабарлар ету.

Осы орайда «Қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбындағы сынып сағатының үлгісін ұсынамыз (12-қосымша).

Оқу-тәрбие жұмысының түрлері: кинофильмдер көрсету, кинофильм көру барасында пікірталас жүргізу, ақпараттық-оқыту семинарлары, тренингтер.

Оқытудың, білім берудің бір түрі ретінде семинардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, материалдың көлемі дәріс барысында ұсынылғаннан төмен екені анық. Екіншіден, семинар баяндамашы мен аудитория арасындағы интерактивтілік пен қарым-қатынасты көздейді. Ақпараттың көлемі аз болғандықтан, ал оны ұсыну арналары (дыбыс, графика, бейне, талқылаулар мен пікірталастар) үлкен болғандықтан, материалды қабылдау сапасы әдетте дәрістерге қарағанда жоғары болып шығады. Семинардың онлайн нұсқасы вебинар деп аталып, бұл түр қазіргі кезде әсіресе танымалдылыққа ие болып отыр.

Тренинг – өзінің қрамына оқытудың бірнеше түрін біріктіретін, білім берудің нақты және күрделі түрі. Әдетте, тренинг шағын дәрістерді, семинарларды, іскерлік ойындарды, пікірталастар мен дене жаттығуларын қамтиды.

Оқытудың, есте сақтаудың тетіктері мен ынталандырушы түрлері неғұрлым көп болса, оқу сапасы да, алынған нәтиже де соғұрлым жоғары болады. Тренинг адамды әдеттегі ортадан, «жайлы аймақтан» ығыстырып, сол арқылы жаңасын жоғары қарқынмен қабылдауға итермелейді.

Ақмола облысы Степногорск қаласы білім бөлімі бойынша «Қаныш Сәтпаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2-санатты педагог-психологы – Зылғарина Гүлмира Қайратқызы әзірлеген «Психология және денсаулық» тақырыбындағы семинар-тренингтің жобасын қосымша бөлімде ұсынамыз (13-қосымша). Семинар-тренингтің мақсаты – жоғары сынып білім алушыларының, педагогтердің, ата-аналардың денсаулық сақтау және нығайту мәселелері бойынша сауаттылықтарын арттыру.

Тақырыбы, мазмұны және ұйымдастырылуы ата-аналардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын ата-аналарға арналған семинарлар. Мұндай әңгімелесу барысында ата-аналар өз балаларына қатысты өздіктерінен қандай ба бір жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға қалай көмектесе алатынына назар аударуы тиіс. Бұл ретте ата-аналар өзінің адамгершілік қасиетін сезінетін және өзіне сенетін адам ғана жауапты шешімдер қабылдай алатынын ескерулері тиіс. Осы қасиеттер жасөспірімдердің ішімдік ішуге немесе есірткі пайдалануға, жыныстық қатынасты уақытынан бұрын бастауға мәжбүрлейтін құрдастарының қысымына қарсы тұрулары үшін, сонымен қатар репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялардың (ЖЖБИ) және жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромының (ЖИТС) алдын алу шараларын ескермеуді болдырмау мақсатында қажет. Өздігінен дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігі мектепте және ата-аналардан алынған ақпараттың шын мәнінде тиімді пайдаланылатынына кепілдік береді.

Мектеп ата-аналарға жасөспірімдердің некеге дейінгі төсектік қатынасқа түсуінің алдын алу және жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі кітаптар, брошюралар, басқа да әдебиеттерді, ата-аналардың осындай әдебиетті қайдан ала алатындығы туралы ақпарат бере алады. Ата-аналарды жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатуға және мектептің олармен бірлесе отырып атқаратын шараларына қатысуға тартуға болады; денсаулық сақтау орталықтарында білім алушылар мен ата-аналарға кеңес беру.

Ақмола облысы Ақкөл қаласындағы Жайық Бектұров атындағы жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі педагог сарапшы Ашкенова Анар Ислямовна әзірлеген «Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы» атты ата-аналар жиалысының үлгі-жоспарын ұсынамыз (14-қосымша).

Ата-аналар жиналысының тақырыптары:

- «Отбасының салауатты өмір салты – жасөспірім денсаулығының кепілі»;
- «Сән және жасөспірім денсаулығы»;
- «Отбасындағы жасөспірімнің денсаулығын сақтау және нығайту проблемасы»;

- «Отбасы: салауатты өмір салты»;
- «Бастауыш сынып жасындағы балалардың эмоциялық және психофизиологиялық даму ерекшеліктері»;
- «Жасөспіріммен қарым-қатынас. Отбасындағы жанжалдар. Себептер және оларды шешу жолдары. «Ересек балалармен» қарым-қатынас жасау тәртібі туралы ата-аналарға арналған кеңестер»;
- «Өскелең ұрпақтың репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі»;
- «Жасөспірімдердің есею ерекшеліктері»;
- «Жасөспірімнің репродуктивті денсаулығының қалыптасуындағы отбасының рөлі. Қарым-қатынас мәдениеті» және т.б.

Қоғаммен жұмыс. Балалар мен жасөспірімдердің дүниетанымының, көзқарастарының, әдеттерінің және мінез-құлқының қалыптасуына қоршаған орта, яғни ағалары мен апалары, таныстары, жастар компаниялары, әсіресе олардан да ересек және беделді жастар; жастар және басқа да қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ теледидар бағдарламалары мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының, жарнамалардың қандай көзқарастар мен моральдық құндылықтарды насихаттайтындығы әсер етеді.

Өскелең ұрпақтың репродуктивтік денсаулығын қорғау және оған құндылық ретіндегі көзқарастарды қалыптастыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін жұртшылықтың кең топтарына қажетті ақпаратты тарату керек. Жасөспірімге өздерінің денсаулығына қатысты дұрыс өмірлік ұстанымды таңдауға барлық мүдделі тұлғалар мен ұйымдардың бірлескен күш-жігері ғана көмектесе алады.

Осы орайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық аймақтық бюросының Еуропадағы тұрақты дамудың 2030 жылға дейінгі – ешкімді елеусіз қалдырмау күн тәртібін қолдау мақсатында сексуалды және репродуктивті денсаулықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының «Жасөспірімдерге репродуктивтік денсаулық қызметтерін көрсетуді кеңейту және осы мақсатты топты кеңінен қамтуға қол жеткізу» міндеттерін қарастыруды ұсынамыз.

Негізгі іс-қимылдар келесідей болуы мүмкін:

- денсаулық сақтау жүйесінде, оның ішінде репродуктивтік денсаулық саласында жасөспірімдердің құқықтарын сақтауды, қорғауды және іске асыруды қамтамасыз ететін стратегияларды енгізу;
- балалар мен жастардың репродуктивтік денсаулығы туралы мазмұнды шешімдер қабылдауда тиісті мекемелердің, ата-аналардың, туыстары мен тәрбиешілерінің мүмкіндіктерін күшейту;
- жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау жөніндегі қызметтердің қызмет көрсету сапасын айқындайтын белгіленген стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, мәдени ерекшеліктеріне немесе діни наным-сенімдеріне, этностық және балалардың табиғатынан ұл немесе қыз болып жаратылуы бағыттылығына қарамастан, ғылыми негізділігі мен барлық жасөспірімдерге қолжетімділігіне кепілдік беру;

- жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулық қызметтеріне қол жеткізуін және пайдалануын кеңейтуге қолайлы жағдайлар жасау

- жасөспірімдерді репродуктивтік денсаулығы мен құқықтары үшін маңызы бар кешенді және ғылыми нақты ақпаратпен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі мектептегі немесе мектеппен байланысты қызметтердің әлеуетін күшейту;

- жасөспірімдерге, оның ішінде некеде тұрмайтын жасөспірімдерге және халықтың әлсіз, әлеуметтік осал отбасынан шыққан топтарына қызмет көрсету мен контрацептивтік заттарды тарату кезіндегі кедергілерді еңсеру және жою;

- жасөспірімдерге, оның ішінде халықтың әлеуметтік әлсіз және осал топтарынан шыққан жасөспірімдерге сапалы қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау саласы мамандарының әлеуеті мен білімін күшейту [29].

Аталған іс-шаралар кешенін еліміздің осы салада халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарының қолданысқа алуларына болады деп есептейміз.

Жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығына құндылық қарым-қатынасын қалыптастыру әлеуметтік педагог қызметінде әлеуметтік тәрбие нысандарының бірі болып табылады.

Осы мақсатта әлеуметтік педагогтың жұртшылықпен жұмыс істеуінің түрлі формаларын ұсынуға болады:

- мектеп оқушыларын өз мектептерінде, көрші оқу орындарында, кәсіпорындарында және басқа да қоғамдық орындарда жұмыс көрмелерін ұйымдастыру мақсатында репродуктивті денсаулықты сақтауды және нығайтуды насихаттайтын плакаттар жазуға және суреттер салуға ынталандыру;

- репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялардың (ЖЖБИ) және жұқтырылған иммунтапшылығы синдромының (ЖИТС), нашакорлық пен темекі шегудің алдын алуға жәрдемдесуге жергілікті кәсіпорындарды тарту, сол жерге осы мәселеге қатысты әлеуметтік-педагогикалық қызметтер әзірлеген ғылыми-әдістемелік материалдарды жіберу. Кәсіпорындардағы қызметкерлерді олардың осы әдебиеттермен қай жерде таныса алатыны туралы хабардар ету қажет;

- осы мәселелер бойынша басылымдарды кеңінен насихаттау үшін жергілікті кітапханалардың қызметкерлерін тарту;

- өскелең ұрпақтың репродуктивті денсаулығын сақтау проблемаларын жариялау мақсатында жергілікті газеттермен және теледидармен ынтымақтастық орнату;

- салауатты өмір салтын насихаттауға, маскүнемдікпен және нашакорлықпен, ЖЖБИ мен ЖИТС-пен күреске жастардың және басқа да қоғамдық, көркем өнер топтарын қатыстыру;

- жергілікті кәсіпкерлер, ұйымдар арасынан демеушілерді тарту;

- аталған мәселе бойынша психологтың, дәрігердің, әлеуметтік қызметкердің, сынып жетекшісінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғаммен қарым-қатынас орнатуына, сұхбат алаңдарын құруына көмектесу;

- репродуктивтік денсаулықты сақтау тақырыбында баяндамалар ұйымдастыру;

- мамандарды тарта отырып, репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің, репродуктивті денсаулықты сақтаудың жалпы проблемалық мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

- жеке және топтық жұмыстар.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына қатынасын құндылық ретінде қалыптастыру әртүрлі сала мамандарының өзара тығыз іс-қимылының қажеттілігін талап етеді. Бұл өте маңызды, себебі көптеген адамдар балалар мен жасөспірімдерге адамгершілік және эмоциялық тәрбие беруде отбасы маңызды фактор деп есептегенімен, отбасы репродуктивтік денсаулық және оны сақтау туралы толыққанды білім бере алмайды, өйткені көптеген ата-аналардың өздерінде репродуктивті денсаулық мәселелері туралы хабардар болу деңгейі төмен. Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру функциясын басқа әлеуметтік мекемелер және ең алдымен мектеп орындайды.

Мектеп барлық жасөспірімдерді қамтитын бірден-бір қоғамдық институт болып табылады. Сондықтан, білім беру ұйымдарында репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ағартушылық шараларын жүргізуді талап ететін жас топтарын қамтудың өзіндік бірегей мүмкіндігі бар. Білім берудің бұл саласына шамадан тыс болжау сипатын бермей, сонымен бірге жас ерекшеліктерін және жасөспірімдердің жетілу кезіндегі организмдегі физиологиялық өзгерістер сипатын ескере отырып жасөспірімдердің репродуктивті денсаулыққа деген құндылық қарым-қатынасының негізін қалау мектептің міндеті болып табылады.

Жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыруға әртүрлі тәсілдермен қол жеткізіледі. Оған әңгімелесу, түсіндіру, дәріс беру, әдебиетпен жұмыс істеу тәрізді әдістер ең тиімді жолдарға жатады. Үлгі көрсету сәдірудің ең тиімді жолы болып табылады. Бұл әдістердің әрқайсысын қолданудың өзіндік ерекшелігі бар және ол басқалармен үйлесімде қолданылуы тиіс.

Жасөспірімдердің өз денсаулығын қорғауға қажетті білімдердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін *әлеуметтік педагог, мұғалім*:

- еліміздегі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты білулері;

- жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау бағдарламаларын енгізгенде жалпы қоғамда да, өңірде де, белгілі бір қауымдастықта да бар мәдени және басқа да дәстүрлерді ескерулері;

- репродуктивті денсаулығы мәселелеріне қатысты өскелең ұрпақтың проблемалары мен қажеттіліктері, тәжірибеден өткен мінез-құлық, жасөспірімдер ортасында бар пікірлер туралы білулері;

- репродуктивті денсаулық туралы тиімді және тұрақты ақпарат көздерін анықтаулары;

- толық, уақтылы және тек тексерілген ақпаратты ұсынулары тиіс.

Репродуктивті денсаулықты жақсарту міндеттерін шешу үшін жасөспірімдердің назарын репродуктивті денсаулықтың құндылығына бағыттау қажет; осы саладағы қажетті білімді қалыптастыру, тұлғалық сананы құндылық көзқарастар кешенімен байыту, құндылықтар жүйесіндегі өз рөлін көрсету.

Жасөспірімге қажетті ақпарат:

- отбасы мен махаббат туралы құндылық ретінде;
- салауатты өмір салтын ұстануға және репродуктивтік денсаулығын сақтауға өзін жауапты адам ретінде сезіну;
- дененің физикалық құрылысы, атап айтқанда көбею органдары туралы, ұл мен қыздың жетілу кезінде организмде болатын өзгерістер туралы;
- репродуктивтік денсаулық өмірлік маңызы бар құндылық ретінде;
- репродуктивтік денсаулықтың нашарлауына әсер ететін факторлар және оны сақтау тәсілдері туралы;
- ұл мен қыздың сыйластық қатынасы және қарым-қатынас мәдениеті туралы жан-жақты түрде берілетін білім ретінде ұсынылуы мүмкін.

Мектепте жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау саласындағы жұмысты ұйымдастырудың бағыттары мен нысандары әр түрлі болуы мүмкін.

Ата-аналармен жұмыс

Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет тарапынан отбасына үнемі қамқорлық жасалуда: балаларға қосымша білім беру, еңбек, спорттық сауықтыру орталықтары, жас өлкетанушылар стансалары, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылық үйірмелер жұмыс жасайды, шығармашылық және ғылыми-зерттеу ісіне қолдау көрсетілуде; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлінген, отбасы мүшелерінің еңбек етуіне және демалуы үшін жағдай жасалған.

Бүгінгі таңда Еуропаның көптеген елдерінің білім беру мекемелерінде репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие сабақтары жүргізіледі, олардың мақсаты оқушылардың әртүрлі топтарын ұл мен қыз арасындағы қарым-қатынас негіздерімен таныстыру болып табылады. Әрине, мұндай педагогика ата-аналар арасында көптеген талас-тартыстар мен келіспеушілік сезімдерін туғызады, бірақ ол негізінен аға буын өкілдерінің балаларының қаншалықты тез өсіп келе жатқанын толық түсінбеуінен туындайды.

Академия тарапынан жүргізілген зерттеудің нәтижесінде кейбір ата-аналар мектепте репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің қажеттілігі жоқ деген пікір білдірсе, басым көпшілігі қажет деген жауап берген (әдістемелік ұсынымдардың 2-бөлімінде). Көпшілік ата-аналар репродуктивтік денсаулық туралы білім мектеппен қатар ата-аналар тарапынан да берілуі тиіс деген пікір білдірген.

Жастардық жетілуіндегі қауіпсіз мінез-құлық, репродуктивтік денсаулық туралы жақсы тәрбие ересектердің балаларының сұрақтарына дұрыс жауап

берулеріне, осы тақырыптағы ақпаратты өздері толық меңгерулеріне, бұл тыйым салынған ақпарат емес екенін түсінулеріне байланысты болады.

Жасөспірімдермен репродуктивтік денсаулық, қауіпсіз мінез-құлық, қауіпсіз қарым-қатынас туралы әңгімелесу барысында ата-аналар келесі ұсыныстарды естерінде сақтаулары тиіс:

- балаңызбен көп уақыт бірге болуға, оның көңіл-күйін және проблемаларын білуге тырысыңыз;

- тәртіптік шара қолданбастан өзге жолмен ықпал ете біліңіз, яғни жазалаудан бас тартыңыз;

- кез келген басқа тақырыпты талқылаудағыдай, әңгімені неғұрлым қарапайым мәнерде жүргізу, балаңыздың пікірін тыңдаңыз және құрметтеніз;

- денсаулықты сақтау мәселелері бойынша кеңес түріндегі әңгімелерді білім алушыны жалықтырардай ұзақ жүргізбеу;

- әңгімеде тек биологиялық фактілермен шектелмеуге, оларға қатысты өз көзқарасын білдіруден алшақ болу;

- балаңызды зорлық-зомбылықтан құтқару үшін ересектерге «жоқ» деп айтуға үйретіңіз.

- жастардың жетілуі туралы әңгімелер бала жасөспірімдік жасқа толғанға дейін басталуы тиіс;

- ұлдар мен қыздар физиологиялық ерекшеліктерін білуі және бір-бірін құрметтеуі керек;

- балаларға жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы, репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялар және басқа да қауіпті аурулар туралы айту керек;

- балалармен әңгімелесу барысында оларды ұялтпауға, ыңғайсыздық туғызбауға тырысыңыз;

- балалардың сұрақтарына баланың жауапты сезіну шегінде нақты жауап берілуі тиіс.

Репродуктивтік денсаулықты және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау мәселелері саласындағы білім беруді ұйымдастыру оның қандай да бір құрамдас бөліктерін жете бағаламауға мүмкіндік бермейтін психологиялық-педагогикалық жүйе аспектісінде жүзеге асырылуы тиіс, ал репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие жөніндегі жұмыс педагог кадрлардың жоғары біліктілігін арттыруды және ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін талап етуі тиіс.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері келесідей болуы мүмкін:

- тақырыбы, мазмұны және ұйымдастырылуы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын семинарлар. Бұл іс-шара барысында ата-аналар өз балаларына өздігінен, жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға қалай көмектесе алатынына назар аударылуы тиіс. Бұл ретте ата-аналар өзіне, өзінің қадір-қасиетіне сенімді адам ғана өз денсаулығына қатысты жауапты шешім қабылдай алатын ескерулері қажет. Дәл осы қасиеттер жасөспірімдердің алкоголь мен есірткіні пайдалану үшін достарының қысымына қарсы тұра алуы, төсектік қатынасты уақытынан бұрын бастамауы, ЖЖБИ мен ЖИТС-тың алдын

алу жөніндегі шараларды ескерусіз қалдырмауы үшін қажет. Дұрыс шешімді өз бетінше қабылдау мүмкіндігі мектепте және ата-аналардан алынған ақпараттың шын мәнінде тиімді пайдаланылатынына кепілдік береді.

Ата-аналарға арналған семинарлардың тақырыптары:

- «Денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымы;
- «Салауатты өмір салтының жалпы қағидаттары»;
- «Қыз балалардың репродуктивтік денсаулығы»;
- «Ұл балалардың репродуктивтік денсаулығын сақтау»;
- «Балалармен репродуктивтік денсаулық тақырыбында қалай сөйлесуге болады?»;

- «Репродуктивтік денсаулықты сақтау, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру»;

- «Жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары»;

- «Жасөспірімдердегі соматикалық және репродуктивтік патологияның өзара байланысы» және т.б.

Ата-аналармен аталған мәселе тақырыбында педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру: мектептік, сыныптық конференциялар; психологиялық, педагогикалық, медициналық кеңестер; тренингтер; ата-аналарға арналған лекторийлер.

Жекелеген білім алушылардың отбасы тәрбиесінде түзету жұмыстарын жүргізу: психологиялық-педагогикалық кеңестер мен көмектер; «қиын» және «тәуекел тобы» балаларымен жұмыс; психологиялық ахуалы ауыр отбасына және қиын бала өсіп келе жатқан отбасына көңіл бөлу.

Мектеп ата-аналарға жасөспірімдердің, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау және некеге дейінгі төсектік қатынасқа түсуінің алдын алу жөніндегі кітаптар, брошюралар, басқа да әдебиеттерді қайдан ала алатынын көрсете алады.

Ата-аналар жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығы саласында мектеп ынтымақтаса алатын жастар және қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатуға тартылуы мүмкін. Сонымен қатар, ата-аналарды жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығы саласында мектептің жастар және қоғамдық ұйымдармен байланысын орнатуға тартуға болады.

Репродуктивтік денсаулық және репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің медициналық аспектілері

Денсаулық адамның басты құндылықтарының бірі, ал оны сақтау маңызды әлеуметтік міндет болып табылады. Репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиемен тікелей байланысты денсаулықты сақтаудың медициналық аспектілерін қарастырайық. Репродуктивтік денсаулық және репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбиенің медициналық аспектісі баланың бойында осы тәрбие саласында қалыптасқан көзқарастардың жалпы денсаулық проблемаларына, оның ішінде психикалық және жеке денсаулығына байланысты болуын қамтамасыз етуі тиіс. Репродуктивті денсаулықты ДДҰ сарапшылары адамның өмір сүруінің соматикалық, танымдық, эмоциялық және әлеуметтік

аспектілерінің кешені ретінде айқындайды, олар тұлғанының сүйіспеншілік қабілетін арттырады.

Репродуктивтік денсаулықты сақтаудың медициналық аспектілері келесі бағыттарды қамтуы тиіс:

- Саламатты өмір салтын насихаттау.

Репродуктивті денсаулықты сақтау және репродуктивті денсаулықты сақтауға тәрбие беру адамгершілік тәрбиенің ажырамас бөлігі ретінде оның салауатты өмір салтын қалыптастырудың ажырамас құрамдас бөлігі екенін көрсетуі тиіс. Салауатты өмір салтын насихаттау білім алушының физикалық, эмоциялық, интеллектуалдық және әлеуметтік аспектілері кешені түрінде репродуктивті денсаулыққа қол жеткізуге бағытталады. Білім алушылардың арасында салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау денсаулықты нығайтуға және зиянды әдеттермен күресуге бағытталуы тиіс. Салауатты өмір салтын насихаттау репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын аурулар туралы да ескерту, сонымен қатар репродуктивтік денсаулықты сақтаудың маңыздылығы туралы білім беру де болып табылады.

Ақмола облысы Бурабай ауданы Щучинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі педагог-сарапшы – Есмұхамбетова Арайлым Байкановна әзірлеген «Салауатты өмір салтын насихаттау» бойынша жүргізілетін іс-шаралардың үлгілік жоспарын ұсынамыз (15- қосымша).

Салауатты өмір салтын ұстануды насихаттауға бағытталған мектептегі іс-шаралар келесідей болуы мүмкін;

✓ «Денсаулық елінде» тақырыбындағы сыныптан тыс сабақ (сынып сағаты).

Бастауыш сынып білім алушыларына арналған сабақтың мақсаты: балалардың бойында денсаулық – адам өмірінің басты құндылықтарының бірі ретінде ой қалыптастыру.

Міндеттері:

- балаларды өз денсаулығын сақтауға көмектесетін ережелермен таныстыру;

- талдауға, біріктіруге, есте сақтауға арналған жаттығулар негізінде логикалық ойлауды және онымен байланысты сөйлеуді дамыту;

- өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына жауапкершілік сезімін дамыту.

✓ «Біздің организмiмiз» тақырыбындағы сыныптан тыс iс-шара.

Мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларына «организм» ұғымы туралы түсінік беру, олардың шығармашылық, есте сақтау, қызығушылық қабілеттерін дамыту.

✓ «Дені сау адам болу – күшті!» атты сынып сағаты.

Мақсаты – салауатты өмір салтының негіздері туралы түсінік беру.

Міндеттері:

- «салауатты өмір салты» ұғымының мағынасын ашу;

- білім алушылардың бойында өз денсаулығын сақтау және оған құндылық ретінде қарау сезімін қалыптастыру;

- танымдық қызығушылықтарын дамыту;

- денсаулықты сақтау шарттарын анықтау;

- білім алушылардың бойында салауатты өмір салтының артықшылықтары туралы және денсаулықты ең маңызды құндылық ретінде пікірлерін қалыптастыру.

✓ «Мектеп – денсаулық аймағы» атты салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бағдарлама (16- қосымша).

Мақсаты – өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуын, физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау және дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- білім алушылардың денсаулығын мектептің басым бағыттарының бірі ретінде қарастыру;

- оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту;

- материалдық базаны дамытуға қажетті жағдайлар жасау;

- білім алушылардың физикалық, психикалық, адамгершілік және әлеуметтік денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайлар жасау;

- мектеп пен отбасының білім алушының денсаулығын қалыптастыру және сақтау жөніндегі бірлескен жұмысын үйлестіру;

- білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын қолдануға бағдарланған мұғалімдер ұжымын қалыптастыру;

- білім беру процесіне қатысушылардың барлығын денсаулық пен салауатты өмір салты бойынша дұрыс көзқарастарды қалыптастыру үшін қажетті білімді, дағдыны, қабілетке ие болуға ынталандыру.

• репродуктивті денсаулықты сақтамаудың алдын алу.

Мектеп оқушыларымен жұмыс істеуде осы бағыттың негізгі әсер етуі мүмкін болатын сәтсіздіктерді болдырмау болып табылады. Мұндағы жұмыстың негізі жеке тәсіл және отбасымен немесе оны алмастыратын адамдармен тығыз байланыста болып табылады. Жасөспірімдердің арасындағы ерте жүктіліктің алдын алудың маңызды аспектісі оларға контрацептивтік заттар туралы ақпарат берумен қатар мінез-құлыққа, отбасын құруға дайындықты бақылауға және жасөспірім аналардың балаларды тәрбиелеуіне байланысты проблемалық жағдайларды түсіндірумен байланысты. Мектеп оқушылары репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын аурулардың салдарынан денсаулығында қандай қиындықтардың, жайсыздықтардың пайда болатынын түсінулері және олардан сақтану жолдарын білулері тиіс.

4. Репродуктивті денсаулықты сақтамаудан берілетін аурулардың алдын алу.

Жасөспірімдерде жоғары адамгершілікті қалыптастырудың негізгі:

- аурулардың көріністері мен бастапқы белгілерін, ең алғашқы белгілерін тану туралы мәліметтер;

- осы аурулардың таралуына адамгершіліктік-құқықтық жауапкершілікті түсіну;
- күдік туындаса, дәрігерге бару қажеттілігін түсіну;
- ауру расталған кезде байланыста болған барлық адамдарды анықтауға көмектесу міндеті;
- көптеген байқалмайтын және созылмалы ауруларға ауысуы мүмкіндігі және өздігінен емделуге болмайтындығы туралы түсіндіру;
- бұл аурулардың ұрпағы үшін қауіптілігі;
- қорғану әдістері тәрізді тармақтарды қамтуы қажет.

Мұндай жоспар білім алушылармен адамгершілік пен әдеп нормаларын талқылауға үлкен мүмкіндіктер ашады.

5. Алкогольді ішімдіктер ішудің, темекі шегудің, есірткі пайдаланудың алдын алу – жас ұрпақты жауапты некеге және дені сау ұрпақты болуға дайындауда маңызды рөл атқаратын репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру аспектілерінің бірі болып табылады [30].

Білім алушылармен репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі тақырыбында жүргізілетін жұмыстың әр түрлі формаларын ұйымдастырғанда қателіктер жібермеудің маңызы зор. Репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесі тақырыбында жұмыс істеу процесінде мұғалімдер жіберетін және жиі кездесетін қателіктерді қарастырайық, олар:

- оқушылардың репродуктивті денсаулығына қатысты өмірлік проблемаларды талқылауға қатысты эмоциялық реакцияларды басып отыру;
- мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулықтың мәні мен мүддесінің қандай да бір көріністерінің жолын кесу;
- балалардың сұрақтарынан қашқақтау және дұрыс емес жауаптар беру;
- қыз баланы адамдардан оқшаулауды көздейтін шамадан тыс қатаңдық, қажетті қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге кедергі келтіру;
- адамның қорғаныш тапшылық қоздырғышы, жүре пайда болған қорғаныш тапшылығы індеті, нашакорлық және репродуктивті денсаулықты сақтамау жолымен берілетін әртүрлі аурулардың әсерінен нақты шындықта бар қауіптерге назардың жеткіліксіздігі.

Бұл қателіктерді жібермеу үшін, жіберілген қателіктерді түзету үшін мектеп оқушыларын бір-бірін ұл-қыз ретінде құрметтеуге, олармен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру қажет. репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбие жүйесіндегі негізгі жұмыс мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқушылардың сұрақтарына нақты және түсінікті жауап бере білуі тиіс.

Білім алушылардың репродуктивті денсаулығымен қатар қауіпсіз мінез-құлқын қорғау және қалыптастыру да білім беру ұйымдары мен ата-аналардың басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қалыптасқан көзқарастарға сәйкес «қауіпсіз өмір салты» – күнделікті өмірдегі адамның қауіпсіз мінез-құлқының нормалары мен ережелері, оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдары туралы қалыптасқан көзқарас (пікір). Нақты бір тұлғаға қатысты «тұлғаның қауіпсіз өмір салты» анықтамасын

пайдаланғануға болады, яғни бұл адамның мінез-құлқының жеке формасына негізделген күнделікті өмірде қауіпсіздік ережелерін сақтауын, оның әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесін, басымдықтары мен қалауларын көрсететін, сонымен қатар өмірін сақтайтын жеке нысаны болып табылады.

Жалпы орта білім беретін мектептердің білім алушыларына тәрбие беру және оларды әлеуметтендіру жоспарларына келесі бөлімдерді кіргізуді ұсынамыз:

- қауіпсіз мінез-құлық салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру моделі;
- қауіпсіз мінез-құлық критерийлері мен көрсеткіштері;
- білім алушылар арасында қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру формалары мен әдістері;
- қауіпсіз мінез-құлық салтын қалыптастыру бойынша жоспарланған нәтижелер.

Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық (өмір) салтын қалыптастыру бағдарламалары өзара байланысты бес бөлімді қамтуы тиіс:

1. Денсаулық сақтау инфрақұрылымы.
2. Білім алушылардың оқу және мектептен тыс қызметін тиімді ұйымдастыру.
3. Дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру.
5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) ағарту және тәрбие жұмысы.

Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық (өмір) салтын қалыптастыру бағдарламалары келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) Білім алушының бойында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.

Бұл міндетті іске асыру үшін:

- өмір мен жеке бас денсаулығының адам мен оның отбасы үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де ең жоғары құндылық екенін түсіну;
- күнделікті өмірдегі мінез-құлықтың (қатынас, көше қозғалысы ережелері) қауіпсіздігі тұрғысынан бағалау дағдыларын дамыту қажет.

- 2) Әркімге қолжетімді қауіпсіз мінез-құлық дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру.

Мұндай дағдылар мен қабілеттерге:

- отпен, сумен, газбен, электр энергиясымен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау;
- жолда жүру және көшедегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
- бөгде адамдармен қарым-қатынас ережелерін сақтау;
- күн күркірегенде, орманда, су қоймасында және т.б. жағдайда мінез-құлық ережелерін сақтау.

Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық салты құндылығын қалыптастыру ең алдымен білім беру ұйымының білім беру ортасын құру алгоритміне негізделуі тиіс.

1. Білім беру процесінің денсаулық сақтау сипатын, білім алушылар мен педагогтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін білім беру ұйымының ішкі ортасын құру, яғни:

барлық пәндерге денсаулық сақтау және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру саласындағы білім беру технологияларын енгізуді қамтамасыз ету;

білім алушылардың жағдайын функционалдық диагностикалау арқылы ғылыми негізделген білім беру режимін құру;

білім алушылардың қозғалыс белсенділігін (қауіпсіз мінез-құлықты ескере отырып) қамтамасыз ету;

білім алушылардың оқу жүктемесін оңтайландыруды қамтамасыз ету;

инфрақұрылымды санитарлық-гигиеналық қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау инфрақұрылымын қамтамасыз ету;

мектепте дұрыс тамақтануға жағдай жасау.

2. Оқу процесіне қатысушылардың денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетінің деңгейін арттыру:

мұғалімдердің өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір және қауіпсіз мінез-құлық салтын қалыптастыруға дайындығын арттыру;

мұғалімдердің денсаулық сақтау және салауатты өмір салты саласында тәрбие мен оқытудың, оқушыларды тәрбиелеудің және ата-аналарды ағартудың денсаулықты құру технологияларын пайдалануға дайындығын арттыру;

білім беру мен тәрбиенің түрлі үлгілері арқылы білім алушылардың денсаулық және мінез-құлық мәдениетінің деңгейін көтеру.

3. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау:

мектеп оқушыларының денсаулығы мен өмір салтының, мінез-құлығының жай-күйін терең диагностикалау;

педагогикалық кеңесте жеке білім беру бағыттарын құру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтаудың жеке және топтық профилактикалық және түзету бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

нашақорлыққа тәуелділіктің және әлеуметтік анықталатын аурулардың алдын алу шаралары;

әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, отбасылық қатынастарды нығайту шаралары;

салауатты өмір салтын және қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастырудың жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

Бұл үлгіні енгізу мектептің денсаулық сақтау қызметінің жұмысына негізделеді.

Денсаулық сақтау және қауіпсіз мінез-құлықты қорғау қызметін құру салауатты білім беру ортасын құрудың ұжымдық еңбек субъектісі қызметінің бірыңғай алгоритмі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (47-сурет).

Басқару бөлімі

1.1 Білім беру ұйымының денсаулық сақтау ортасының мониторингі



47-сурет. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ортасын құру жөніндегі білім беру ұйымы қызметінің алгоритмі

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ортасын құру бойынша білім беру ұйымының қызметін жүйелеу және ретке келтіру міндеттерін шешу жөніндегі функциялар жиынтығы бақылау блогы, яғни ақпаратты жинау, шешімдерді әзірлеу, іске асыру, бақылау, талдау, реттеу болып табылады. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласындағы білім беру ортасының мониторингін ұйымдастыру осы блокты іске асырудың айқындаушы негізі болып саналады.

Мониторингтің бірінші (анықтаушы) бөлімі білім беру ұйымының іс жүзіндегі проблемаларын анықтауға және дені сау білім беру ортасы құрылысының басым міндеттерін анықтауға мүмкіндік жасайды.

Денсаулық сақтау қызметінің тобы білім беру ұйымының дені сау білім ортасын құру бойынша қызметін жобалауды жүзеге асырады, оның бағдарламасын әзірлейді және оны іске асыру үшін педагог қызметкерлер мен әлеуметтік әріптестердің (әсіресе ата-аналардың) жалпы даярлығын қамтамасыз етеді. Келесі оқу жылына арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау осы кезеңнің нәтижесі болып табылады.

Денсаулық сақтау қызметінің тікелей іс-әрекеті атқарушы бөлімшенің міндеттерін іске асыру түрінде жүзеге асырылады. Бұл ретте дені сау білім беру ортасын құрудың үш атқарушы міндеттерінің негізгі функциялары іске асырылады.

Мониторингтің келесі диагностикалық бөлімі денсаулық сақтау іс-шараларының тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді; бұл жүйені жобалық жағдайды талдауға қайтарады. Осылайша, келесі оқу жылына арналған жұмыстың жаңа желісі қайталанып жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беретін мектептің салауатты және қауіпсіз мінез-құлық сақтау арқылы білім беру процесін қамтамасыз етудегі вариативтік компоненті келесі бағыттарды (17-қосымша) қамтуы мүмкін:

- сыныптағы денсаулық сақтау технологиялары;
 - дене шынықтыру минуттары және көзге арналған гимнастика (1-11 сынып білім алушылары);
 - мектеп ауласындағы қозғалысты үзілістер (1-4 сыныптар);
 - дұрыс тамақтануды өзектендіру және енгізу (ас мәзіріндегі көкөністердің пайызын арттыру);
 - ойын элементінің үлесін арттыру арқылы қозғалыс белсенділігін дамыту үшін бастауыш мектептегі мектептен тыс іс-шаралар;
 - спорт мектептерімен өзара әрекеттестік желісін құру (спорт сабақтары)
- [31].

Мектеп білім алушылардың денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасайды. Мектептің барлық сынып бөлмелері санитарлық-гигиеналық нормаларға, өрт қауіпсіздігі нормаларына, еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Оқу процесін ұйымдастыру гигиеналық нормаларды, сонымен қатар оқу және мектептен тыс жүктемені (үй тапсырмасын орындау, үйірмелер мен спорт секцияларындағы сабақтар) ұйымдастыру мен көлеміне қойылатын талаптарды ескере отырып құрылуы тиіс. Сабақ кестесі білім алушылардың күнделікті және апта сайынғы психикалық көрсеткіштерін және оқу пәндерінің күрделілік ауқымын ескере отырып жасалуы тиіс.

Мектеп оқытудың техникалық құралдарын, оның ішінде компьютерлер мен аудиовизуалды құралдарды пайдалануға қойылатын барлық талаптар қатаң сақталуы тиіс.

Педагогикалық ұжым білім беру қызметінде білім алушылардың дамуының жеке ерекшеліктерін: даму және белсенділік қарқынын ескерулері тиіс.

Жалпы білім беретін ұйымдарда білім алушылардың репродуктивтік денсаулығын сақтау, оларды салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтасын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды әдетке айналдыру үшін мектеп мамандарының, яғни мектеп басшысының, оның орынбасарларының, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтің, пән мұғалімдерінің, медицина қызметкерінің, сонымен қатар ата-аналардың, қоғамның, денсаулық сақтау мекемелерінің және т.б. ұйымдардың бірлескен іс-әрекеті қажет екені сөзсіз.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мақсатында:

- білім алушылардың денсаулық негіздерін түсінуін арттыруға және мінез-құлықтарының өздерінің денсаулықтарын сақтауға бағыттап оқытуға, яғни пәндердің мазмұнында денсаулық туралы ақпарат қамтылуына;
- денсаулыққа байланысты проблемалардың ерте алдын алуды ұйымдастыру және білім беру ұйымы жағдайында нақты көмек көрсету мақсатында мектептегі медициналық көмекті жетілдіруге;

- білім алушылардың дене және психикалық денсаулығына басым назар аудару негізінде білім беру ортасын жақсарту, олардың сақталуы мен нығайуы үшін жағдай жасауға көңіл аудары қажет.

Қорытынды

Кез келген мемлекеттің өзекті проблемаларының бірі әрбір адамның өмір бойы қамтамасыз етілуі тиіс дені сау ұрпақтың көбеюі үшін репродуктивті денсаулықты қорғау болып табылады. Жастардың ұрпақты болу денсаулығын қорғау проблемасының өзектілігі Қазақстан Республикасындағы демографиялық жағдаймен, жас әйелдердің репродуктивтік әлеуетінің төмендеуімен, бастапқы сырқаттанушылық пен созылмалы патологияның жоғары деңгейімен, ұрпақты болу жүйесінің бұзылуының артуымен айқындалады.

Балалар мен жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау, қауіпсіз мінез-құлқын қорғау, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету мәселелеріне ата-аналарды/ересектерді тарту, осы іс-шараларға құрдастарын көшбасшы ретінде қамту, әлеуметтік ортаға төтеп беру және басқару үшін әлеуметтік құзыреттер мен өмірлік дағдыларды үйрету, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдағы құндылық көзқарастарды нығайту және қосымша қолдау көрсету үшін көпкомпонентті тәсіл пайдаланылады. Сонымен қатар, жасөспірімдер өз іс-әрекеттері үшін түпкілікті жауапкершілікті мойнына алуы тиіс. Таңдау еркіндігін мәжбүрлеумен немесе шектеумен байланысты іс-шараларға жол берілмеуі тиіс. Дұрыс тамақтануға, демалуға, спорт түрлерімен айналысуға қол жеткізуді арттыру, дене белсенділігі ресурстарын пайдалануды ынталандыру арқылы таңдау еркіндігіне ықпал ететін іс-шараларды қолдану қажет.

Репродуктивтік денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша орта мектептің оқу бағдарламаларында репродуктивті денсаулықты сақтау тәрбиесінің міндетті бағдарламаларының, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру жүйелерінің өзара іс-қимылының және жасөспірімдерге қолжетімді және жеткілікті қызмет көрсетудің қоғамдық жүйесінің болмауынан осы саладағы проблемалар арта түседі. Бұл осы мәселені шешу үшін, яғни жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау мақсатында медициналық көмек көрсету және алдын алу шараларын жедел іске асыруды талап етеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан білім беру мекемелерінде білім алушының репродуктивті денсаулығын сақтау мәселелсінде қауіпсіз білім беру ортасын құруға көмектесетін төмендегідей бірқатар ұсыныстар мен шараларды атап өтеміз:

1) физикалық қауіпсіздік:

– мектеп аумағында қауіпсіздік шараларын күшейту: бейнебақылау, күзет, аумақты қоршау;

– мектеп аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету: жаяу жүргіншілер өткелдері, жол белгілері, патрульдеу.

2) Сыныптағы қауіпсіздік:

– сымдардың жиналуын болдырмай жиһазды дұрыс орналастыру;

– қажетті алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарының болуын қамтамасыз ету.

3) Қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету:

– өмір қауіпсіздігі, оның ішінде өрт қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі және т.б. бойынша сабақтар өткізу;

– төтенше жағдайларда мінез-құлық ережелерін түсіндіру.

4) Деструктивті мінез-құлықтың алдын алу:

– нашақорлықтың, зиянды әдеттердің, моббингтің және т.б. алдын алу бағдарламалары;

– агрессия немесе басқа да әлеуметтік қиындықтары бар студенттермен жұмыс.

5) Киберқауіпсіздіктің алдын алу:

– балаларды интернет қауіпсіздігі негіздеріне үйрету, кибербуллингпен күресу;

– балаларды әлеуметтік желілердегі және мессенджерлердегі қауіпті жағдайларды тани білуге үйрету.

6) психологиялық қолдау:

– проблемалары бар оқушылармен кеңес алу және жұмыс істеу үшін мектеп психологының болуы;

– эмоционалдық интеллект пен стрессті басқаруды дамыту бойынша тренингтер өткізу.

7) Ата-аналармен ынтымақтастық:

– қауіпсіздік мәселелерін талқылау үшін ата-аналар жиналысын өткізу;

– қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша жұмысқа ата-аналарды қосу.

8) қосымша қауіпсіздік шаралары:

– эвакуациялау және авариялық-құтқару жоспарларын әзірлеу және жүйелі түрде жаңарту;

– мектепті қажетті қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау (мысалы, өрт сөндіргіштер, дабылдар).

Жалпы алғанда, мектеп оқушыларының қауіпсіздігі білім беру үдерісіне әрбір қатысушы өз рөлін атқаратын кешенді және жүйелі көзқарасты талап етеді. Қауіпсіз ортаны құру арқылы әрбір оқушының табысты оқуына және бақуатты балалық шақтарына үлес қосу – білім беру ұйымдарының міндеті. Балалардың болашақтағы репродуктивті денсаулығын сақтау арқылы мемлекетімізге дені сау, адал азамат қалыптастырып беру арқылы адам капиталына үлес қосу,

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <http://cgon.rospotrebнадzor.ru/content/62/112>
2. <https://4gdkp.by/tсentry/39-reproduktivnoe-zdorove/405-reproduktivnoe-zdorove>
3. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
4. <http://prcrb.by/zozh/460-reproduktivnoe-zdorove-eto-что-takoe-kakovy-ego-sostavlyayushchie-i-kharakteristiki>
5. Гафнер В. В. Безопасный образ жизни: как его сформировать учителю? От теории к практике // Народное образование. 2014. № 3. С. 186-192.
6. Сафронова А.Н., Вербицкая Н.О. Культура безопасного образа жизни в виртуальной среде // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 5.; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=30133>
7. Школы, содействующие укреплению здоровья в Европе. Современные достижения. Авторы: Нина Бартелинк и Кэтлин Бессемс <https://www.schoolsforhealth.org/sites/default/files/editor/fact-sheets/she-factsheet-no5-russian.pdf>
8. Международные инициативы по охране здоровья школьников и образованию детей и подростков в области здоровья <https://adolesmed.szgmu.ru/p/81/?m1=61&m2=4>
9. «Sexuality education in Europe – A reference guide to policies and practices». IPPF European Network, WHO Regional Office for Europe and Lund University. The Safe Project, 2006. <http://www.demoscope.ru/weekly/2012/0535/reprod05.php>
10. https://wikieto.ru/wiki/Federal_Centre_for_Health_Education
11. <https://goodbye-ussr.com/seksualnoe-vospitanie-v-nemeckih-shk/>
12. file:///C:/Users/%D0%9D%D0%90%D0%9E45/Downloads/2015_11.pdf
13. <https://www.belta.by/comments/view/uroki-vzroslenija-po-finski-5578>
14. <http://www.umrd.ru/files/SPECIALISTAM/Poleznoe/Electronnye-rukovodstva/Rukov-reprod-zdor-molod.pdf>
15. <https://znanio.ru/medianar/80>
16. <https://xreferat.com/55/4786-1-osobennosti-formirovaniya-navykov-reproduktivnogo-zdorov-ya-u-uchashihsya-i-studencheskoiy-molodezhi.html>
17. Здоровье ребенка сегодня – здоровье нации завтра: национальная стратегия укрепления здоровья детей и подростков в Республике Беларусь на 2018-2021 гг. <https://www.medcenter.by/publicacii>
18. Арон Р. Этапы развития социологической мысли. М.: Прогресс-Универс, 1993. С. 134.
19. Лисицын Ю.П. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / Ю.П.Лисицын. – 2-е изд. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010. – 512 с.
20. Здоровье подростков и молодежи как общественная ценность Казахстана. ЮНИСЕФ – Алматы, 2009. – 52 с.

<https://www.unicef.org/kazakhstan/media/2471/file/%D0%9F%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20.pdf>

21. [X18]. Диканбаева С.А., Слажнева Т.И., Каржаубаева Ш.Е. Здоровье подростков и молодежи как общественная ценность Казахстана. ЮНИСЕФ. – Алматы, 2009 г.

<https://www.unicef.org/kazakhstan/media/2471/file/%D0%9F%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20.pdf>

22. Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021846>

23. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 8-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 182-қосымша Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы <https://uba.edu.kz/ru/metodology/4?page=2>

24. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25 » қазандағы № 545 бұйрығына 15-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 204-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы <https://uba.edu.kz/ru/metodology/4?page=2>

25. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 352 бұйрығына 197-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 415-қосымша. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы <https://uba.edu.kz/ru/metodology/4?page=2>

26.

<https://www.google.com/search?q=%D1%84%D0%B0%D0%BA%D1%83%D0%B%D1%8C%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D1%8B%D0%B5+%D0%B7%D0%B0%D0%BD%D1%8F%D1%82%D0%B8%D1%8F+%D0%B2+%D1%88%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%B5&oq=%D1%84%D0%B0%D0%BA%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%B0%D0%B5+%D0%B7%D0%B0%D0%BD%D1%8F%D1%82%D0%B8%D1%8F&aqs=chrome.2.69i57j0i1319.15169j0j15&sourceid=chrome&ie=UTF-8>

27. <https://gigabaza.ru/doc/53989.html>

28. <https://znanio.ru/medianar/176>

29.

https://www.euro.who.int/_data/assets/pdf_file/0006/315483/66wd13r_SRHActionPlan_160524.pdf

30.

<https://szgmu.ru/upload/files/2016/%D0%94%D0%9F%D0%9E/%D0%9F%D0%9A%20%D0%BF%D0%BE%20%D1%82%D0%B5%D0%BC%D0%B5%20%D0%A0%D0%B5%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5%20%D0%B7%D0%B4%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%8C%D0%B5%20%D0%BF%D0%BE%D0%B4%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%BE%D0%B2.PDF>

31.

Қосымшалар

1-қосымша

Сауалнама. 6-8-сыныптар.

1. Сіздің жынысыңыз:

- а) ер бала;
- б) қыз бала.

2. Нешінші сыныпта оқисыз?

- а) 6-сыныпта;
- б) 7-сыныпта;
- в) 8-сыныпта.

3. Сіз қайда тұрасыз?

- а) қалада;
- б) ауылда.

4. Сіз репродуктивті денсаулық дегеннің не екенін білесіз бе?

- а) иә;
- б) жоқ.

5. Сізде репродуктивті денсаулықты сақтау туралы қандай да бір ақпарат бар ма?

- а) иә;
- б) жоқ.

6. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алдыңыз?

- а) ата-аналардан;
- б) достардан;
- в) мектепте;
- г) медициналық мекемеде;
- д) БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радио);
- е) интернеттен;
- ж) жауап беруге қиналамын.

7. Репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алғыңыз келер еді?

- а) ата-аналардан;
- б) достардан;
- в) мектепте;
- г) медициналық мекемеде;
- д) БАҚ (газеттер, журналдар, теледидар, радио);
- е) интернеттен;
- ж) жауап беруге қиналамын.

8. Репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша ақпарат пен кеңестер қажет деп ойлайсыз ба?

- а) иә;
- б) жоқ.

2-қосымша

Сауалнама. 9-сынып.

1. Сіздің жынысыңыз:

- а) ер бала;
- б) қыз бала.

2. Сіз қайда тұрасыз?

- а) қалада;
- б) ауылда.

3. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

- а) болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі;
- б) дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы.

4. Репродуктивті денсаулық ненің себептерінен бұзылуы мүмкін?

- а) гигиена ережелерін сақтамау;
- б) компьютерде ұзақ отыру;
- в) дұрыс тамақтанбау (чипсы, кока-кола және т.б.);
- г) тар, ыңғайсыз киім кию;
- д) жағымсыз әдеттер (темекі шегу, ішімдік ішу);
- е) жауап беруге қиналамын.

5. Ата-аналарыңыз сізбен ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелесе ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) мен онсыз да бәрін білемін.

6. Достарыңызбен қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлесесіздер ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) кейде;
- г) біз бұл тақырыпты үнемі талқылап отырамыз.

7. Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық бересіз?

- а) отбасына;
- б) мектепке, мұғалімдерге;
- в) дәрігерлерге;
- г) достарыма;
- д) интернетке;
- е) теледидарға;
- ж) жауап беруге қиналамын.

4. Репродуктивті денсаулық ненің себептерінен бұзылуы мүмкін?

- а) гигиена ережелерін сақтамау;
- б) компьютерде ұзақ отыру;
- в) дұрыс тамақтанбау (чипсы, кока-кола және т.б.);
- г) тар, ыңғайсыз киім кию;
- д) жағымсыз әдеттер (темекі шегу, ішімдік ішу);
- е) жауап беруге қиналамын.

5. Ата-аналарыңыз сізбен ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелесе ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) мен онсыз да бәрін білемін.

6. Достарыңызбен қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлесесіздер ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) кейде;
- г) біз бұл тақырыпты үнемі талқылап отырамыз.

7. Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық бересіз?

- а) отбасына;
- б) мектепке, мұғалімдерге;
- в) дәрігерлерге;
- г) достарыма;
- д) интернетке;
- е) теледидарға;
- ж) жауап беруге қиналамын.

3-қосымша

Сауалнама. 10-11 класс.

1. Сіздің жынысыңыз:

- а) ер бала;
- б) қыз бала.

2. Нешінші сыныпта оқисыз?

- а) 10-сыныпта;
- б) 11-сыныпта.

3. Сіз қайда тұрасыз?

- а) қалада;
- б) ауылда.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

- а) болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі;
- б) дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы.

5. Сіз өзіңіздің репродуктивті денсаулығыңызға қамқорлық жасайсыз ба?

- а) иә;
- б) жоқ.

6. Сіз өзіңіздің репродуктивті денсаулығыңызға қалай қамқорлық жасайсыз?

- а) спортпен шұғылданамын;
- б) салауатты өмір салтын ұстанамын;
- в) дәрігер маманға үнемі қаралып отырамын;
- г) дұрыс тамақтанамын;

д) жеке гигиена ережелерін сақтаймын.

7. Ата-анаңыз сізбен жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынастар туралы әңгімелесе ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) мен онсыз да бәрін білемін.

8. Достарыңызбен жігіттер мен қыздар арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлесесіздер ме?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) кейде;
- г) біз бұл тақырыпты үнемі талқылап отырамыз.

9. Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қай көзіне басымдық берер едіңіз?

- а) отбасына;
- б) мектепке;
- в) дәрігерлерге;
- г) достарыма;
- д) интернетке;
- е) теледидарға;
- ж) жауап беруге қиналамын.

10. Болашақта балаларыңыздың дені сау болуы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

- а) зиянды әдеттерден аулақ болу;
- б) салауатты өмір салтын ұстану;
- в) өз денсаулығымды бақылау;
- г) спортпен айналысу;
- д) дұрыс тамақтану;
- е) жылы киіну;
- ж) дәрумендер қабылдау.

4-қосымша

6-9 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған

Сауалнама

Құрметті респонденттер!

Ұсынылып отырған сауалнама анонимді болып табылады және дербес деректерді қамтымайды. Сұрақтарға жауап бере отырып, сіз өзіңізден алынған ақпаратты зерттеу, оларды басқа респонденттердің нәтижелерімен қорытындылау және қорытындыны тұжырымдау мақсатында өңдеуге өз келісіміңізді бересіз.

1. Сіздің балаңыз нешінші сыныпта оқиды?

- а) 6 сыныпта;
- б) 7 сыныпта;

в) 8 сыныпта;

г) 9 сыныпта.

2. Білім алушымен туыстық қатынасыңыз.

а) анасымын;

б) әкесімін;

в) әжесімін;

г) атасымын;

д) қамқоршысымын;

е) басқа _____ .

3. Сіз қайда тұрасыз?

а) қалада;

б) ауылда.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

а) болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі;

б) дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы.

5. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен (қажеттісінің астын сызу) репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлестіңіз бе немесе сөйлесуді жоспарладыңыз ба?

а) иә, сөйлестім;

б) сөйлесуді жоспарлап жүрмін;

в) жоқ, сөйлесу туралы ойланған емеспін.

6. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет пе?

а) иә;

б) жоқ;

в) жауап беруге қиналамын.

7. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз.

а) бастауыш сыныптардан бастап;

б) 5-сыныптан;

в) 6-сыныптан;

г) 7-сыныптан;

д) 8-сыныптан;

е) 9-сыныптан;

ж) жоғары сыныптарда (10-11 сыныптар);

з) жауап беруге қиналамын.

8. Сіздің ойыңызша, балалар репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

а) ата-аналардан;

б) достарынан;

в) мектепте;

г) медициналық мекемеде;

д) БАҚ (газеттер, журналдар, телевизор, радио);

е) интернеттен;

ж) жауап беруге қиналамын.

9. Сіздің ойыңызша, елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?

- а) иә, қажет;
- б) жоқ, қажет емес;
- в) оның қажеттілігін сезінбеймын;
- г) жауап беруге қиналамын.

5-қосымша

10-11 сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған
сауалнама

Құрметті респонденттер!

Ұсынылып отырған сауалнама анонимді болып табылады және дербес деректерді қамтымайды. Сұрақтарға жауап бере отырып, сіз өзіңізден алынған ақпаратты зерттеу, оларды басқа респонденттердің нәтижелерімен қорытындылау және қорытындыны тұжырымдау мақсатында өңдеуге өз келісіміңізді бересіз.

1. Сіздің балаңыз нешінші сыныпта оқиды?

- а) 10-сыныпта;
- б) 11-сыныпта.

2. Сіздің білім алушымен туыстық қатынасыңыз.

- а) анасымын;
- б) әкесімін;
- в) әжесімін;
- г) атасымын;
- д) қамқоршысымын;
- е) басқа _____ .

3. Сіз қайда тұрасыз?

- а) қалада;
- б) ауылда.

4. Репродуктивті денсаулық – бұл ...

- а) болашақта дені сау балалы болу мүмкіндігі;
- б) дене, ақыл-ой және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы.

5. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен репродуктивті денсаулық тақырыбында сөйлестіңіз бе немесе сөйлесуді жоспарладыңыз ба?

- а) иә, сөйлестім;
- б) сөйлесуді жоспарлап жүрмін;
- в) жоқ, сөйлесу туралы ойланған емеспін.

6. Балаларға репродуктивті денсаулық туралы айту қажет пе?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) жауап беруге қиналамын.

7. Егер «иә» деп жауап берген болсаңыз, онда балалармен репродуктивті денсаулық туралы қай сыныптан бастап сөйлесуге болады деп ойлайсыз.

- а) бастауыш сыныптардан бастап;
- б) 5-сыныптан;
- в) 6-сыныптан;
- г) 7-сыныптан;
- д) 8-сыныптан;
- е) 9-сыныптан;
- ж) жоғары сыныптарда (10-11 сыныптар);
- з) жауап беруге қиналамын.

8. Сіз өзіңіздің ұлыңызбен/қызыңызбен жігіттер мен қыздардың арасындағы қарым-қатынас туралы сөйлестіңіз бе?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) бұл әңгімені неден бастарымды білмеймін.

9. Сіздің ойыңызша, балалар репродуктивті денсаулық туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

- а) ата-аналардан;
- б) достарынан;
- в) мектепте;
- г) медициналық мекемеде;

д) бұқаралық ақпарат құралдарынан (газеттер, журналдар, телевизор, радио);

- е) интернеттен;
- ж) жауап беруге қиналамын.

10. Сіздің ойыңызша, балалар контрацепция туралы ақпаратты кімнен/қайдан алулары тиіс?

- а) ата-аналардан;
- б) достарынан;
- в) мектепте;
- г) медициналық мекеменің дәрігерінен;

д) бұқаралық ақпарат құралдарынан (газеттер, журналдар, телевизор, радио);

- е) интернеттен;
- ж) жауап беруге қиналамын.

11. Сіздің ойыңызша, елімізде жасөспірімдерге репродуктивті денсаулық бойынша білім беру жүйесін енгізу және дамыту қажет пе?

- а) иә, қажет;
- б) жоқ, қажет емес;
- в) оның қажеттілігін сезінбеймын;
- г) жауап беруге қиналамын.

б-қосымша

«Дүниетану» пәнінде репродуктивті денсаулықты сақтау және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жолдары

Әзірлеуші: Петропавл қаласы Әлихан Бөкейханов атындағы №25 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі жоғары санатты зерттеуші педагог – Сексенбаева Жанаржан Дулатовна

Ортақ тақырып	Бөлімшелері	Оқу мақсаттары	Репродуктивтік денсаулықты сақтау жолдары
1-сынып			
1 Өзім туралы	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.2.4 күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және күн тәртібін құру	Уақытымен тамақтану, таза ауада ойнау, ұйықтауға уақытында жатудың денсаулыққа әсері туралы әңгімелеу
		1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру	Отбасында үлкендерді сыйлау, кішіге қамқоршы болу туралы әңгімелесу
2 Менің мектебім	1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы	1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау	Мектептегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру
		1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру	Жолда жүру ережелерін сақтаудың маңызы туралы түсінік беру
		1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру	Көшедегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы пікір
		1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру	Мектепте, сыныпта, спорт залда және басқа да кабинеттерде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы әңгімелесу
3 Менің отбасым және достарым	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттей отырып, «отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру	«Отбасы» ұғымын қалыптастыру
		1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру	Отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге, ізет көрсетуге үйрету
		1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Үйдегі (ас бөлмесінде, тұрмыстық техниканы қолданғанда) қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру

4 Бізді қоршаған әлем	2.1 Жергілікті жерде бағдарлау	1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау	Табиғи ортада болғанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру
	2.2 Климат және ауа-райы	1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау	Өз денсаулығын сақтау мақсатында ауа райы жағдайына байланысты киінуге үйрету
		1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау	Денсаулықты нығайту мақсатында ойын түрлерін жыл мезгілдеріне байланысты таңдау. Таза ауадағы қозғалмалы ойындар
7 Тағам мен сусын	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру	Денсаулықты сақтау үшін тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру
		1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	Жеке бас гигиенасын сақтау жолдары
8 Дені саудың жаны сау	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	Жеке бас гигиенасын сақтауға дағдыландыру
		1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Үйде де қауіпсіз мінез-құлықты ұстанудың маңызы туралы әңгімелесу
		1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын анықтау	Қауіпсіз мінез-құлық үшін шұғыл көмек қызметтерінің телефон номерлерін білудің маңыздылығы туралы түсіндіру
2-сынып			
1 Өзім туралы	1.1 Мен және менің отбасым	2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру	Отбасы мүшелерінің әдеп нормаларын сақтауының маңызы туралы әңгімелесу
2 Менің отбасым және достарым	1.5 Құқық және міндет	2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату	Денсаулықты сақтау құқықтары туралы әңгімелеу
3 Менің мектебім	1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы	2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру	Сабақ және сабақтан тыс уақыттағы мінез-құлық ережелерін сақтау туралы түсіндіру
		2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру	Мектептегі үлкендермен, сыныптастарымен (сыныптағы ұл-қыз арасында) сыйластық қарым-қатынас орнату

			дағдыларын қалыптастыру
4 Менің туған елім	1.3 Менің атамекенім	2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету	Жергілікті жердегі өзен-көлдердегі қауіпсіз мінез-құлық және гигиена ережелер сақтау дағдыларын қалыптастыру
		2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру	Қоғамдық көліктегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға дағдыландыру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау	Зиянды тағамның денсаулыққа келтіретін зардаптары туралы түсінік қалыптастыру
		2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Күнделікті өмірде (кез келген жерде) қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету
	2.2 Климат және ауа-райы	2.2.2.1 ауа-райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау	Ауа райының кез келген түрінің адам денсаулығына келтіретін ықпалы туралы түсінік беру
2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу	Табиғаттың қолайсыз жағдайларындағы мінез-құлық ережелерін және денсаулықты сақтау жолдары туралы түсіндіру	
3-сынып			
1 Жанды табиғат	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау	Адамның климат жағдайларына бейімделуі және оның денсаулыққа әсері туралы түсіндіру
		3.2.2.2 ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	Қолайсыз ауа райы жағдайларында денсаулықты сақтау және нығайту жолдары туралы түсінік беру
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	Табиғаттың және климаттың әртүрлі жағдайларындағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және денсаулықты сақтау дағдыларын қалыптастыру

2 Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.3 өз отбасының құндылықтарын анықтау	Отбасы мүшелерінің отбасындағы рөлі туралы түсінік қалыптастыру
3 Уақыт	1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру	Отбасы мүшелеріне деген сыйластық, мейірімділік сезімдерін қалыптастыру
4 Сәулет өнері	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру	Жергілікті жерде саяхаттау барысында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, денсаулықты нығайтуға ден қоюға үйрету
5 Өнер	1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау	Отбасындағы сыйластық құндылығын орнатуға баулу
7 Су – тіршілік көзі	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)	Судың денсаулыққа әсері туралы түсінік қалыптастыру.
4-сынып			
1 Менің Отаным – Қазақстан	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау	Судағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру
2 Құндылықтар	1.1 Мен және менің отбасым	4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау	Отбасы мүшелерінің рөлі, өзара қарым-қатынасы туралы түсінік беру
4 Мамандықтар әлемі	1.1 Мен және менің отбасым	4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау	Отбасы мүшелерінің отбасындағы орны, рөлі, қарым-қатынастары туралы түсінік беру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну	Спорттың адам өміріндегі, денсаулығындағы маңызы туралы түсінік қалыптастыру
5 Табиғат құбылыстары	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау	Табиғаттың адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы түсінік қалыптастыру

7-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінің мазмұнында репродуктивті денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жолдары

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары	Салауатты өмір салты туралы білім беру
1-тоқсан			
Экожүйелер	Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)».	7.3.1.1 - жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу	Қоршаған орта факторларының әсер ету жағдайында қауіпсіз өмір салтын ұстану және денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту
	Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу «Қоректік тізбек пен торды құру».	7.3.1.2 - табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 - қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру	Рационалды тамақтану дағдыларын қалыптастыру
	Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор.	7.3.2.1 - адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау	Адамның әртүрлі экожүйелерге бейімделу дағдыларын дамыту
	Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері.	7.3.2.2 - экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру	Қоршаған ортаны қорғау дағдыларын дамыту
	Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары.	7.3.2.3 - Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау	Қоршаған ортада мінез-құлық ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері.	7.3.2.4 - жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру	Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру

Тірі ағзаларды жүйелеу	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы.	7.1.1.1 - жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 - жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау	Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру
Жасушалық биология Су және органикалық заттар	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.	7.4.2.1 - «жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» туралы түсініктер; 7.4.2.2 - өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырату	Адамның өмірі мен денсаулығы үшін су мен магний, кальций, калий, фосфор тәрізді элементтердің маңызы туралы білімді қалыптастыру
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу».	7.4.1.3 - азық – түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу	Адам денсаулығы үшін тамақтағы ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың маңызы туралы білімді қалыптастыру
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы).	7.1.1.4 - минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу	Адам денсаулығы үшін азот, калий, фосфор тәрізді макроэлементтердің маңызы туралы білімді қалыптастыру
Заттардың тасымалдануы	Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі.	7.1.3.1 - тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру;	Организмнің физиологиялық функцияларының бұзылуы (заттарды тасымалдау) және олардың алдын алу туралы білімді қалыптастыру
	Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар,	7.1.3.6 - жануарларда заттар тасымалына қатысатын	Қан айналымы жүйесі туралы білім қалыптастыру және

	буынаяқтылар және омыртқалылар.	мүшелерді танып білу	оның бұзылуының алдын алу
Тыныс алу	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар.	7.1.4.1 - тірі ағзалардағы тыныс алу маңызын сипаттау; 7.1.4.2 - анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату	Тыныс алу жүйесі туралы білім қалыптастыру және оның бұзылуының алдын алу
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау).	7.1.4.6 - тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру	Тыныс алу жүйесі туралы білім қалыптастыру және оның бұзылуының алдын алу
Бөліп шығару	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері.	7.1.5.1 - ағзалардың тіршілік әрекетінде бөліп шығарудың маңыздылығын түсіндіру	Адамның бөліп шығару жүйесі туралы білім қалыптастыру және оның бұзылуының алдын алу
Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға-лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі.	7.1.6.1 - өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау; 7.1.6.2 - жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3 - өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау	Тірі организмдердің айқындаушы функциясы ретінде қозғалыс туралы білімнің қалыптастыру
	Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың ролі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері	7.1.6.4 - омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру	Тірі организмдердің айқындаушы функциясы ретінде қозғалыс туралы білімнің қалыптастыру

	арасындағы байланыстарды анықтау.		
Координация және реттелу	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді.	7.1.7.1 - жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру	Жүйке жүйесі туралы білім қалыптастыру
	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі».	7.1.7.5 - рефлекстік доғаны зерттеу	Жүйке жүйесінің маңыздылығы туралы білім қалыптастыру және оның бұзылуының алдын алу
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері.	7.1.7.8 - ағзаның тіршілік әрекеттерінің қалпына келуіне және тынығуына ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 - жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру	Салауатты өмір салты туралы білім қалыптастыру және күйзелістің алдын алу, онымен күресу әдістері
	Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.	7.1.7.10 - жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсерін түсіндіру	Салауатты өмір салты туралы білім қалыптастыру
Тұқымқуалау мен өзгергіштік	Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі. Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер.. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік. Модельдеу «Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу»	7.2.4.1 - адам ағзасындағы тұқымқуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау 7.2.4.3 - белгілерді анықтаудығы гендердің рөлін түсіндіру;	Репродуктивтік денсаулықтың негізі мен тұқымқуалаушылығы туралы білім қалыптастыру
	Өртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны.	7.2.2.2 – хромосомалар және омосомалар санының	Репродуктивтік денсаулықтың негізі мен тұқымқуалаушылығы

		әртүрлілігін түсіндіру	туралы білім қалыптастыру
Көбею. Өсу және даму	Өсімдіктердің көбеюі. Өсімдіктердің көбеюінің биологиялық маңызы	7.2.1.1 - өсімдіктердің көбеюін сипаттау	Репродуктивтік денсаулықтың негізі мен тұқымқуалаушылығы туралы білім қалыптастыру
	Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы.	7.2.1.3 - өздігінен және айқас тозаңданудың шамалы артықшылықтарын сипаттау; 7.2.1.4 - гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау	Тірі организмдердің көбеюі туралы білім қалыптастыру
	Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс «Жылдық сақинаны санау»	7.2.3.1 - ағзалардың өсу және даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 - өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерістерін зерттеу	Формирование знаний о размножении живых организмов
	Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу «Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру».	7.2.3.3 - өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдерін ажырату; 7.2.3.4 - жануарлардағы тура және тура емес онтогенез типтерін салыстыру	Тірі организмдердің көбеюі туралы білім қалыптастыру
Микробиология және биотехнология	Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс «Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру» Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары	7.4.3.1 - бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау	Салауатты өмір салты және гигиена ережелері туралы білім қалыптастыру
	Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам	7.4.3.2 - ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу	Салауатты өмір салты және гигиена

	өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс «Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу».		ережелері туралы білім қалыптастыру
	Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс «Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу».	7.4.3.3 - антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау	Салауатты өмір салты және гигиена ережелері туралы білім қалыптастыру
	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.	7.4.3.4 - вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру	Салауатты өмір салты және тұмау мен ЖРВИ эпидемиясы кезінде гигиена ережелерін сақтау туралы білім қалыптастыру
8-сынып			
Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық.	8.4.1.1 - биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау	Адам өміріндегі органикалық заттардың маңыздылығы туралы білім қалыптастыру.
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз.	8.4.1.2 - көмірсулар мен липидтің құрылымы мен биологиялық қызметтерін сипаттау	Көмірсулар мен липидтердің организмнің өмірлік қызметдегі маңыздылығы туралы білім қалыптастыру
Тірі ағзалардың көп түрлілігі	Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар.	8.1.1.1. - балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау	Балдырлардың, мүктәрізділердің, қырықжапырақтәрізділердің, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылардың адам өміріндегі маңызы туралы білімді қалыптастыру

«Бастауыш сыныптарда репродуктивті денсаулық туралы түсінік беру және қауіпсіз мінез-құлық дағдысын қалыптастыру» факультатив сабағының үлгілік тақырыптық жоспары

Әзірлеуші – Ақмола облысы Ақкөл қаласы Жайық Бектұров атындағы №3 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі педагог сарапшысы – Әубәкіров Науан Ақанұлы. Еңбек өтілі – 24 жыл.

№	Негізгі идея	Оқыту мақсаттары
«Отбасы» ұғымы		
1	Білім алушыларға әлемде отбасының көптеген түрлері бар екенін түсіндіру	Отбасының түрлерін сипаттау, мысалы - екі ата-анасы да бар отбасы; - ата-әжесі бар отбасы; - бір ғана ата-анасы (анасы немесе әкесі); - қамқоршысы бар отбасы
2		Отбасының кез келген түрін құрметтеу сезімін қалыптастыру
3		Отбасының кез келген түрін құрметтеуді көрсете білу жолдары (дағдылары)
4	Ата-аналар (қамқоршылар) және отбасының басқа да мүшелері балалардың бойында отбасы	Ата-аналары (қамқоршысы), отбасының басқа да мүшелерінің балалардың шешіміне (білімін) қолдау көрсету жолдарын сипаттау
5	құндылықтарын қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар балаларды өмірлік жолдарында	Ата-аналар (қамқоршылар) және отбасының басқа да мүшелері балалардың шешіміне (дағдыларына) ықпал ететінін мойындау
6	бағыттап отырады және олардың шешімін қолдайды	Балалардың қабылдаған шешіміне (дағдыларына) отбасында қалыптасқан құндылықтаң қалай әсер еткенін талдау
7	Отбасы мүшелерінің қажеттіліктері мен рөлдерінің	Отбасы мүшелерінің қажеттіліктері мен рөлдерін анықтау
8	әртүрлілігі	Отбасы мүшелерінің бір-біріне әр түрлі түрде қамқорлық жасайтынын, бірақ кейде мұны жасауға дайын еместігін немесе мүмкін еместігін (көзқарастарын) түсіну

9		Отбасындағы өзінің қажеттіліктері мен рөлі туралы айту
10	Отбасы мүшелерінің арасында рөлдер мен міндеттердің дұрыс бөлінбеуі көпшілік жағдайда	Отбасындағы ерлер мен әйелдердің рөлдері мен міндеттеріндегі айырмашылықтарды атап көрсету
11	Отбасы мүшелерінің арасындағы (гендерлік) теңсіздікте байқалады	Аталған айырмашылықтардың отбасының әрбір мүшесі не істей алатынына және істей алмайтынына қалай әсер ететінін сипаттау
12		Гендерлік теңсіздіктің отбасындағы рөлдер мен міндеттердің (көзқарастардың) бөлінуіне әсер ететінін түсіну
13		Отбасындағы өзінің рөлін және ерлер мен әйелдердің отбасындағы рөлдері мен міндеттеріне (дағдыларына) қатысты өзінің талдау
14	Отбасы мүшелері балаларға құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқарады	Өздері және отбасы мүшелері үшін маңызды болып табылатын құндылықтарды (білімдерді) атау
15		Құндылықтарға анықтама беру немесе сипаттау
16		Отбасы мүшелерінің құндылықтары балалардың құндылықтарына (көзқарастарына) әсер ететінін мойындау
17		Өзі үшін маңызды болып табылатын құндылықты (дағдыны) тұжырымдау
18	Ата-аналар (қамқоршылар) және отбасының басқа да мүшелері балаларға құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар балалардың шешімдеріне бағыт береді және қолдайды	Ата-аналардың (қамқоршылардың) және отбасының басқа да мүшелерінің балалардың шешімдеріне қолдау көрсету тәсілдерін сипаттау
19		Ата-аналардың (қамқоршылардың) және отбасы мүшелерінің балалардың шешімдеріне (көзқарастарына) ықпал ететінін мойындау
20		Отбасында қалыптастырылған құндылықтың (дағдының) баланың шешіміне қалай ықпал еткенін талдау
21	Отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайлары мен аурулары оның құрылымы, мүмкіндіктері және міндеттерін бөлу тұрғысынан отбасына әсер етуі мүмкін	Денсаулық жағдайлары мен аурулар отбасы мүшелерінің рөлдері мен міндеттеріне қалайша әсер етуі мүмкін екенін сипаттау
22		Денсаулық жағдайының және аурудың отбасылық қарым-қатынастарға және отбасылық қызметке қалай әсер етуі мүмкін екенін талқылау
23		аурудан зардап шеккен отбасына тілектестік сезімін көрсету
Достық, жақсы көру және қарым-қатынас		
1	Достықтың әр түрлі түрлері бар.	«Дос», «достық» ұғымдарына анықтама беру
2		Достық қарым-қатынасты бағалау
3		Ұл бала мен қыз бала арасындағы айырмашылық, мүгедектік немесе денсаулық жағдайының досболуға, достық қарым-қатынасқа кедергісі жоқ екенін мойындау
4		Әр түрлі адамдармен достық қарым-қатынас орнатуға үйрену және достық қарым-қатынасты дамыту

5	Достық бір-біріне сенуге, бір-бірімен бөлісуге, бірін-бірі құрметтеуге, қайғы-қасіретте бірге болуға, ынтымаққа негізделеді	Достықтың сенім, бөлісуге дайын болу, сыйластық, қолдау көрсету, қиындықта да, қуанышта да бірге болу, ынтымақтастық тәрізді негізгі элементтерін сипаттау
6		Достықтың негізгі элементтерін негізге ала отырып достық қарым-қатынас орнатуға үйрену
7		Сенім, құрметтеу, түсіністік және бір-бірімен бөлісе білу дағдыларын көрсету
8	Қарым-қатынаста махаббаттың (сүйіспеншіліктің) әр түрлі түрлері және жақсы көруді әр түрлі тәсілмен көрсетуге болады. Мысалы: достар арасындағы бірін-бірі жақсы көру, ата-ананың бір-біріне деген махаббаты	Махаббаттың түрлерін анықтау және оларға сипаттама беру
9		Жақсы көруді әр түрлі тәсілдермен білдіру
10		Достық-қарым-қатынастағы жақсы көруді білдіру
11	Достық және сүйіспеншілік (жақсы көру) өзіне деген жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасайды	Достық пен жақсы көрудің артықшылықтарын атау
12		Достық пен сүйіспеншілік (жақсы көру) адамға қуаныш сезімін сыйлайтынын дәлелдеу
13		Достық пен махаббатты басқа адам қуаныш пен өзіне деген сенімді сезінетіндей етіп білдіру.
14	Балалар жасөспірім болған кезде достық пен сүйіспеншілікті басқаша көрсете алады	Басқа адамға деген достық пен сүйіспеншіліктің әр түрлі жолдарын және жас өскен сайын бұл сезімдердің қалай өзгеретінін сипаттау
15		Өздерінің жасы өскен сайын достық және басқа адамға деген жақсы көру сезімінің қалай өзгергенін сипаттау
16	Теңсіздік жеке қарым-қатынастарға кері әсерін тигізеді	Жасқа, балалардың табиғатынан ұл немесе қыз болып жаратылуына, экономикалық санатқа немесе достардың арасындағы орнына (көшбасшылыққа) байланысты жеке қарым-қатынастардағы теңсіздіктің осы қарым-қатынастарға әсерін қарастыру
17		Адамдар арасындағы рөлдердің әділ бөлінуінің дұрыс қарым-қатынасқа қалай ықпал ететінін талдау
18		Қарым-қатынастағы теңдік дұрыс қарым-қатынастың ажырамас бөлігі болып табылатынын дәлелдеу
19		Қарым-қатынастағы теңдікті қолдау

11-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінде репродуктивті денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық дағдысын қалыптастыруға бағытталған факультатив сабақтарының үлгілік тақырыптық жоспары

№	Негізгі идея	Оқыту мақсаттары
---	--------------	------------------

1	Есею дегеніміз – өзі үшін де, басқалар үшін де жауапкершілікті өз мойнына алу	Жасы өскен (есейген) сайын өздеріне және басқаларға қатысты қандай жаңа міндеттер жүктелетінін анықтау және талдау
2	дегенді білдіреді	Жасы өскен (есейген) сайын балалардың әлемі мен басқа адамдармен қарым-қатынасы отбасы шегінен шығады, олардың достары мен құрдастарының шеңбері ерекше маңызға ие болатынын мойындау
3		Жаңа адамдармен қарым-қатынас орнатуды үйрену, жауапкершілікті өз мойнына алу және жауапкершілікті бағалау оценивать и брать на себя новые обязанности и устанавливать отношения с новыми людьми
4	Ата-аналар (қамқоршылар) мен балалар арасындағы жанжалдар мен түсініспеушіліктер әсіресе жасөспірімдік шақта жиі кездеседі, бірақ оларды әдетте шешуге болады	Ата-аналар (қамқоршылар) мен балалар арасындағы жиі болатын жанжалдар мен түсініспеушіліктердің түрлерін атау
5		Ата-аналармен (қамқоршылармен) жанжалдарды немесе түсініспеушіліктерді шешу әдісін сипаттау
6		Ата-аналармен (қамқоршылармен) жанжалдар немесе түсініспеушіліктер жиі кездесетін құбылыс екенін және бұл жағдайды реттеуге болатынын түсіндіру
7		Ата-аналармен (қамқоршылармен) жанжалдар немесе түсініспеушіліктер реттеу жолдарын ұсыну
8	Отбасының болуы және отбасында салауатты қарым-қатынас болуы үшін махаббат, ынтымақтастық, гендік теңдік, өзара қамқорлық пен өзара сыйластық маңызды болып табылады	Отбасының болуы үшін қажетті сипаттамаларды анықтау
9		Отбасының болуы үшін бұл сипаттамалардың неліктен маңызды екенін дәлелдеу
10		Отбасының болуы үшін өзінің қосқан үлесін бағалау
11	Отбасылық қарым-қатынастарға денсаулық проблемалары әсер етуі мүмкін	Егер отбасы мүшелерінің бірі өзінің денсаулығына байланысты құпия ақпаратты ашса, отбасындағы рөлдер мен қарым-қатынастарының қалай өзгеретінін бағалау
12	Жастар мен олардың отбасы мүшелері зорлық-зомбылыққа және денсаулық проблемаларына қатысты ақпаратты ашуға байланысты проблемалар туындаған кезде жүгіне алатын қолдау жүйелері бар	Өзіне қатысты болған зорлық-зомбылық немесе денсаулығына қатысты құпиясын ашқан жасөспірімге аға-інілерінің/апа-сіңлілерінің, ата-аналарының (қамқоршыларының) және басқа да туыстарының қалай және қандай қолдау көрсете алатынын сипаттау
13		Отбасы мүшелері бір-бірін қолдап, өзара сыйластық танытса, отбасы қиындықтарды еңсере алатынын түсіндіру
14		Өзіне немесе көмекке мұқтаж отбасы мүшесіне қолдау көрсету үшін жергілікті қоғамдастықтағы сенімді ресурстарды анықтау
Достық, жақсы көру және қарым-қатынас		

1	Достар бір-біріне жағымды немесе теріс әсер ете алады	Достар бір-біріне қалай жағымды немесе теріс әсер ете алатынын салыстыру
2		Достарының өзінің мінез-құлқына жағымды немесе кері әсер ете алатынын мысалдармен дәлелдеу
3		Досының жағымсыз ықпалынан құтылу жолдарын ұсыну
4	Қарым-қатынас түрлері	Қарым-қатынас түрлерін анықтау және оларды сипаттау
5		Жақсы көруге, достыққа, сүйіспеншілікке байланысты эмоцияларды сипаттау
6		Әр түрлі қарым-қатынастарға байланысты эмоцияларды басқара білу жолдарын ұсыну
7	Құрбылар арасындағы жас ерекшеліктеріне, экономикалық, әлеуметтік және денсаулық жағдайларына байланысты	Гендерлік және жас ерекшеліктеріне байланысты теңсіздіктің ер балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынасқа тигізетін кері әсерлерін анықтау және сипаттау
8	теңсіздіктің қарым-қатынасқа тигізетін әсері	Жасөспірімдердің отбасындағы экономикалық, әлеуметтік жағдайлардың ер балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынасқа тигізетін кері әсерлерін анықтау және сипаттау
9		Денсаулық жағдайларына байланысты теңсіздіктің қарым-қатынасқа тигізетін әсерлерін анықтау және сипаттау
10	Махаббат пен сүйіспеншілікті білдіру жолдары адамның жасы	Махаббат пен сүйіспеншілікті білдіру жолдарын анықтау және сипаттау
11	ұлғайған сайын өзгеруі мүмкін.	Жасы есейген сайын махаббат пен сүйіспеншілікті білдіру жолдарының өзгеру мүмкіндіктерін сипаттау

12-қосымша

«Қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбындағы сынып сағаты

Сынып сағатының мақсаты – білім алушылардың репродуктивтік білім, балалардың табиғатынан ұл немесе қыз болып жаратылуын қабылдау мәдениеті деңгейін арттыру және ұл мен қыздағы мінез-құлықтың өзін-өзі қорғау ұғымын қалыптастыру; өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- білім алушыларға қыздардың репродуктивті денсаулығы медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылатыны туралы хабарлау;
- репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялардың, әсіресе қыз балалардың репродуктивтік қызметіне әсері туралы ақпарат беру;
- темекі шегудің, алкогольдік ішімдіктердің, никотиннің репродуктивті денсаулығына тигізетін әсері туралы хабарлар ету

Дайындық жұмысы:

1. Білім алушыларға бұқаралық ақпарат құралдарынан, медициналық және басқа да әдебиеттерден аталған тақырыпқа қатысты материалдар табу туралы алдын ала тапсырма беріледі.

2. «Жас қыздардың репродуктивтік денсаулығы» тақырыбындағы ақпараттық буклеттер әзірлеу.

3. Презентация әзірлеу.

4. Аталған тақырып аясында бейне материалдар әзірлеу.

5. Қажетті құрал-жабдықтар:

- дәрістік материал;

- үлестірме материалдар: «Жас қыздардың репродуктивтік денсаулығы», «Контрацепция туралы сөйлесейік» және басқа да тақырыптардағы ақпараттық буклеттер;

- проекциялық аппарат, ноутбук немесе компьютер, экран;

- «Жас қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбындағы презентация;

- «Репродуктивті денсаулықты сақтау», «Репродуктивті денсаулық», «Инфекциялардың репродуктивті денсаулыққа әсері», «Репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялар», «Қазіргі кездегі контрацепциялар», «Контрацепцияның заманауи тәсілдері» тақырыптарындағы бейне материалдар.

6. «Білім алушылардың өзінің денсаулығына және болашақ ұрпағының денсаулығына деген көзқарасы» тақырыбындағы сауалнама.

Сынып сағатына қатысушылар: 9-11-сыныптардың білім алушы қыз балалары; әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері, ата-аналар.

Сынып сағатын жүргізу жоспары

Ұйымдастырушылық бөлім: сәлемдесу, келуді бақылау, білім алушылардың сынып сағатына дайындығын тексеру, сынып сағаты өткізілетін бөлменің (залдың) дайындығын тексеру.

Бінталандыру: репродуктивті денсаулықты сақтау үшін және болашақта ана болудың қауіпсіздігін қорғау үшін аталған тақырыптың маңыздылығын түсіндіру.

Репродуктивті денсаулық адам денсаулығының ажырамас бөлігі, сонымен қатар ол халықтың одан әрі өсімін молайту және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болып табылады. Сонымен қатар, республикадағы медициналық-демографиялық жағдайдың көбінесе бала туу жасына жеткен жастардың репродуктивті денсаулығының қанағаттанарлықсыз жағдайына байланысты. Өкінішке орай, бұл жас репродуктивтік саладағы негізгі қолайсыз бұзылулармен сипатталады. Қыздар мен әйелдердің репродуктивті денсаулығының проблемасы педагогика, физиология, денсаулық сақтау мәселелерінің басты назарында болды.

Сондықтан, «Қыздардың репродуктивті денсаулығы» атты бүгінгі сынып сағатының тақырыбы өзекті болып табылады.

✓ Педагог-психологтың (әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшісінің немесе медицина саласы маманының) «Қыздардың репродуктивті денсаулығы – медициналық-әлеуметтік проблема ретінде» тақырыбындағы баяндамасы.

✓ Білім алушылардың осы тақырыпта әзірлеген баяндамаларын, ақпараттарын тыңдау. Баяндама тақырыптары: «Қыздың – болашақ ананың репродуктивті денсаулығын сақтау», «Жастардың репродуктивті денсаулығына әсер етуші факторлар» және т.б.

✓ Презентацияларды, бейне материалдарды тамашалау.

✓ Оқушы қыздардың «Білім алушылардың өзінің денсаулығына және болашақ ұрпағының денсаулығына деген көзқарасы» тақырыбындағы сауалнамамен жұмыс.

✓ Педагог-психологтың (әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшісінің немесе медицина саласы маманының) қорытынды сөзі.

Сөйтіп, қазіргі жағдайында әлеуметтік жұмыстың қажеттілігі әсіресе өзекті және жалпыға бірдей болып табылады. Никотиннің, алкогольді ішімдіктердің және есірткінің болашақ ата-аналардың репродуктивті функцияларына кері әсер етеді. Соның салдарынан туындайтын аурулар артады, тіпті ауру немесе кеміс баланың туу ықтималдығы артады.

Маскүнемдік, нашақорлық елдегі әлеуметтік-демографиялық жағдайды қиындатады, халыққа және оның психикалық-физикалық мүмкіндіктеріне әсер етеді, қоғамдық пайдалы белсенділікті төмендетеді. Жасөспірімдер мен жастар өздерінің жас ерекшеліктеріне байланысты зиянды әдеттердің болашақта өздерінің денсаулығына және репродуктивті денсаулықтарына қаншалықты әсер ететіндігі туралы ойлана қоймайды.

Сондықтан да жасөспірімдер мен жастардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Халықтың маңызды әлеуметтік-демографиялық тобы болып табылатын жас отбасына ерекше көңіл бөлінеді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жастар ортасында зиянды әдеттерден аулақ болу дағдыларын, қабілеттерін және өмірлік оң көзқарастар жиынтығын бекітуден көрініс алуы тиіс.

Жасөспірім қыздардың өз денсаулығына жауапты көзқарас қалыптастыру болашақ аналардың денсаулығын сақтауға, толыққанды өмір сүруге және келешекте еш қиындықсыз дені сау балалардың анасы болуға мүмкіндік береді.

✓ Білім алушылардың рефлексиясын ұйымдастыру.

Қыздардың бойында күмән, түсініспеушілік сезімін туғызған мәселелерді талқылау. Талқыланған мәселелерден алынған жалпы әсерлері, оқушылар мен мұғалімнің сыныптағы белсенділік формалары талқыланады.

Білім алушыларға өзі-өзі бағалау, қорытынды жасау алгоритмі ұсынылады.

✓ Қорытынды жасау:

- сұрақ-жауап, сынып сағатын ұйымдастырушының қойылған мақсатқа жетуі туралы қорытынды сөзі;

- білім алушылардың жұмысына баға беру.

Ақмола облысы Степногорск қаласы білім бөлімі бойынша «Қаныш Сәтбаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2-санатты педагог-психологы – Зылгарина Гүлмира Қайратқызы әзірлеген

«Психология және денсаулық» атты семинар-тренинг

Семинар-тренингтің мақсаты – жоғары сынып білім алушыларының, педагогтердің, ата-аналардың денсаулық сақтау және нығайту мәселелері бойынша сауаттылықтарын арттыру.

Семинар-тренингтің міндеттері:

- аурулардың рухани-адамгершілік себептері туралы ақпаратпен танысу;
- өзінің физикалық жағдайын және күйзеліс деңгейін диагностикалау;
- психологиялық жағдайын реттеудің қарапайым тәсілдерін үйрену.

Семинар-тренингтің негізгі әдістері: топтық пікірталас, психологиялық күйзелісті төмендетуге арналған ойындар, арт-терапия тәсілдері.

➤ «Болжау баспалдақтары» жаттығуы

Сіздер қандай да бір іс-шараға келген уақытта, сол кездесуден және сол кезде болатын әңгімелесуден міндетті түрде бір жаңалық күтесіз. «Болжау баспалдақтары» ватманына қараңыздар. Сіз қазір бұл «баспалдақтардың» ең астында тұрсыз, егер де сіздің күткеніңіз орындалса, онда шараның аяғында сіз «баспалдақпен» жоғары қарай көтеріліп ең биігіне шығасыз. Қазір сіздер бәріңіз адам бейнесінің сұлбасын аласыздар. Ол сұлбаға «Менің қазіргі көңіл-күйім» деген сурет салыңыздар. Ал юбкасында осы семинар-тренингтен өзіңіздің күтетін нәтижелерді жазыңыздар.

Тренингке қатысушылар өздерінің күтетін нәтижелері мен үміттерін жазады, содан кейін бірінші баспалдаққа жапсырады.

➤ Ережелерді қабылдау

Бізді қызықты да пайдалы жұмыс күтіп тұр, ал ол жұмыс жемісті және тиімді болуы үшін ережелер қабылдауды және сол ережелерге сүйенуді ұсынамын.

Семинар-тренингтің ережелері

- осы жерде және қазір;
- белсенділік;
- ашықтық;
- толеранттылық;
- оптимизм;
- ықылас қоюшылық;
- сезімпаздық.

➤ Психологтың сөзі. Соңғы кезде оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығына жоғары талап қою тенденциясы байқалады. Педагог бала үшін «мен осындай адам болғым келеді» деген сезім тудыратын үлгі болуы, балалармен тіл табыса алуы, оларды оқуға ынталандыра алуы тиіс, өзінің білім алушыларының бойынан тұлғалық қасиеттерді көре алуы тиіс. Бұл

мақсаттарды орындауға қол жеткізу жеңіл болмайды. Педагог жұмысының тиімділігіне эмоционалдық және физикалық жағдай өте қатты әсер етеді, ал олардың тұрақтылығы көптеген факторларға байланысты.

Семинар-тренингке қатысушылардың арасындағы психологиялық алшақтықты және психологиялық күйзелісті болдырмау үшін «Толқын» жаттығуын орындау.

➤ «Толқын» жаттығуы

Мақсаты: қатысушылар арасындағы психологиялық алшақтықты, психологиялық күйзелісті жою.

Семинар-тренингке қатысушылар шеңбер қрып, бір-бірінің иығына қолдарын қойып тұрады. Жүргізуші өзінің жанындағы қатысушының иығынан сәл басады, қатысушы басуды «шынжыр» тәсілімен шеңбер бойынша әрі қарай жібереді. Жаттығудың үйлесімділігіне, қозғалыстардың толқын тәрізді болуына, яғни дененің төмен еңкеюі және түзу тұру арқылы қол жеткізу керек. Жүргізуші қатысушылардың назарын көршісінің қолының түйісуі нәтижесінде болатын қозғалысты сезінуіге аударады.

➤ «Аурулардың рухани-адамгершілік себептері» атты ақпараттық хабарлама

(ақпарат беруді білім беру ұйымының медициналық қызметкері және психологы жүзеге асырады)

Адамды адам табиғатының төрт деңгейін көрсететін схема түрінде көрсетуге болады:

- дүниетанымдық (рухани) – Жерге не үшін келгенін түсінуге ұмтылу;
- психологиялық – басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға ұмтылу;
- әлеуметтік – әлемдегі өз орнын табуға ұмтылу;
- биологиялық (физикалық) – өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға ұмтылу.

Адам кім болса да, қандай дәрежеде болса да оның ең басты қамқорлық көрсететін нысаны – денсаулығы. Кез келген адам өз денсаулығын сақтауға тырысады. Алайда, біз денсаулығымыз жақсы болған кезде өз денсаулығымыз туралы ойланбаймыз, тек денсаулығымыз нашарлаған кезде ғана ойлана бастаймыз. Әр адам өз ауруын, аурудың өміріне қалай әсер ететінін, өзінің дене және көңіл-күй жағдайына талдау жасай алады. Көпшілік жағдайда ересектер де, балалар да тұмау, суық тию тәрізді жағдаяттық «жай» аурулармен ауырады. Біздің әрқайсымызда аурудың өзіндік себептері бар және әрқайсымыз онымен өз тәсілдерімізбен күресеміз.

➤ «Денсаулық» ұғымына әр түрлі түсініктерді келтіруге болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, денсаулық – аурудың және физикалық кемістіктердің болмауы ғана емес, ол адамның толық физикалық, көңіл-күй және әлеуметтік амандығы.

Халықтың даналығына сүйенсек, аурулардың 99%-і адамдардың мінез-құлқына, басқа адамдарға қарым-қатынасына және өмір сүру салтының дұрыс болмауына байланысты пайда болады екен.

➤ Адамның ауру шақыратын өміріне байланысты көзқарас

Адам данышпан болғысы келмейді. Адам мүмкін емес немесе қолжеткізу өте күрделі бірдеңені иеленгісі келеді дейік – нәтижесінде қанағатсыздық ауруы пайда болады. Мысалы, адам ақшасының көп болғанын қалайды, оны табу үшін алаяқтыққа барады. Міне, көп ақшасы бар, ол өзіне керек кез келген қымбат затты сатып ала алады, қымбат демалыс орындарына бара алады, бірақ бұл оған жақсы көңіл-күй сыйламайды, адам жабырқаңқы күйге түседі. Немесе адамды көреалмаушылық сезімі басады, бұл «қанағаттанбаушылық» ауруын тудырады. Осылайша өт қабы, оң жақ бүйрек, жуан ішек аурулары пайда болады. «Қыңырлық, қырсықтық» ауруымен қиналатын адамдарды аурулардың барлық түрлері қинайды, себебі олардың бойындағы табиғи үндестік бұзылған, ал табиғат зердесіз адамдарды жақсы көрмейді. Менменшіл, тәкаппар адамдар жіңішке ішектің, қорқақ адамдар – жуан ішектің ауруларымен сырқаттанады.

➤ *Адам мейірімді болғысы келмейді.* Бір адам екінші бір адамды жақсы көрмейді, енді бір адам екінші адамды көргісі келмейді, көршілер бір-бірін мүлдем ұнатпайды. «Қабылдамау» ауруы «жеккөру», «ыза» ауруын тудырады. Бұлар өте қауіпті аурулар, ызаның салдарынан бауыр ауырады, жеккөрушіліктен – жіңішке ішек, қабылдамаушылықтан – жуан ішек ауруы туындайды. Жақсы болғысы келмеген адам, ызақор болады, бұны көңілі қаласа да, қаламаса да. Бұл жерде бір нақты орталық болмайды. Өркениетті елдерде мейірімді болудың пайдалы екенін дәлелденген. Қазіргі кезде бауырды тазалау өте танымал болып кетті, бұл таңқаларлық жәйт емес, себебі теріс сезімдерден, ызақорлықтан ең алдымен бауыр зардап шегеді.

➤ *Адам өзінің физикалық денесін дамытқысы келмейді.* Қазіргі кезде біз көшеде денесін май басып кеткен толық адамдарды, оның ішінде жас адамдарды жиі кездестіреміз. Бірақ, адамның денесі – жан-күй сарайы, бұл сарайдың төбесі ағып тұратын болса жақсы бола ма? Шектен шығудың да пайдасы жоқ

➤ *Адам табиғаттың рухани заңдылықтарын бұзады.* Біз даму заңдарын бұзамыз, өзімізді жетілдіруге ұмтылмаймыз, өзімізге жақындарға қатысты әділдік заңдарын, махаббат заңдарын, рухани заңдарды бұзамыз, себебі оларды аз білеміз. Сол себепті ауырамыз, өйткені заңдарды білмеу жауапкершіліктен босатпайды ғой.

➤ *Адам өзінің жаман іс-әрекеттері мен қылықтарының нәтижесінде өсірген жемістерді тұтынады.* Егер арамдық жасаған болса – көңіл толмаушылыққа ие болады, ал бұл ауруға тез әкелетін бірден-бір жол. Мысалы, бойжеткен қыз сүйген жігітін, екі пәтері, автокөлігі бар бай жігіт үшін тастап кетті дейік, бұдан болашақта қыздың репродуктивті денсаулығында (қыз баланың ішкі ағзаларының аурулары) қиындықтардың болатынын күтуге болады.

➤ *Адам бір сәтпен ғана өмір сүре алмайды.* Ол болашақпен немесе өткенмен өмір сүреді және қазіргі сәтте болып жатқанды бағаламайды. «Дүйсенбіден бастап дене жаттығуларын жасаймын, бір аптадан кейін білімімді жетілдіріп бастаймын. Міндетті түрде дұрыс тамақтануды бастаймын, бірақ осы мерекелер өткеннен кейін». Шындығында, бұның бірі де жүзеге аспайды.

«Соңыра» деген ешқашан болмайды, жүзеге аспайды. Дәл осы шақтағыны қадірлемеген адам болашақта ауруы мүмкін.

➤ *Адам өзінің психикасына жағымсыз мақсат сіңдіріп қояды.* Мысалы, ол өзін әрдайым «Мен аурымын», «Менде ешқашан басқалардағыдай болмайды» деген ойлар сіңіреді. Бұл педагогтің балаға айтқан «Сен топассың», «Сенде ешқандай қабілет жоқ» немесе ата-анасының «ана көршінің баласын қарашы» тәрізді анықтамалары да болуы мүмкін. Осындай тұжырымдамаларды көңілі жақын алған адам қиналып өмір сүреді. Адамның санасының түбінде сақталып қалған мұндай жағымсыз ойларды шығару үшін, оның ойына одан да күшті – жағымды ойлар енгізу керек болады.

➤ *Адам дұрыс емес өмір салтын ұстанады.* Бұл ойластырылмаған, ретке келтірілмеген тамақтану немесе күн тәртібі, басқа адамдарға қатысты жағымсыз ойлар т.б. болуы мүмкін. Адам табиғат-анадан алшақтап кетеді, ол өзінің жасыл шөптежалаң аяқ жүгірген, суық суда шомылған кездерін ұмытқан. Ол бұны ерсі құбылыс деп санайды. Дұрыс тамақтанбау, балаларын дұрыс тәрбиелемеу, қарамау, сөйлеу – бұның бәрі ауру тудырады.

➤ *«Педагогтің, ата-ананың, білім алушының денсаулығы – бұл ...» атты ой-талқы.* Қатысушылардың әр тобы өз ойларын алдын ала дайындалған қағазға жазады, содан кейін өз нұсқаларына презентация жасайды.

➤ *«Тыныс алу сызығы» жобалық әдістемесі.* Қатысушыларға еркін формада өздерінің тыныс сызығын салу ұсынылады. Суретте сүйір бұрыштар неғұрлым көп болса, күйзеліс деңгейі соғұрлым жоғары болады. Күйзеліс деңгейі төмен денсаулығы жақсы адамның тыныс алу сызығы жатық болады.

➤ *«Көңіл-күй суреті» жаттығуы.* Арт-терапия әдісі.

Психолог. Парақта өздеріңіздің соңғы кездегі басым болып жүрген көңіл-күйлеріңіздің суретін жылдың бір мезгілін қолдана отырып салыңыздар. Бейненің сапасы және олардың үйлесімділіктері үшін қам жеменіздер – ең бастысы, суретте сезім берілуі тиіс.

Суретті салып болғаннан кейін әр қатысушы топтағы қатысушылардың салған суретінен алған өзінің әсерлерімен бөліседі, суретте қандай көңіл-күй бейнеленгенін анықтайды. Содан кейін орындаушының өзі сурет салу барысында қандай көңіл-күйде болғаны туралы айтады. Суреттің мазмұны мен орындалу техникасын талқылаудың қажеті жоқ.

➤ *«Аяқталмаған сөйлемдер» арқылы қорытынды жасау.*

- ..., мен үшін пайдалы болды.

- Маған қатты ұнағаны

- ..., маған ұнаған жоқ.

- Семинар-тренинг барысында мен ... түсіндім.

14-қосымша

Ақмола облысы Ақкөл қаласындағы Жайық Бектұров атындағы жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі педагог сарапшы Ашкенова Анар Ислямовна әзірлеген

«Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы» атты ата-аналар
жиалысының үлгі-жоспары

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДСҰ) репродуктивті денсаулықты толық физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы ретінде айқындайды.

Репродуктивті денсаулық – әйелдер мен еркектердің ұрпағы болуға деген ұмтылысын іске асыра білуі. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы ең өткір медициналық және әлеуметтік проблемалардың бірі ретінде танылады!

15 жастағы ұлдар мен қыздардың өз денсаулығын бағалау бойынша өздерін:

Швейцарияда – 93%;

Францияда – 55%;

Ресейде – 28% деніміз сау деп санайды

ДДСҰ деректері бойынша 15 жасқа дейінгі қыздардың 5,6%-ы және ұлдардың 19,5%-ы төсектік қатынастың не екенін біледі. Әрбір екінші жасөспірім 17 жасқа дейін төсектік серіктестікті бастаған. Ал жасөспірімдердің 82%-ы 19 жасында төсек қатынасында болған боп танылған.

17 жастағы жасөспірімдердің 75%-і созылмалы соматикалық аурулармен ауырады, ал 18%-ында репродуктивті жүйенің патологиялары бар.

Сонымен қатар, жасөспірімдер контрацепция, АИТВ/ЖҚТБ-ның алдын алу, репродуктивті денсаулықты сақтамаудан болатын инфекциялар (ЖЖБИ), нашақорлық, маскүнемдік және т.б. туралы нашар хабардар екені мәлім.

Жасөспірімнің жетілуі, дамуы мен репродуктивті денсаулығының бұзылуы жасөспірім кезінде белгі беретіндіктен, мектепте оқыту сатысында жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің біріне айналады.

Жасөспірімдермен профилактикалық жұмыстың негізгі бағыттары:

- жеке гигиена дағдыларын үйрету;
- рационалды тамақтану;
- күн режимі, оқу және демалу;
- алкогольге қарсы және темекіге қарсы білім беру;
- нашақорлық пен темекі құмарлықтың алдын алу;
- шынықтыру және спорт.

Репродуктивті денсаулық және оны қорғауға байланысты мәселелер бойынша хабардар ету.

Сонымен қатар, білім алшылардың келесі мәселелерден хабардар болулары тиіс:

- жеке бас гигиенасы;
- физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктер туралы;
- жасөспірімдердің және қыздардың ерекшеліктері туралы;
- ұл қыздың физиологиялық жетілуі, оның маңыздылығы мен дене және психикалық жағдайына ықпалы туралы;

- жастардың өзара сыйластық қарым-қатынастары туралы негізгі ұғымдарды;

- салауатты өмір салтының принциптері мен нормалары туралы (оңтайлы қозғалыс режимі, шынығу, дұрыс тамақтану, өмірдің ұтымды режимі және жаман әдеттерден бас тарту);

- ЖЖБИ ерекшеліктері, жұқтырудың медициналық-әлеуметтік салдары туралы.

15-қосымша

Ақмола облысы Бурабай ауданы Щучинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі педагог-сарапшы – Есмұхамбетова Арайлым Байкановна әзірлеген «Салауатты өмір салтын насихаттау» бойынша жүргізілетін іс-шаралардың үлгілік жоспары

№	Іс-шаралар	Өткізілу түрі	Өткізілетін уақыты
1	Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай «Жоқ» деп айта біл!	Ақпараттық сағат	
2	Халықаралық денсаулық күніне орай «Денсаулық жолдарымен саяхат»	Сынып сағаттары	
3	«Кітап – денсаулық сақшысы қызметінде»	Денсаулық сақтауға бағытталған кітаптарға шолу	
4	«Дәрумендер туралы не білу керек?»	Пайдалы кеңестер сағаты (сынып сағаты)	
5	Халықаралық денсаулық күніне орай «Белсенділік – көп жасау кепілі»	Викторина	
6	«Қауіпсіз мінез-құлық мектебі»	Ақпараттық сағат	
7	«Өмірге қауіп төндіретін құштарлықтар»	Көрме, бейнефильм	
8	«Гигиена сақтау – денсаулық кепілі»	Сынып сағаты	
9	«Адамның өз өміріне қауіп төндіруі»	Әңгімелесу	
10	«Темекісіз өмір – ұзақ өмір»	Ақпараттық сағат	
11	«Нашақорлық – қайғы-қасіреттің белгісі»	Ақпараттық сағат	
12	Халықаралық денсаулық күніне орай «салауатты өмір салты туралы»	Сынып сағаты	
13	«Заң және есірткі»	Құқықтық ақпарат күні	
14	Адамның иммун тапшылығы вирусының алдын алуға бағытталған «Әлемге төніп тұрған қара түнек»	Сынып сағаты	
15	«Біздің маңайымыздағы жасыл достар»	Ақпараттық сағат	

16- қосымша

«Мектеп – денсаулық аймағы» атты салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бағдарламаның үлгісі

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
Басқару және ғылыми-әдістемелік жұмыс			
1	«Салауатты өмір салты» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жоспарын құрастыру	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Педагогтерге денсаулық сақтаудың озық технологияларын меңгеруде әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойы	Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
3	Денсаулық сақтау бойынша әдістемелік материалдар базасын құру	Жыл бойы	Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
4	Білім алушылардың, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырыстарын, тақырыптық педагогикалық кеңестер, семинар-практикумдар өткізу	Жыл бойы	Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
5	Педагогтерге, әлеуметтік педагогке, педагог-психологқа арналған салауатты өмір салты бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
6	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың медициналық, педагогикалық, психологиялық жағдайының мониторингі	Жоспар бойынша	Директордың оқу жұмысы жөнінен орынбасары
Медициналық және гигиеналық профилактика			
1	Мектеп ғимараты ішіндегі ауаның ластануы, жылу режимі профилактикасын ұйымдастыру	Жыл сайын	Директордың ӘШҚ жөніндегі орынбасары, мектептің медицина қызметкері
2	Мектептің табиғи және жасанды жарықтандырылуына қойылатын талаптарды сақтай отырып бақылауды жүзеге асыру	Жыл бойы	Директордың ӘШҚ жөніндегі орынбасары, мектептің медицина қызметкері
3	Дене шынықтыру және технология сабақтарына байланысты медициналық бақылауды жүзеге асыру	Жыл бойы	Мектептің медициналық қызметкері
4	Мектептің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін бақылау және талаптарды жүзеге асыру	Жыл бойы	Мектеп директоры, мектептің медициналық қызметкері
5	Тамақтану тәртібін ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп директоры, мектептің медициналық қызметкері
6	Аурулардың алдын алу, денсаулықты сақтауға тәрбие, алкогольге және темекіге	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі

	қарсы күрес мәселелерін қоса алғанда мектеп оқушыларының гигиенасы тақырыбындағы лекциялар және әңгімелесулер, пікір таластар өткізу және санитарлық бюллетеньдер шығару		орынбасары, мектептің медициналық қызметкері, сынып жетекшілері
7	Мектеп қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыру және жүзеге асыру	Жыл сайын	Мектеп директоры
8	Көктемгі-күзгі кезеңдерде тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін қарастыру	Жылына 2 рет	Мектептің медициналық қызметкері, сынып жетекшілері
Салауатты өмір салтын насихаттау			
1	Тамақтану режимін ұйымдастыру (1-11-сыныптар). Тамақтану режимін сақтаудың маңыздылығы туралы әңгімелесулер	Жыл сайын қыркүйек	Мектеп директоры, тамақтандыруға жауапты адам, сынып жетекшілері
2	«Балалардың жас ерекшеліктері» – семинар. (1-4-сыныптар, 5-7-сыныптар, 8-9-сыныптар)	Қазан	Мектептің медициналық қызметкері, педагог-психолог
3	«Отбасындағы еңбек пен демалысты ұйымдастыру» сынып сағаттар	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілері
4	Жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, шаршаудың, жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешені. Балалардың жарақаттануының алдын алу	Әрдайым, жоспар бойынша	Сынып жетекшілері, мектептің медициналық қызметкері
5	«Жасөспірімдердің жасы мен психологиялық ерекшеліктері» семинары (8-11-сыныптар)	Қараша	Педагог-психолог, сынып жетекшілері
6	Сынып сағаттары: «Күн тәртібі. Бос уақытты ұйымдастыру»	Әрдайым, жоспар бойынша	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог
7	«Жасөспірімдердің жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтауы» әңгімелесу	Әрдайым, жоспар бойынша	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог
8	«Шынықтыру. Суық тию және жұқпалы аурулардың алдын алу» тақырыптарында дәрістер	Жоспар бойынша	Мектептің медициналық қызметкері, сынып жетекшілері
9	Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі «Қыстық спорт түрлеріне деген сүйіспеншілік» (әр түрлі жарыстар: шана, шаңғы, коньки)	Желтоқсан-ақпан	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
10	Жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтау бойынша әңгімелесулер: - 1-4-сыныптар; - 5-7-сыныптар. Дене шынықтыру дайындығы. Оның өмірдегі қажеттілігі туралы: - 8-9-сыныптар;	Жоспар бойынша жылына 2 рет	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері

	- 10-11-сыныптар		
11	Спорт секциялары туралы презентациялар. Балалар үшін спортпен айналысудың маңызы туралы әңгімелесулер. «Денсаулық және мамандық таңдау» тақырыбындағы әңгімелесулер	Жоспар бойынша	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог-педагог-психолог
12	Сыныптан тыс және мектептен тыс барлық іс-шараларға денсаулық сақтау мазмұнын еңгізу	Жыл бойы	Директордың оқу ісі, тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыс бойынша орынбасарлары, пән мұғалімдері
11	Каникул кездеріндегі уақытты ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
12	Бос уақытты мақсатты ұйымдастыру. Жазғы демалыс кезіндегі еңбек және демалыс (8-11-сынып)	Жыл бойы	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
13	Салауатты өмір салтын насихаттайтын қалалық және облыстық іс-шараларға қатысу	Жыл бойы	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
14	Білім алушыларды денсаулықты сақтауға және нығайтуға психологиялық қолдау көрсету (тәрбие жұмысын жүргізу, салауатты өмір салтына көзқарасты қалыптастыру жөніндегі іс-шараларға қатысу, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту)	Әрдайым, педагог-психологтың жұмыс жоспарына сәйкес	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, педагог-психолог, сынып жетекшілері, ата-аналар
15	Жағымды эмоциялық саланы психологиялық түзету, арт-терапия әдісін қолдана отырып, қолдың бейнелеу қимыл дағдыларын дамыту.	Әрдайым, педагог-психологтың жұмыс жоспарына сәйкес	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, педагог-психолог, сынып жетекшілері, ата-аналар
Психоактивті заттарды қолданудың алдын алу			
1	Сынып ұжымындағы оқушылардың эмоциялық жай-күйі мен ынталану деңгейінің, әлеуметтік-психологиялық жағдайының диагностикасы	Сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша	Педагог-психолог, сынып жетекшілері
2	«Таңдауды қалай жасауға болады?» тренинг	Жыл бойы	Педагог-психолог, сынып жетекшілері

3	Салауатты өмір салты туралы сынып сағаттары	Әрдайым, жоспар бойынша	Сынып жетекшілері
4	Салауатты өмір салты туралы фильмдер көру	Әрдайым, жоспар бойынша	Сынып жетекшілері
5	«Бізге қызықты әлем» буклеттер сайысы	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
6	«Психоактивті заттарды қолданудың және темекі қолданудың алдын алу», «Бұл әлем қандай керемет!» т.б. тақырыптарда сынып сағаттары, презентациялар сайысы	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
7	Электрондық форматта дайындау «Сурфактанттар мен сурфактанттардың алдын алу және темекі шегу», «Біздің әлем» хоббиі», «Бұл қаншалықты әдемі бейбітшілік!»	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
8	«Сыра және оған деген менің көзқарасым» атты алдын алу жұмысы (бейнефильмдерден үзінді көрсету арқылы)	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
9	«Адамның иммунтапшылық вирусы инфекциясы және жұқтырылған иммунтапшылығының синдромы (АИТВ/ЖИТС)» тақырыбында профилактикалық әңгімелесу (бейнефильмдерден үзінділер көрсету арқылы)	Жоспар бойынша	Медицина қызметкері/дәрігер, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
10	Репродуктивті денсаулықты сақтау үшін ...	Жоспар бойынша	Медицина қызметкері/дәрігер, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар
11	«Салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез құлық ережелері» ауызша журнал	Жоспар бойынша	Педагог-психолог, медицина қызметкері, сынып жетекшілері, ата-аналар

Дереккөз: file:///C:/Users/%D0%9D%D0%90%D0%9E45/Desktop/programma_zdorove.pdf

Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер:

- білім алушылардың физикалық және санитарлық-гигиена мәдениеті деңгейін көтеру;

- мектеп оқушыларының дене бітімі мен дене даярлығының деңгейін арттру;
- салауатты өмір салтын ұстану басымдылығын арттру;
- оқушылардың адамгершілік және психологиялық денсаулығының нығайту;
- білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, әр баланың тұлғасын моральдық-эстетикалық тұрғыдан жетілдіру;
- мектеп оқушыларының дене, моральдық, адамгершілік және әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігі мен қызығушылығын арттыру;
- дені сау балаларды тәрбиелеуде мектеп қызметін ата-аналардың қолдауы.

17-қосымша

Салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру моделі

Салауатты және қауіпсіз білім беру процесі	Мұғалімдердің, мектеп оқушыларының және олардың ата-аналарының денсаулығын сақтау мәдениеті	Мектеп оқушыларының денсаулығын түзету және оңалту
<ul style="list-style-type: none"> • сабақтың денсаулық сақтау технологиялары; • сабақ кестесі; • дене шынықтыру белсенділігі; • санитарлық-гигиеналық қамтамасыз ету; • мектептегі дұрыс тамақтану 	<ul style="list-style-type: none"> • педагогтердің денсаулығы; • педагогтердің санаты; • оқу пәндерінің мазмұны; • сабақтан тыс іс-әрекет; • ақпарат, жарнама; • ата-аналарды ақпараттандыру (ағартушылық жұмыс); • ата-аналармен бірге жүргізілетін іс-шаралар 	<ul style="list-style-type: none"> • тәуекел тобын анықтау; • жеке білім беру маршруттары; • сауықтыру бағдарламалары; • психологтың сүйемелдеуі; • әлеуметтік қолдау
Вариативтік компонент		
<p>Сабақ барысындағы денсаулық сақтау технологиялары</p> <ul style="list-style-type: none"> • дене шынықтыру минуттары көзге арналған гимнастика (1-11 сынып білім алушылары); • 1-4 сынып білім алушылары үшін ауладағы қозғалмалы ойындар; • дұрыс тамақтануды өзектендіру және енгізу (ас мәзіріндегі көкөністердің пайызын арттыру); • ойын элементінің үлесін ұлғайту есебінен қозғалыс белсенділігін дамыту үшін бастауыш мектепте 	<ul style="list-style-type: none"> • салауатты өмір салты бойынша мұғалімдерді мектепішілік оқытуды ұйымдастыру (сонымен қатар желілік өзара іс-қимылды, қашықтықтан оқытуды қоса алғанда); • денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ақпараттық алаң құру; • спорттық-сауықтыру бағдары шеңберінде қосымша білім беру; • денсаулық күнделіктерін жүргізу түрінде білім алушылардың спорттық даму динамикасына мониторинг жүргізу; 	<ul style="list-style-type: none"> • дене шынықтырудан босатылған білім алушылардың қозғалыс белсенділігін дамыту үшін жағдай жасау; • «Құқық бұзушылықсыз мектеп», «негізгі және жоғары сынып білім алушыларына арналған Арт-технологиялар» жобаларын іске асыру

<p>мектептен тыс іс-шаралар өткізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> • спорт мектептерімен өзара қарым-қатынас желісін орнату (спорт сыныптары) 	<ul style="list-style-type: none"> • негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің білім алушыларына арналған қозғалмалы акциялар мен флеш-мобтартар ұйымдастыру 	
--	---	--

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Оқушылардың репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғаудың халықаралық тәжірибесі.....	6
2 Репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша отандық тәжірибені зерттеу.....	22
3 Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	76
Қорытынды.....	103
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	104
Қосымшалар.....	107

**Мектеп оқушыларының репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз
мінез-құлқын қорғау**

Әдістемелік ұсынымдар

**Басуға 21.07.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 21.**